

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ:
МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУ, САБАҚТАСТЫҚ
ЖӘНЕ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО – РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН:
ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ, ПРЕЕМСТВЕННОСТИ
И РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 550-ЛЕТИЮ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА**

ПАВЛОДАР
2015

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63 (5Қаз)
К17

Редакция алқасының бас редакторы:

Өрсариев А. А., с.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Акишев А. А., Ахметова Г. Ф., Бегімтаев Ә. І.

Жауапты хатшы:

Марданова З. Ж., тарих ғылымдарының кандидаты, С. Торайғыров атындағы ПМУ профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі

Главный редактор редакционной коллегии:

Өрсариев А. А., д.полит.н., профессор, ректор Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова

Ответственный редактор:

Ержанов Н. Т., д.б.н., профессор, проректор по научной работе и инновациям Павлодарского государственного университета имени С. Торайғырова

Члены редакционной коллегии:

Акишев А. А., Ахметова Г. Ф., Бегимтаев А. И.

Ответственный секретарь:

Марданова З. Ж., кандидат исторических наук, профессор ПГУ имени С. Торайғырова, заведующая кафедрой «История Казахстана»

Қ17 Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған «Қазақ хандығы – Қазақстан Республикасы: мемлекеттіліктің қалыптасуы, сабақтастық және даму мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Казахское ханство – Республика Казахстан: проблемы формирования, преемственности и развития государственности», посвященной 550-летию Казахского ханства. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015. – 331 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-238-559-5

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63 (5Қаз)

ISBN 978-601-238-559-5

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2015

**Қадірменді конференция қатысушылар!
Құрметті әріптестер, студенттер қауымы!**

Баршаңызға мәлім, биыл еліміз үшін ерекше жыл. Ұлтымыз тарих сахнасына шығып, тағдырын қалыптастырып, бағдарын бекемдегені де бес жарым ғасыр өтіпті. Осы уақыт аралығында қазақ ұлты мәңгілік тарих пен тағдырды бастан кешті. Елордамыз Астанадан басталып 2000 жылдық тарихы бар Таразда жалғасып жатқан мерейтойында Қазақстан Республикасының Президенті – ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақ хандығының 550 жылдығы бүкіл халықтың мерекесі деген еді.

«2015 жылды ұлттық тарихымызды ұлықтау, бүгінгі белестерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы деп есептеу керек», – деген Елбасымыз, Қазақ хандығының 550 жылдығы мерейтойы қазақтың тарих қойнауынан өсіп келе жатқан ел екенін көрсетеді деп білдірді. Біз – Орта Азиядағы ежелден келе жатқан мемлекеттердің біріміз. Өкінішке орай, кезінде өз тарихымыздан ажырап қалған халықпыз. Осы уақытқа дейін біз тарихта орыс және батыс ғалымдарының жазбаларын пайдаланып келдік. Шын мәніндегі тарихты әр халық өзі жазуы керек. Олар бұрын тарихты орыстық көзқарас, батыстық көзқарас дүниетаным тұрғысынан жазса, енді біз өзіміздің көзқарасымыз бойынша Тәуелсіздік тұрғысынан қарап төл тарихымызды жазуымыз керек.

Қазақ тарихының тамыры тереңде жатыр. Ол Керей мен Жәнібек бастаған 200 мың адам Жетісуға бет алып, Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймақта қазақтың туын көкке көтергенінен басталған емес. Біздің ата-бабаларымыз Алтай тауларында үш мың жыл бұрын жасалған ескерткіштерінде өз танбаларын қойып кеткен. Олар Орхон-Енисейде табылған ежелгі ескерткіш беттерінде ұрпақтарына өз өсиеттерін руна жазбаларымен қалдырып кеткен. Мемлекет құрылуының 550 жылдығын атап өтуге арналған іс-шаралар мерейтойы ең алдымен азаматтардың патриоттық сезімдерін арттыру мен қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған. Біздің ортақ мақсатымыз – өткенді еске түсіре отырып, тарихи ұлы тұлғалардың ерліктерін насихаттап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, болашаққа бағдар беру. Жастарға айтатыным: болашаққа нық қадам жасау сіздер үшін университет қабырғасынан басталады. «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық» – деп президентіміз Н. Ә. Назарбаев айтып өткендей бұл ғасырда өмір сүріп отырған барша ұрпақ ғылым саласында өзіндік жол салар дара ұрпақ болуы тиіс. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын деп армандасандар, ата – бабаларымыз алдындағы парызымызға адал болсандар, мықты маман болуға тырысындар. Ғылым жолына нақты қадам басындар. Себебі, 21 ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры.

**С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры, с.ғ.д.**



А. Өрсариев

Уважаемые гости и участники конференции!

Общезвестна истина, что без прошлого нет будущего, и действительно, каждый период, прожитый страной, – лишь звено в общей исторической цепи. Выпадет звено – рассыплется цепь.

Мероприятие «Казахское ханство» еще раз подчеркивает что у Казахстана есть история сформировавшая характер и душу народа. Будущее Казахстана – связано с реализацией идеи «Мәңгілік Ел». Мы – страна Великой Степи с его богатой историей, с неразрывностью связи прошлого, настоящего и будущего. Сплоченность и единство – главная ценность нашего народа.

Стержнем непобедимого духа любого народа всегда выступали и выступают патриотизм и служение Отечеству, основанные на знании своего исторического прошлого. Ведь не зря говорят, что государство непобедимо, если его граждане знают историю страны, гордятся ею.

История Казахского ханства – предмет особой гордости и восхищения. Как отметил в свое время известный историк Т. И. Султанов, Казахское ханство было первым в Центральной Азии национальным государством, созданным ныне существующим народом, носящим его имя, а не его предшественниками или историческими предками. Государственность обеспечивала консолидацию казахского народа, оформление и сбережение его этнической территории, развитие духовной и материальной культуры. Современные казахстанцы, опираясь на фундамент прошлого и идеологию Мәңгілік ел, утверждающую преемственность и традицию, сегодня строят свою «страну Великой степи».

Наши предки ценой своих жизней оставили в наследство эту землю – основное для всех нас – способность и потребность честно работать. Работать профессионально и добросовестно, создавая всё то, что от тебя зависит. Не просто желание видеть свою страну сильной, богатой, успешной, но и желание ради этого работать, как умеешь. «Казахстанец будущего» – это высококлассный специалист, владеющий казахским, русским и английским языками, он социально активен, мобилен, не боится перемен. Уровень развития молодежи, ее культура, образованность – все это является стратегическим ресурсом XXI века, ресурсом гораздо более ценным, нежели природный или иной потенциал.

Сегодня в регионе ни одного крупного промышленного предприятия, где бы ни работали наши выпускники. Их имена известны далеко за пределами области. Завтра им на смену придете вы, нынешние студенты и магистранты, и от ваших знаний, активной гражданской позиции напрямую будет зависеть репутация первого вуза Павлодарского Прииртышья. Уверен, что вы оправдаете наши надежды и займете достойное место в жизни. Желаю вам честным трудом, прочными знаниями внести свой вклад в процветание нашего государства!

Ректор ПГУ имени

С. Торайгырова, д.полит.н.



А. Орсариев

Пленарлық отырыс Пленарное заседание

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

КӘРІБАЕВ Б. Б.

т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі, әл-Фараби
атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы бірнеше мың жыл бойғы тарихи даму үдерістерінің заңды қорытындысы болып табылады. Оның ішінде саяси және этникалық үдерістер басты рөлдер атқарады. Этникалық даму үдерісі XV ғасыр ортасында өз мәресіне жетіп, ұлттық сипаттағы этносты қалыптастырса, өз кезегінде ол этнос өзінің саяси қондырмасы ретінде өзінің төл мемлекеті – Қазақ хандығын қалыптастырады. Енді осы аталған үдерістерді жеке-жеке талдап көрелік.

Қазақ хандығының құрылуы бір оқиғамен және бір мезетте жүзеге асқан саяси үрдіс емес, керісінше, 10 жылдан астам уақытқа созылып, өз ішінде оқиғалардың дамуына қарай бірнеше сатыға бөлінген. Бөлініп кету – хандықтың құрылуындағы алғашқы және маңызды қадам болса, Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Қазақ хандығының билігінің толық және түпкілікті орнауы - хандықтың құрылуының аяқталғанын көрсетеді. Осы екі аралықтағы әрбір оқиға хандықтың құрылуы барысын кезеңдерге немесе сатыларға бөлуге мүмкіндік береді.

Бірінші сатыға – Керей мен Жәнібектің бөлініп кетіп, Моғолстанның батысындағы Шу өңіріне келуі және Керей хан болып сайлануы жатады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда бірінші саты – 1457 жылдың күзінің соңы қысының басы мен 1458 жылдың көктемі аралығын қамтиды.

Енді осы оқиғалар барысына терен үңілілік.

Хандықтың құрылу барысындағы алғашқы және өте маңызды оқиға – бөлініп кету болғандықтан бірден соған ауысайық.

Үз Темір тайшы бастаған қалмақтар жорығы 1457 жылдың жаз айларында болғандықтан, Әбілқайыр хан секілді Керей, Жәнібек және ордаежендік басқа да сұлтандар өздерінің қол астындағы ру-тайпаларымен бірге сол тұста күндерін жайлауда өткізіп жатқан.

Дерек мәліметтерінде баяндалғандай, Әбілқайыр хан қалмақтар жорығы туралы хабардың растығына көз жеткізгеннен кейін, ол жарлық шығарып, Бахтияр сұлтан мен Ахмед сұлтандарды әскердің басшысы етіп бекітеді. Кухистани Көк Кесене түбіне аттанған шибанилық сұлтандар мен шибанилық ру-тайпа басшыларының тізімін көрсетеді, бірақ онда ордаежендік әулет өкілдері мен ордаежендік әулетті қолдайтын тайпа атаулары кездеспейді [1, 168 б.].

Шайқастың нәтижесінен хабардар болған ордаежендік әулеттің басшылары Әбілқайыр тарапынан болатын қарсы әрекеттерді алдын-ала сезген. Мұхаммед Хайдар Дулати бір дерегінде «Жошы әулетінің кейбір сұлтандары одан келер бір пәлені сезіп, оны болдырмауға тырысты», - десе, келесі бір дерегінде «Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашты», - деп жазады. [2, 348 б.; 3, 305 б.; 110 б.]. Көріп отырғанымыздай, Әбілқайыр хан өзін қолдамағандарға қарсы жазалау шараларын жүргізген. Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханға қарсы топтың жетекшілері болғандықтан ханның негізгі соққы бағыттары өздері мен ұлыстарына бағытталғанын көре біліп, оны болдырмаудың жолы деп Моғолстанға кетуді ұйғарған.

Егерде Керей мен Жәнібек аздаған адамдармен кетсе, онда олар жылдың қай мезгілі болғанына қарамастан көшкен болар еді. Олардың соңында ордаежендік ру-тайпалардың бір бөлігі болуы себепті олар жылдың қай мезгілінде болса да ауа көшіп кете алмайтын еді. Көшпелі мал шаруашылығы ол тайпалардың негізгі шаруашылық түрі болғандықтан, олар тек жайлаудан қайтар кезде ғана көтеріле көшіп, бұрынғы дәстүрлі қысқы тұрақтарына емес, Моғолстанға бет алған. 1996 жылы белгілі археолог М. Елеуұлының Шу, Талас өңірлеріндегі ел аузынан жинаған тарихи аңыз-әңгімелерінің бір тобы ҚазМУ Хабаршысының тарих сериясында жарық көрді [4, 6-12 бб.]. Сол тарихи аңыз-әңгімелер арасында Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты екі дерек кездеседі. Бірінші аңыз «Сырдың бойынан тышқан жылы қара күзде бір түмен елімен ауа көшкен ағайынды Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс түсе Мойынқұмға кетіпті», - деп басталса, келесі бір аңызда «Қара күзде Сырдан қопарыла көшкен қалың елді Керей мен Жәнібек сұлтандар Мойынқұмға бастап кетіпті», - делінеді [4, 7-8 бб.]. М. Елеуұлы бұл аңыздардың бірін 1924 жылы туылған Шәуенов Жүзімқұл деген ақсақалдан 1976 жылы тамыз айында жазып алғанын, ал келесі аңызды 1899 жылы туылған Назарқұлов Жүнжұма деген ақсақалдан

алғанын айтады [4, 7-8 бб.]. Бұл жерде екі аңыздың мазмұнында «Тарих-и Рашидидегі» Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп кетуі жөніндегі дерекке ұқсастығы бар.

Ал «қара күз», «қыс түсе» деген сөз тіркесі қараша-желтоқсан айларын білдіретінін ескере отыра, бұл мезгілдің күзеу, күзеуден қыстауға ауысатын мезгіл екенін білеміз. Олай болса, аңыздағы мезгілді көрсететін мәліметті дұрыс деуге болады.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, Керей мен Жәнібек бастаған ру-тайпалар Сығанақ түбіндегі шайқастан кейін Әбілқайыр ханның қаһарынан қорқып, сол жылдың күз айының соңында дәстүрлі қыстауларына бармай, Шу өзенінің бойына келеді. Мұхаммед Хайдар Дулати «Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, қоныстануға Моғолстанның батыс жағындағы Шу өзені алқабындағы Қозыбасыны берді», - деп айтады [3, 110 б.]. Ал Махмуд бен Уәли бұл өңірді берудің себебін былайша түсіндіреді: «Сол кездерде Моғолстанда Шағатай хан ұрпақтарынан Уәйіс ханның ұлы Есенбұға хан билік жүргізіп тұрды. Сол тұста Әмір Темір курэканның ұлы Мираншахтың, оның ұлы Сұлтан-Мұхаммед мырзаның ұлы Әбу Сайд мырза Ирактан Жүніс ханды шақыртып, оған көмек пен жәрдем береді де, інісіне қарсы жібереді. Сол себепті Есенбұға хан билігінің негізіне сызат түсіп, соған байланысты бұл хан Жәнібек хан мен Керей хандардың келуін адамдар /үшін/ қайырымдылық пен ізгіліктің көзі деп санады. Ханзадалардың келуіне құрмет көрсетіліп, келісім берілгеннен кейін, хан оларға Моғолстанның батыс өңірін берді. Ол өңір Есебұға ханның /иелігі/ мен Жүніс ханның иктасы арасында болды. Бұл өңір Шу және Қозыбасы деген /атаумен/ белгілі болатын» [5, 352 б.]. Қозыбасы – Тарғаптың қарсы бетіндегі Қордайда орналасқан тау жайлауы [6, 265 б.]. Енді осы географиялық атауларды карта бойынша анықтасақ, онда Керей мен Жәнібектің Есенбұға ханнан алған аймағының шекарасы – Балқаш көлінің оңтүстік-батыс жағалауы мен Шудың төменгі ағысы бойындағы алқаптар арқылы, батысы – Талас өзенінен, шығыста Іле өзеніне дейінгі, ал оңтүстікте – Іле Алатауының солтүстік тау жоталары мен қыраттары арқылы өткен. Бұл аймақ – Есенбұға хан үшін біріншіден, оның Моғолстанның Жетісу жағындағы иеліктерін Андижан маңындағы Жетікент деген жерді иелікке алған Жүніс хан тарапынан болатын жорықтардан қорғап тұрса, екіншіден, дәл сондай міндетті Әбілқайыр хан тарапынан болар жорықтарға байланысты атқарып тұрды. Жүніс ханның Моғолстан аймағына жақын келуіне байланысты билігінің

іргесі сөгіле бастаған Есенбұға хан жоғарыда айтылған аймақты Керей мен Жәнібеке беру арқылы өзіне сенімді одақтас табады да, өмірінің соңына дейін тақ билігіне ағасын жолатпайды. Махмуд бен Уәлидің мынадай мәлімет осыны дәлелдейді: «Есенбұға ханның тірі кезінде /оған/ жоғарыда айтылған хандардың (Керей мен Жәнібекті айтып отыр – Б. К.) көмегі мен тірегі арқасында Жүніс хан төкәпарлықпен аяғын үзеңгіге сала алмады» [5, 353 б.]. Басқаша айтқанда бұл дерек мәліметі Жүніс ханның Моғолстанда Есенбұға ханның тірі кезінде хан бола алмағанын көрсетеді. Осылайша, 1457 жылдың соңында Керей мен Жәнібектің Моғолстанның батыс жағындағы Шу өңіріне келіп қоныс тебуі арқасында, Есенбұға хан ағасы Жүніс ханға қарсы өзіне сенімді одақтас табады да, 1461/62 жылы қайтыс болғанға дейін оның иелігіне ешқандай қауіп бола қоймайды.

Керейдің хан болып сайлануымен Қазақ хандығының құрылу барысындағы бірінші кезеңді аяқталды деуге болады.

Шарты түрде екінші сатыға – 1458 жылдың көктем айларынан – 1461/62 жылға дейінгі, яғни Есенбұға хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатады.

Осы аралықта Қазақ хандығының қалыптасуы барысындағы маңызды оқиғаларға мыналарды жатқызамыз. Біріншіден, Моғолстанның батыс жағында мемлекет құрып алған ордаежендік тайпаларға Әбілқайыр ханға наразы немесе оған қарсы шыққандар бірте-бірте Керей мен Жәнібек хандарға келіп, қосыла бастайды.

Жүніс ханның Моғолстан тағын иеленуге бағытталған алғашқы әрекеті сәтсіздікке ұшырайды. Есенбұға ханның өз тағын сақтап қалуына Қазақ хандығы да өз септігін тигізеді. Қазақ хандығы Махмуд бен Уәлидің жазғанындай «Есенбұға ханның иелігі мен Жүніс ханның иктасы аралығында орналасып», Жүніс ханға бүкіл Жетісу тайпаларының қосылуына кедергі жасайды.

Дулатидың көрсетуі бойынша Жүніс хан Әбу Сайд мырзаға екінші рет қайтып келгенде моғол әмірлері оның маңына қайта топтаса бастайды. Ол Жетікентте тұрақтап қалады. «Бірақ Есенбұға ханға тиеселі иеліктерге кіруге батылы бармайды» [3, 117 б.].

«Тарихи-Рашиди» авторының осы мәліметі Жетісудың батыс жағында құрылған Қазақ хандығының елеулі саяси күшке айналғанын көрсетеді. Сөйтіп, Қазақ хандығы сол жылдары Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі оқиғаларға тікелей араласпа да, саяси күш ретінде ондағы билік үшін күресуші топтар арасында танылады, Қазақ хандығын олар мойындауға мәжбүр болады. Бұл –

біздің ойымызша, Қазақ хандығының құрылуы барысының екінші сатысындағы ең басты жетістігі болып табылады.

Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі үшінші сатыға 1461/62-1469/70 жылдар аралығы жатады. 1461/62 жылы моғол ханы Есенбұғаның қайтыс болуымен және оның мұрагері Досмұхаммедтің хан тағына келуімен Моғолстанның ішкі саяси өмірінде күрделі өзгерістер жүреді де, ол өзгерістер Қазақ хандығына да ықпал етеді. Енді осы мәселені теренірек қарастыралық.

«Есенбұға хан ажалы жетіп дүниеден озған соң, орнына ұлы Дос Мұхаммед хан патша тағына отырады. Оның жасы он жетіде болатын. Ол парасатты адамдар қатарына жатпайтын, көптеген істері ақылға қонбайтын еді, оның үстіне бір сәт болса да мастықтан есін жинаған емес. [Мисра]:

«Жүретұғын жері лас, отыратын тағы лас,

Ақылды жан аулақ жүр, жынды бүгін тағы мас!», – деп Мұхаммед Хайдар Дулати оның жеке басына осындай сипаттама сөздерді қосып жазады [3, 115-116 бб.]. Мемлекетті басқару ісіндегі негізгі принциптердің еленбеуі, жас ханның ішкі саясатында белгілі бір мақсаттың, жүйеліліктің болмауы Моғолстанның Шығыс Түркістан жақ бөлігіндегі әмірлер арасында жіктер мен алауыздықтарды туғызады.

Жетісудағы Қазақ хандығы үшін осы жылдар бір жағынан саяси күш ретінде күшею, көршілерге танылу жылдары болса, екінші жағынан алғанда, алғашқы тарихи сындарға төтеп беру жылдары болып саналады. Әбілқайыр ханға наразы болған жекеленген ру-тайпалардың Қазақ хандығына келіп қосылуы осы жылдары да жалғаса береді. К.А. Пищулина осыған қатысты мынадай ойды білдіреді: «... Жәнібекпен және Кереймен көптеген жошлық сұлтандар, сондай-ақ ру-тайпа басшыларының өкілдері Моғолстанға келді. Көшіп кету одан кейін 15 жылдай уақытқа созылды, әсіресе ол процесс 1468 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін күшейе түсті» [7, 252 б.].

Осылайша, «көшпелі өзбектер» ханның көз алдында кеше ғана одан бөлініп кеткен қарсыластары Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханнан бөлініп кетушілер есебінен әрі көбейе, әрі күшейе түседі. Басқаша айтқанда, Әбілқайыр ханның ұзақ жылдар бойы соғыстар арқылы күшпен қалыптастырған мемлекетінің іргесі оның көз алдында сөгіле бастайды. Ол мемлекеттің күйреу процесін тоқтатудың бірден-бір дұрыс жолы деп Моғолстанның батыс

жағындағы Қазақ хандығын жоюды қажет деп тауып, өмірінің соңғы жылы өзінің соңғы жорығын жүргізеді.

Әбілқайыр ханның бұл жорығының «көшпелі өзбектер» елінің тарихында, Қазақ хандығының құрылуы тарихында алатын өзіндік бар.

Махмуд бен Уәли жорықтың нақты қай жылы және қай айда басталғанын айтпаса да, оны жорық барысындағы кейбір оқиғалармен салыстырулар арқылы анықтауға болады. Ханын қайтыс болған жылы мен айы – 874 жылғы қыстың алғашқы айы болса керек. Ол қазіргі жыл санау бойынша – 1469 жылдың желтоқсанына сай келеді [5, 359-360 бб.]. Осыны ескере келе Әбілқайыр хан жорықты 1469 жылдың күзінің басында бастаған деп санаймыз.

Махмуд бен Уәли Әбілқайр ханның жорыққа дайындығы туралы былай деп баяндайды: «... Кенеттен ол (Әбілқайыр хан-Б.К) моғол сұлтандарының билігіндегі Моғолстанның қалған жерлерін бағындыруды ойластырып, әскер жинауға жарлық береді. Хан жорығына сәйкес барлық ел мен ұлыстардағы басшылар айтылған уақытта өздерінің ондықтарымен, жүздіктерімен және мыңдықтарымен Еділ бойындағы хан ордасына келуі тиіс болды» [5, 358-359 бб.]. Махмуд бен Уәли Әбілқайырдың жорыққа аттанған, әскерінің жиналған жері деп Еділ өзенінің бойын өз дерегінде біршама атап өтеді [5, 359 б.]. Одан ары жорықтың жүрген бағытына үңілсек, Әбілқайыр хан Еділ өзені бойынан аттанып, Ала-Так маңынан өтеді де, Қызыл Надыр жайлауының жолымен жүре отырып, бірнеше асулардан асады. Одан ары Жеті Құдық деген жерге келіп тоқтайды [5, 359 б.]. Қызыл Надыр жайлауы Талас өзенінің төменгі ағысында, қазіргі әкімшілік жүйе бойынша Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының шекаралары түйіскен жерде болған [5, 552 б.]. Көрсетілген географиялық атаулар бойынша Әбілқайыр ханның жорық бағыттары: Еділ-Алатау-Қызыл Надыр-Жетіқұдық арқылы жүрген болып шығады. Енді осы жорық бағытына карта бойынша көз салсақ, Әбілқайыр хан мол әскерімен Еділ бойынан аттанып, Алатау маңына жеткен, одан ары кейін оралып, Қызыл Надырға барған да, қайтадан 180 градусқа бұрылып, Жетіқұдық деген жерге келіп тыныстаған. Дешті Қыпшақты бес саусағындай жақсы білетін «көшпелі өзбектер» ханы қалың қолымен бұлайша жүрмеген. Біздің ойымызша, жорық бағытындағы географиялық атауларды көрсетуде дерек авторы, не болмаса деректі көшірушілер тарапынан қателіктерге жол берілген. Егерде

біз жорық басталғандығы географиялық атауларды дәл анықтасақ, онда жорық бағыты анық айқындалады да, Әбілқайыр ханның соңғы жорығының қайда және кімге қарсы бағытталғандығын нақты біле аламыз. Олай болса, алдыменен жорықтың бағытындағы географиялық атаулардың көрсетілуіне көңіл аударалық.

Алдыменен Әбілқайыр ханның жорықты бастаған жері – Еділ өзенінің атауына тоқталалық. Еділ өзені – Дешті Қыпшақ аумағындағы ең белгілі, ең танымал өзендердің бірі. Ортағасырлық деректерде бұл өзен – Итил, Атил деген атаулармен кездеседі. Махмуд бен Уәли еңбегінде Әбілқайыр ханның әскер жиған жері Еділ өзенінің бойы деп жазылса да, біз оны дұрыс деп есептей алмаймыз. «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиардан» үзінді аударып, жері басқа бір өзеннің жағасы болған, ол көшірушілер тарапынан өзгеріске ұшыраған» деп есептейді [8, 552 б.]. Біз де ғалымның осы пікірін қостай отырып, Әбілқайыр ханның Еділ өзені бойында әскер жиюы мүмкін еместігін мынадай дәлелдермен келтіреміз.

Сонда Әбілқайыр хан Шығыс Дешті Қыпшақтың қай өзен бойында әскер жинаған? деген заңды сұрақ өз-өзінен туындайды. Біздің ойымызша, ол өзен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болған, сондай-ақ ол өзеннің айтылуында, не жазылуында Еділ сөзіне ұқсастығы болған. Сонымен қатар ол өзен жергілікті жердегі кішкене өзендердің бірі емес, Дешті Қыпшақ пен Мауереннахрға танымал Сырдария, Ертіс, Жайық, Шу, Талас, Жем секілді өзендердің бірі.

Тобыл өзені бойынан Моғолстан бағытына қарай баратын жолдағы екінші географиялық атау – Ала-Таг деп аталады. Біз бұл атауды Алатау емес, Орталық Қазақстандағы Ұлытау деп қабылдаймыз. Араб әріптеріндегі дауысты а,ә,ұ,ү, дыбыстары бір ғана әріп, / – алифпен берілгендіктен «ала» сөзін «ұлы» деп оқимыз. Ал «таг», «так» сөзінің көне түрік тілінде «тау» деген мағанасын білдіретіні көпке мәлім. Сонда дерек мәліметіндегі Ала-Так сөзі – Ұлытау сөзі болып шығады. Шынында да, Тобыл бойынан Моғолстан жаққа апарар ең қысқа және түзу жол Ұлытау арқылы өтеді. Алдыңғы бетте Қызыл Надырдың қай жерде екендігін айтып өттік. Осы анықталған үш географиялық нүкте арқылы: Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр бағыттарымен түзу сызық жүргізсек, онда Әбілқайыр ханның жорығы Моғолстанның Жетісу аймағының батыс жағындағы Қазақ хандығына қарсы бағытталғанын байқаймыз.

Әбілқайыр ханның әскер жию туралы жарлығынан кейін, әскердің жиылуы, оларды тексеру және соншама мол әскермен

Тобыл-Ұлытау-Қызыл Надыр арқылы жүру біршама уақытқа созылады. Хан әскерлері Қызыл Надырдан Жетісуға қарай бірнеше асу жер жүріп, Жетіқұдық деген жерге жеткенде күн суыта бастайды. Соған қарағанда, Әбілқайырдың жорық жасау жөніндегі шешімі мен жарлығы жаздың соңында шығып әскердің жиылуы мен аттануы күз айларында болған. Махмуд бен Уәлидің: «... осы мезгілде қалың қар түсіп, құйындата жанбыр жауды және күшті жел соғып, суық ең жоғарғы белгіге жетті»,- деген дерегі күздің соңы немесе қыс айының басталғанын көрсетеді [5, 359-360 бб.]. Одан әрі ол биылғы қыстың басқа жылдармен салыстырғанда өте суық және қар аралас жаңбырлы болғанын айтып өтеді [5, 360 б.].

Суыққа қарамай Әбілқайыр хан жорықты жалғастырып, ұлдарының бірі Көшкінші сұлтанды әмір Жұлдыз тархан, Хасанбек ойрат, Жәлел оғлан, Сатылмас найман, Сейітбек қоңырат, Темір маджар, Тошбек Қыпшақ және тағы да басқа әмірлермен бірге әскердің авангарды ретінде алға жібереді. Аққышпақ деген жерге жеткен кезде суықтың күшейгені соншалық, хан әскерін сақтау үшін жорықты тоқтатуға мәжбүр болады. Осы кезде Әбілқайыр ханның өзі де суықтан қатты ауырып, емшілердің қолданған еміне қарамастан Аққышпақ деген жерде қайтыс болады. Махмуд бен Уәли оның өлген жылын «елу жеті жасында 874 (1469 шілде – 1470 маусым) жылы, тышқан жылында»,- деп көрсетеді [5, 361 б.].

Осылайша, Әбілқайыр ханның соңғы жорығы өз мақсатына жетпей, ханның қайтыс болуымен аяқталады. Сөйтіп, Қазақ хандығына төнген қауіп, өзінен-өзі сейіледі.

Біз Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы, төртінші сатыға Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан қазақ билеушілерінің Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында билігі толық орныққанға дейінгі аралықты жатқызамыз.

1470-ші жылдан бастап Қазақ хандығы Моғолстанның саяси қамқорлығынан шығып, дербес, толыққанды мемлекет атануға мүмкіндік алады. Шығыс Дешті Қыпшақ, Мауереннахр аумақтарында және Моғолстанның Шығыс Түркістан аймағындағы саяси жағдайлар оған өте қолайлы алғышарттар әзірлейді. Дос Мұхаммед ханның қайтыс болуынан кейін моғол тағына ешбір қиындықсыз Жүніс хан отырады. Бірақта оған алғашқы кездерде моғол әскерлерімен тіл табысу қиындықтар туғызады. Ол туралы «Тарих-и Рашиди» авторы былай деп баяндайды: «Сол күндері Жүніс хан бірнеше рет Қашқарға барды, алайда Моғолстан әмірлерінің ешқайсысы Қашқарда тұрақтай алмады. Хан шарасыздықтан қайта

оралған болатын... Ол жөніде қысқаша мынаны айтуға болады. Жүніс хан Қашқарда шаһарда тұруды армандайтын. Бірақ моғолдың әскері мен әмірлері қаладан қашқақтаған-ды. Сол себепті де хан Моғолстанда тұруға мәжбүр болды. Сансыз мырза өлген соң, Мұхаммед Хайдар мырза Жүніс ханмен жақындасты. Осы екі арада Дос Мұхаммед хан да өлді. Жүніс хан Ақсуға барып, Дос Мұхаммед ханның халқын өзіне қаратады...

Алайда Жүніс хан Ақсуда қалғысы келетін еді, себебі Ақсу Моғолстанға қарағанда қалаға ұқсайтынды. Бірақ моғолдардың жүріс-тұрысынан бұлар егер біршама уақыт тұратын болса, елдің көңілінің Сұлтан Кебек оғланға (Дос Мұхаммедтің ұлы –Б. К.) ауатынын байқайды. Сондықтан хан амалсыздан бар елін Моғолстанға әкетуге мәжбүр болды» [3, 117-118 бб.]. Осылайша, 1470-ші жылдардың басында Жүніс хан Моғолстан ханы боп мойындалса да, ол моғол әмірлері арасындағы алауыздықтарды тоқтата алмайды.

Ал Әбілқайыр ханның қайтыс болуынан кейін «көшпелі өзбектер» еліндегі этносаяси ахуал мүлде шиеленісіп кетеді. Бұл туралы жазба деректерде мынадай мәліметтер кездеседі. «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабында «Әбілқайыр хан қайтыс болған соң өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды», – делінсе, екінші кітабында «Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды», – деп сипатталады [3, 110 б.; 306 б.]. Әбілғазы болса, «Оның (Әбілқайырды айтып отыр- Б.К.) ұлдары мен немерелері көп еді, көп дұшпан оларға да қол сұқты, балаларының бірнешеуін өлтірді, қалғандары төрт жаққа қашты. Көп елінің барлығын тоз-тоз қылды»,- деп жазады [9, 126 б.].

Бұл туралы өте қысқа болса да маңызды мәліметті Мұхаммед Хайдар Дулати да береді. Ол Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейінгі оның еліндегі алауыздықтарды баяндай келе, былай деп жалғастырады: «Жұрттың көпшілігі Керей мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалды. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп айта бастайды» [3, 110 б.]. «Тарих-и Рашидидің» тағы бір жерінде ол «әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады. Олар осылай күшін нығайтты»,- деп сипаттайды [3, 306 б.]. Бұл дерек мәліметтері Әбілқайыр ханның өлімінен кейін «көшпелі өзбектер» елінде таққа таласушы екі топтың арасында кәдімгідей күрестердің жүргендігін көрсетеді. Кезінде Керей мен Жәнібек хандарға әртүрлі себептерге

байланысты ілесе алмаған ру-тайпалар енді жаппай түрде көше бастаған секілді. Жаңадан қосылушылар есебінен Қазақ хандығының күші де өсе бастайды. Біздің ойымызша, олар ордаежендік және шибандық ру-тайпалар болған.

Жетісудағы Қазақ хандығы болса осы жылдары бұрынғы Орда Ежен ұлысының аумағына қайта келеді. Жоғарыда айтып өткен Бұрындықтың жорығы осы аумақтағы шибанилық сұлтандардың үстемдігіне қарсы бағытталып, оларды сол аумақтан кетуіне мәжбүрлеген. Бұрынғы өңірлеріне қайта оралған қазақ билеушілері Шығыс Дешті Қыпшақтың батыс, солтүстік-батыс өңіріндегі шибан Ұлысын толықтай жоюға кіріседі. Т. И. Сұлтановтың көрсетуі бойынша Шайх Хайдар ханның билігі өте қысқа болып, ол ұрыстардың бірінде қаза табады [10, 129 б.].

«Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», «Фатх-наме», «Шайбани-наме», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», «Түрік шежіресі» секілді деректерде Шайх Хайдар ханға Сібір ханы Ибақ пен Үлкен Орда ханы Кіші Мұхаммед ханның ұлы Ахмед хан бірігіп жорық жасайды, олар жеңіске жетіп, ханды өлтіреді деп айтылады [11, 20 б.; 12, 57 б.; 13, 99 б.]. Осылайша, Шайх Хайдар ханның өлтірілуімен Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы шибани әулетінің билігі де күйрейді. Көптеген әмірлер мен бектер жан-жаққа тарап кетсе, әулетке адал бір топ адам әулет өкілдерін Астрахань хандығына апарып паналатады. Бірақ ол жақта да ұзақ тұра алмай, қарсыластардың тықсыруымен қашып-пысып жүріп, арқыры Сырдың орта ағысы бойындағы Түркістан аймағына келеді [5, 362-363 бб.]. Сөйтіп, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы жалғыз саяси күш – Қазақ хандығы болып санала бастайды. Белгілі зерттеуші Т. И. Сұлтанов бұл жөнінде былай деп тұжырымын береді: «Өзбек Ұлысының көп бөлігі билік Керей мен Жәнібектің және олардың жақтастарының қолына өтті. Жазба дерек мәліметтерін терең талдау бұл тарихи оқиғаның 875 (1470-1471) жылы болғандығын көрсетеді» [14, 129 б.].

Біз де осы тарихи дерекпен келісе отыра, Қазақ хандығының құрылу кезеңіндегі соңғы саты аяқталды деп санаймыз. Моғолстанның саяси шеңберінен шығып, Қазақ хандығы енді осы жылдан бастап Шығыс Дешті Қыпшақтағы жеке, дербес мемлекетке айналады да, бүкіл аймақтағы саяси қарым-қатынастардың субъектісі ретінде көріне бастайды.

Енді қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы мәселесіне тоқталалық.

Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңі бұған дейін айтып өткеніміздей, XIV ғасырдың ортасы мен XV ғасырдың ортасы аралығына сай келеді. Монғолдар үстемдігі дәуіріндегі этникалық дамулардың заңды қорытындысына монғолдық этноэлементтердің қыпшақтану процесінің аяқталуы, соның нәтижесінде жаңа этноқауымдастықтың қалыптасуы жатады. Ол этноқауымдастықтың «өзбек» деп аталғандығын жазба дерек мәліметтері дәлелдейді. Дешті Қыпшақ аумағындағы XIV-XV ғғ. этникалық дамулар барысы өзбек этноқауымдастығынан «көшпелі өзбектер» атты этнобірлестікті туғызса, ал одан өз кезегінде XV ғасырдың ортасында жеке халық ретінде қазақ этносы бөлініп шығады.

Қазақ этногенезінің соңғы кезеңі Ақ Орда аумағындағы этноүдерістермен байланысты. Орда Ежен ұлысының негізінде құрылып, Алтын Орданың құрамында болған Ақ Орда хандығының аумағы шамамен алғанда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына сай келеді. XIV ғасырдың ортасына дейінгі Алтын Орда тұрғындарына қатысты айтылған қыпшақ атауының Ақ Орда тұрғындарына да қатысы бар. Одан кейінгі өзбек атауының да сол қанат тұрғындарына қатысты.

Жошы ұлысы құрылғаннан XV ғасырға дейінгі аралық Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында салыстырмалы түрде саяси тұрақтылықтың ұзақ уақыт бойы сақталуы, қыпшақтану процесінің аяқталуы, дәстүрлі шаруашылық түрлерінің сақталуы, жергілікті тайпалардың бөрінің исламды қабылдауы, осылардың бәрі осы аймақта біртұтас, ортақ саяси, рухани, этникалық, экономикалық кеңістіктің қалыптасып, дамуына әкеледі. Ал ол өз кезегінде этникалық процестерге оң ықпал жасап, олардың өзара жақындасуына, бірігуіне, сол арқылы ортақ халықтық сана-сезімді туғызды. Ақ Орда аумағының Өзбекстан деп аталуы, оның тұрғындарының жалпылама атаумен өзбек делінуі соның дәлелі.

Өзбек атауы біз қарастырып отырған кезең ішінде жиынтық мәнде болғандықтан, оның құрамына енген ру-тайпаларды анықтаудың маңызы ерекше.

XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүретін тұрғындардың бөрінің өзбектер дей келе, «Өзбектерге үш тайпа жатқан, олардың бөрі Шығыс ханның иеліктеріндегі ең мықтылары болып саналады. Қазіргі кезде [олардың] бірі – шибаниттер, бірнеше аталарынан кейін оларды мәртебелі хан (Мұхаммед Шайбани ханды айтып отыр – Б. К.) басқарып отыр. Екінші тайпа – қазақтар, олар бүкіл

әлемге күштерімен және ержүректіліктерімен данқы шыққан, үшінші тайпа – маңғыттар, олардан астрахандық хандар шығады», - деп «көшпелі өзбектер» қауымдастығын жіктеп береді [15, 62 б.]. Рубиханның осы мәліметіне қатысты алдын-ала мынадай ескертпе мен түсініктеме беруді жөн деп есептейміз. Оның тайпа деп айтып отырғаны, қазіргі біздің түсінігіміздегі тайпа емес, одан жоғары және кең мағынадағы ұғым. Қазіргі түсініктер бойынша Рубихан жазып отырған өзбектерді этноқауымдастық деп санасак, онда оның тайпа деп отырғанына тайпалық одақтар сай келеді. Сонда біз автордың жоғарыдағы мәліметін «өзбектер үш үлкен тайпалар тобынан немесе бірлестігінен тұрады» деп қабылдауымыз керек. Келесі бір түсіндірмеге мынау жатады. Автор өз шығармасын 1509 жылы жазып, XV ғасырдың оқиғаларын өткен шақ тұрғысынан баяндап тұр. Қазақ хандығы құрылып, қазақ атауы халықтың атауына берілгенге дейін, яғни XV ғасырдың 50-70-ші жылдарына дейін қазақ сөзінің этникалық мәні болған жоқ. Сол себепті де «өзбектердің екінші тайпасы – қазақтар» деген мәліметті дұрыс түсінген жөн.

Ал енді өзбек этноқауымдастығындағы үшінші тайпалар тобына тереңірек тоқталалық. Рубихан бұл топтағы тайпаларды қазақтар деп атағанын жоғарыда айттық. Қазақ атауы ол тайпаларға Қазақ хандығы құрылғаннан кейін, яғни XV ғасырдың 60-шы жылдарынан кейін берілгені белгілі. Қазақ атауы этникалық мәнге ие болмай тұрып-ақ «көшпелі өзбектер» құрамында бұл тайпалар бірлестігі болған.

Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуына «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырап, одан ордаежендік тайпалар тобының бөлініп шығуы, сөйтіп олардың қазақ деген этникалық мәндегі атаумен жеке дербес саяси құрылымға этникалық негіз болуы алып келеді.

Қазақ этносының тарих мінберіне көтерілер қарсаңындағы Дешті Қыпшақтағы этникалық процестерді сол аумақтағы саяси тарихтың дамуларынан бөле қарау мүмкіне емес, сол себепті де біз, халықтың қалыптасуы барысындағы соңғы кезеңнің мәресі тұсында этникалық процестерге тікелей әсер етіп, оны тездеткен саяси оқиғаларды жалпылама түрде болса да негізге ала отыра, «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығының ыдырауын этносаяси тұрғыда қарастырамыз.

Өзбек этноқауымдастығының ғұмыры Әбілқайыр хандығының саяси тарихымен тікелей байланысты болды. Мемлекеттің әлсіреуіне

байланысты бұл этноқауымдастықтан оның құрамындағы тайпалар тобы бөліне бастайды. Өзбек этноқауымдастығының ыдырауы қазақ халқының қалыптасуының аяқталып, қазақ этносының тарих мінберіне көтерілер алдындағы этносаяси жағынан ең маңызды оқиға болып саналады. Сол себепті де аз уақыт болса да Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық тайпаларын біріктіре алған бұл қауымдастықтың күйреуі, ыдырау процестеріне үнілелік.

Әбілқайыр хандығының күшеюінің ең шырқау шегі XV ғасырдың 40-шы жылдарының екінші жартысына сай келеді. Көп ұзамай бұл мемлекеттің тарихында келесі кезең – ыдырау және күйреу кезеңі басталады.

1449 жылы Әбілқайыр ханның сенімді серігі, әрі одақтасы Оқас би қайтыс болғаннан кейін оның мұрагерлері «көшпелі өзбектер» құрамында қалғысы келмей, бірден бөлініп кетеді. Біз бұны «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығындағы алғашқы бөлініс деп атаймыз.

Екінші бөлініс 1457 жылы жүзеге асады. Әбілқайыр ханның қалмақтардан жеңілісінен соң шибанилық әулеттің бір тармағына жататын Буреке сұлтан әкесі Йадгарды хан сайлап, Сырдың төменгі ағысы бойы мен Арал маңында жеке хандық құрады.

Үшінші бөлініс – ордаежендік тайпалардың бөлінуі болды. Ордаежендік тайпалар алғашқы кезден-ақ Әбілқайыр ханға қарсы болғаны белгілі. Кухистанидың мәліметінде 1428-1457 жылдары ханға жасақ қосқан тайпалар арасында ордаежендік тайпалар атауы кездеспейді.

Ордаежендік тайпалардың Әбілқайыр ханға деген наразылығы Сығанақ түбіндегі шайқасқа дейін жабық түрде болып келсе, шайқастан кейін ол ашық түрге ауысады. Ал ортағасырлардағы Дешті Қыпшақ аумағындағы тайпалардың билікке қарсы ашық түрдегі күресінің біріне – оның әскеріне қарсы тұру болса, екіншісіне – ханнан бөлініп, көршілес елдердің біріне көтеріле көшіп кету жатады. Ордаежендік тайпалар күрестің осы екінші түрін қолданады. Сөйтіп, маңғыттардың бөлініп кетуінен кейін, ордаежендік тайпалардың да «көшпелі өзбектер» этноқауымдастығынан бөлінуі – біріншіден, Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси-этникалық мәндегі өзбек этноқауымдастығының ыдырағандығын, екіншіден, осыдан бөлініп шыққан этнотоптың жаңа бір этносты – қазақ атты этносты тарих мінберіне шығарғандығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылған пікірлеріміз этникалық дамудың объективті барысын көрсетсе, ол дамудың бағыт-бағдары, ауқымы, екпіні,

жылдамдығы көп жағдайда саяси факторлармен тығыз байланыста болады. Ордаежендік тайпалар тобының сол тұстағы жетекшілері, Орда Ежен әулетінің өкілдері Керей мен Жәнібек сұлтандардың осы этносаияси процестерде өзіндік мүдделері болғаны белгілі. Оған ең алдыменен, әрине, бұрынғы Ақ Орда хандығы тұсындағы Орда Ежен әулетінің билігін қалпына келтіру жатты. Осылайша, XV ғасырдың бірінші жартысындағы этносаияси процестердің дамуы барысында саяси күштердің мүддесі мен этникалық топтардың мүддесі бір арнаға тоғыса келе, жаңа, ұлттық сипаттағы мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы мен ұлттық сипаттағы этнос – қазақ халқын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тарих-и Абу-л-Хайр-хани. //МИКХ.
- 2 **Мырза Мухаммед Хайдар**. Тарих-и Рашиди /Введ. перевод с персидского. А. Урунбаева, Р. П. Джалиловой, Л. М. Епифановой. – Ташкент, 1996. – 728 с.
- 3 **Мұхаммед Хайдар Дулати**. Тарих-и Рашиди. (Хақ жолындағылар тарихы). – Алматы, 2003. –6 16 б.
- 4 **Елеуұлы, М.** Шу өңірі: аңыз бен тарих. // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. № 3. -1996. - 6-12 бб.
- 5 Бахр ал – асрар фи манакиб ал-ахйар.// МИКХ.
- 6 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1. (У в. до.н.э. – ХУІІІ в.н.э.) – Л-М: 1935.
- 7 **Пищулина, К. А.** Юго-Восточный Казахстан в середине ХІУ- начале ХУІ веков. –Алма-Ата, 1977.
- 8 **Пищулина, К. А.** МИКХ.,
- 9 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 208 бет.
- 10 **Кляшторный, С. Г., Султанов, Т. И.** Казахстан: Летопись трехтысячелетий. – Алматы, 1992.
- 11 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме. //МИКХ.
- 12 Фатх-наме. //МИКХ.
- 13 Шайбани-наме. //МИКХ.
- 14 **Султанов, Т. И.** Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001.
- 15 **Фазлаллах ибн Рубихан Исфхани**. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя) /Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А. К. Арендса. – М., 1976. – 196 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТАБЫНДАР

ҚАЛЫШ А. Б.

т.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы к.

Шығу тегі мен тарихына қысқаша шолу. Көптеген ежелгі түркі тайпалары сияқты табындар да өз дамуының бастапқы кезеңінде Алтай, Моңғолия жерлерін мекендеген болуы әбден мүмкін. Бұл сақталып қалған кейбір жер-су аттарынан да көрінеді. Мысалы, Алтай тауының ең биік шыңдарының бірі Табын-Богдо-Ола деп аталады. Бұл моңғол тілінде «Бес тәңір тауы» дегенді білдіреді. Сол манда атауы қазақ құрамындағы Шөмішті Табын атауына ұқсас Чумыша Табун өзені де бар. Моңғол Алтайы өңірінде де Табын атауымен байланысты жер-су аттары өте көп кездеседі. Аталған аймақта Табын-белчир, Табын-тологой таулары, Алтайдың шығыс жалғасы – Алтайн-нуру жоталарынан оңтүстікте, Қобда өзені (Батыс Моңғолия) алабында Табын-обо (Бесоба), бес тау өзенінен түзілетін Буянту өзенінің жоғарғы жағында Табын-сала аңғарлары болған [1, с. 58, 65, 140, 330-331].

«Табын» сөзінің өзі моңғолша «бес» деген мағына береді, соған қарағанда алғашында бес тайпадан тұрған бірлестік болуы да мүмкін.

ХІ ғ. атақты ғалым Махмұд Қашқари табындарды түркілердің бөлек бір қауымы ретінде сипаттаған, ғұламаның оларды жеке көріп-біле отырып осылайша суреттеуі табындардың тілдік мәселесіне нүкте қойғандай.

Зерттеушілердің арасында «табын» этнонимінің шығу төркінін табыну, сиыну мағынасын беретін көптеген түркі халықтарына ортақ «табын, тапын» сөздерінен іздеген талпыныстар да байқалды. Бұл жерде осы сөздің ортағасырлық жазба ескерткіштерде кездесетініне баса назар аударылады. Біздің ойымызша, «Табын» этнонимін аталған сөзден іздеудің ешқандай қисыны жоқ, «табыну» сөзі аты айтып тұрғандай іс-қимылды білдіретін жүздеген етістіктің бірі ғана болып табылады.

«Табын» этнонимінің шығу тегін іздеуде, оны жоғарыда айтылған «татаб» халқының маңынан қарастырған анағұрлым дұрыс болып табылатын сияқты. Жазба деректердегі татаб халқы табындардың арғы ата-бабалары болуы әбден мүмкін. VIII ғ. татабтар Күлтегін жазба ескерткішінде есімдері біршама айтылатын, сол кездегі көптеген түркі тілдес халықтармен байланыста болған

ірі тайпалардың бірі. Атау ұқсастықтарынан бөлек, бұл халықтың мекендеген өңірлері, көшпелі тұрмыс-салттары ежелгі табындарды көрсететіндей. Ежелгі татабтар мекендеген өңірлерде XVIII ғ. басына дейін дербес табунут халқының өмір кешуі де соның айқын дәлелі ретінде қабылдануы тиіс деген ойдамыз. Біздің ойымызша, батыс өңірлерге жаппай қоныс аударған табындардың негізгі топтарынан бөлініп қалып қойып, XVIII ғ. басында ғана көршілес бурят және моңғол халықтарының құрамына сіңіп кеткен табунут халқы ежелгі татабтардан қалған жұрнақ болуы мүмкін. Белгілі тарихшы Т. Омарбеков те көне түркі жазба ескерткіштеріндегі татабтарды табын ретінде түсінуге болатындығын жазады [2, 133 б.]. Ру-тайпалар тарихын зерттеген башқұрттың ірі ғалымы Р.Г. Кузеев те өзінің ертеде жарық көрген іргелі еңбегінде табын атауының Күлтегін жазбасындағы татаб этнонимінің өзгерген түрі болуы мүмкін екендігін жазған болатын [3, с. 255].

Осылайша, табындардың тарих сахнасына сонау VII-VIII ғғ. шыға бастағаны күмән тудырмайды.

Қазақ ғалымдары С. Аманжолов, М. Мұқанов, В. Востров, башқұрт ғалымы Кузеев табындардың қазақтың Ұлы жүзі құрамына енген Дулат, Албан (Үйсін одағы), Жалайыр, Қаңлы руларымен ерте кезде тығыз байланыстарда болғандығын атайды. Қазақ құрамындағы Табынның үш ірі тармаққа бөлінетіндігі белгілі, олардың үшеуінің де жеке өз таңбалары бар. Табынның Тарақты тармағының – тарақ таңбалы, Шөмішті тармағының – шөміш таңбалы және Тартулы тармағының – көсеу таңбаларының тиісінше Ұлы жүздегі Жалайыр, Албан, Дулат және Қаңлы руларының таңбаларымен ұқсас келуі шынында да белгілі бір ойларға жетелейді. Сонымен қатар, шөмішке жақын таңба Арғын, Найман ру бөлімдерінде де кездеседі. Олардың арасында VIII-X ғғ. бізге белгісіз тарихи-саяси қарым-қатынастардың орын алғанын жоққа шығара алмаймыз. Кейіннен қазақтың Жетіруын құраған табындардан басқа руларда да Ұлы жүз, кейбірінің Орта жүз руларымен таңба, ұран ұқсастықтары кездеседі.

Жетіру – Кіші жүз бірлестігі болып саналғанымен қазақтың шежіре дәстүрінде Кіші жүздің ұйтқысы Алшын одағына жатқызылмайды. Сонымен қатар, Жетіру руларының таңбалары Алшынға кіретін Әлімұлы және Байұлы руларының таңбаларынан мүлдем өзгеше, мұны таңбалар кестесіне назар аударған кез келген адам да аңғара алады. Осыларға қарап, табындарды да, Жетірудың басқа руларын да шамамен VIII-X ғғ. моңғол далаларында, Алтай

мен Жетісуда кейіннен Ұлы жүзді құраған аталған рулармен тығыз қатынастарда болған деп шамалауға болады. Олардың қазіргі мекендері Батыс және Орталық Қазақстан өңірлеріне қоныс аударуы шамамен X-XI ғғ. басталып, бұл көші-қон Жетісу жері арқылы іске асқан болуы мүмкін. Ежелден Жетісу өңірін жайлаған Үйсін одағының, олардың түп атасы саналатын Майқы бидің табындарға қатысты да айтылуы осы кезеңде орын алса керек. Кузеев табындардың батысқа жылжуын олардың алдымен Қара Ертіс бойына, сонан соң Жетісуға бағыт алуымен түсіндіреді және бір қызығы бұл процесі олар сонау Түрік қағанаты дәуірінде дулаттармен бірге өткізген деп есептейді. Бұл пайымды ғалым башқұрт аңыз-әңгімелерін негізге ала отырып айтқан. Оның пікірінше, табындардың арғы ата-бабалары Түрік қағанатының өрлеу кезеңінде дулаттармен бірге Жетісуға жылжып, осы жерде ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы үйсіндермен өте жақын қарым-қатынастарда болған [2, 261 б.].

Табындардың Қыпшақ мемлекетінде жеке хандық құрулары туралы мәлімет қызығушылық туғызады. «Алаш» орталығы шығарған «Табын» кітабында бұл мәлімет одан әрі толықтырылып, Табын хандығының шамамен 1180-1206 жж. болғандығы және Жайық пен Ертіс аралығын, оңтүстігінде Үстірт далаларына дейінгі аймақты алып жатқаны жазылады. Тіпті Дешті Қыпшақ ішіндегі Табын хандығының картасын да қоса береді [2, 182-183 бб.].

Табындар Қазақ хандығының негізін қалаған рулардың бірі. Кіші жүздің барлық руларын бірдей қазақ ұлысына Батыс Қазақстандағы көрші Ноғай Ордасынан (Ноғайлы) кейінірек келіп қосылды деп біржақты шешім шығаруға болмайды. Әр рудың өзіндік тарихи тағдыры, өсіп-даму жолы болды, бұл әсіресе Жетіру тайпаларына қатысты. Бірқатар рулардың Орталық Қазақстандағы Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығында болып, 1456 ж. соңғысынан бөлініп шыққан алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібекпен бірге аталған өңірден Жетісуға қоныс аударуы мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Тіпті аталған тұлғалармен көшпей, Ақ Ордада қалып қойғанның өзінде олар біршама күшейген соң өз ата-бабалары билеген ата қоныстары – Арқа өңіріне (Орталық Қазақстан) қайта оралып, оны Қазақ Ордасына қосқан Керей мен Жәнібекпен бірге алғашқы қазақ мемлекетінің негізін қаласқан. Соның ішінде, табындарды Қазақ хандығын құрушылардың бірі болды деп санауға толық негіз бар...

Орталық Қазақстандағы Жезқазған өңірінде, Сарысу өзенінің төменгі жағында Таңбалы тас деп аталатын жер бар. Бұл Отан тарихындағы аса маңызды орындардың бірі, осы жерде қазақтың рулары ұзақ уақыттар бойы тарихи құрылтайлар өткізіп, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді қарастырып отырған. Ел арасында бұл жер қасиетті, киелі орын саналған. Осы жердегі жартас беттеріне ертедегі қазақ рулары маңызды жазбалар қалдырған, ру таңбаларын басқан. Осындай жартас беттерінің бірінде басқаларынан ерекше көзге түсетін бір жазба болған, онда қазақтың іргелі алты руы өздерінің бұдан былай бір халық болып біріккендіктерін айғақтайтын жазулар қалдырып, қосымша таңбаларын салған. Өздерін алғаш рет жеке ел ретінде жариялаған осы алты рудың бірі – Табын болатын.

Таңбалы тас ескерткіші XVIII-XIX ғғ. орыс саяхатшыларына да таныс болған, Орталық Қазақстанда болған бірқатар зерттеушілер оны әдейілеп барып көріп, сипаттаған (А. И. Шренк, М. М. Иванин, Ю. Шмидт т.б.). Алайда, ескерткіш арнайы зерттелмеген. Аталған ескерткішті 1895 ж. әуесқой зерттеушілер ақмолалық әскери дәрігер А. Кузнецов пен аудармашы Х. Бекхожин арнайы іздеп барып, жазуларын оқып, көшірмесін алған. Олардың көшірмесі бойынша онда: «Қара Найман, Алшын, Арғын, Қаракесек, Қойсын, Табын... Құдайым құрмет қылсын алтауына», – деп жазылған [4, с. 87-88].

Аталған ескерткішті 1930-1935 жж. белгілі геологтар Қ. И. Сәтпаев пен В.А. Селевин де барып көріп, зерттеген. Қазақтың тұңғыш академигі Қ.И. Сәтпаев Таңбалы тас туралы: «Халықтың аңызы бойынша дәл осы жерде, рулардың қазақ деген жаңа елді құрамыз деген алғашқы тарихи жиналысы болған. Сол кеңестің шешімі бойынша жартас бетінде кеңеске қатысқан ру-тайпалар рулық таңбаларын салған», – деп жазады [5, с. 46]. Бұған қоса ғалым Жезқазған-Ұлытау өңірінде қазақ халқын құраған үш жүздің де жері тоғысатындығын атаған. 1934 ж. Таңбалы таста болған Селевин ондағы таңбаларды жолбасшысы екеуі қазақ таңбалары ретінде оқыған.

Таңбалы тас ескерткішін зерттеушілердің ішінде атақты ғалым, академик Ә. Х. Марғұлан да бар. Ол орыс тілінде жазылған өз мақаласында жазбаны төмендегідей аударған: «Кипчаки, найманы, алчины, арғыны (каракесек), уйсуну (куйсын) и табыны! О дай благоденствие этим шестерым!». Жазбада аталған рулар туралы ғалым былай деп көрсетеді: «...В ней упомянуты все главнейшие племена трех жузов, от Старшего – уйсуну (дулаты и канглы в то время находились в государстве тимуридов), Младшего – алчын

с сильными племенами табын (остальные племена Младшего жуза находились еще в Западном Кипчаке), Среднего – арғыны с сильнейшей фратрией кара-кесек, служившей основным войском улуса Ак Орды при потомках Урус-хана, племена кипчаков и найманов и кереев» [6, с. 5].

Ә. Х. Марғұлан бұл тарихи жердің аңыздар мен жырларда «қазақтың ұран шақырып, қазақ болған жері» деп аталатынын атап өтіп, оны XV ғ. жатқызады. Алты рудың аталуын дәстүрлі «Алты Алаш» одағымен де байланыстырады. Ескерткіштегі жазбалардың арасында Ақ Орда хандары Ұрыс ханның, Қойыршықтың, Барақтың т.б. көптеген тұлғалардың есімдерінің кездесетіндігіне назар аударады. Кіші жүздің басқа руларын әлі де «Батыс Қыпшақта» деп көрсеткен ғалым, бұл атау арқылы Батыс Қазақстан (Ноғайлы) өңірлерін меңзеп отыр. Қазақ даласы XVI ғ. дейін Қыпшақ даласы немесе Дешті Қыпшақ деп аталғаны белгілі, «қыпшақ» атауының орнына кейіннен «қазақ» атауы қолданылған.

Жоғарыдағы мәліметтерге қарап, Табын аталықтарының тұңғыш қазақ мемлекеттігінің негізінің қалануына тікелей ат салысқанын көреміз. 1895 ж. Кузнецов пен Бекхожин көшіріп алған суретте ескерткішке табындардың Тарақты, Шөмішті, Тартулы тармақтарының да таңбалары салынған. Сонымен қатар VII-VIII ғғ. көне түркі жазбаларындағы «Татаб» түріндегі, XI ғ. М. Қашқари еңбегіндегі «Тарбын» түріндегі ұшырасуларын қоспағанда, бұл «Табын» атауының XV ғасырмен мерзімделетін нақты өз атымен алғаш рет аталуы болып табылады. Жазбаларда XIV-XV ғғ. Ақ Орда мемлекетінің, жалпы бүкіл Ұлы Даланың белгілі қайраткерлері Ұрыс (Орыс), Қойыршық, Барак хандардың аталуы Таңбалы тас ескерткішінің сол кезеңдерге жататындығын айқын дәлелдейді.

Осылайша, қазақтың алғаш ұран шақырып, дербес ұлт болған қасиетті жерінде Табын руы бүкіл Кіші жүз атынан жеке-дара аталып, таңбалары басылған. Бұл оның басқа рулар санасатын мықты әрі көп санды ру екендігімен қатар сол қоғамдағы алатын орнын да айқын көрсетеді. Қазақтың бірнеше ондаған ірі руларының арасынан іргелі Арғын, Найман, Қыпшақ, Үйсін руларымен қатар аталуы, табындардың да солармен терезесі тең дәрежеде болғандығын айғақтайды. Назар аударарлық тағы бір жайт, ескерткіштегі жазбалар табындардың XV-XVI ғғ. Орталық Қазақстанда болғандығынан хабар береді. Әрине, сол замандарда кейінгі XVIII ғ. Құлтөбе өңірі сияқты роль атқарған Таңбалы тас манайларына, айтулы жиындарға Батыс Қазақстаннан жергілікті

рулардың өкілдері арнайы барып, таңбаларын қалдырған болуы да мүмкін. Дегенмен біздің ойымызша, табындар аталған кезеңде Кіші жүз құрамына әлі кірмеген.

Табындар Кіші жүз құрамында. Қазақ жүздерінің құрылуының өзі Отан тарихында әлі де толық шешімін таппаған күрделі де қызықты мәселелердің бірі болып қала беруде. Зерттеушілер жүздердің құрыла бастауын шамамен XVI-XVII ғғ. жатқызады. Жүздердің құрылуының алғышарттары пайда бола бастаған сол дәуірде, Кіші жүздің ең алғашқы негізін Алшын одағы құраған болуы керек. Әлімұлы және Байұлы рулары кіретін бұл одаққа Жетіру кірмейді. Бұл оның Кіші жүз құрамына кейіннен барып қосылғанын тағы бір дәлелдейді. Ә. Х. Марғұлан жазбадағы Табын руын Алшын атынан аталды деп әдетте бүкіл Кіші жүзді осы одаққа жатқызатын қалыптасып кеткен дәстүр бойынша көрсеткен. Жетіру руларының таңбалары да Алшын ру таңбаларынан мүлдем өзгеше, керісінше Ұлы жүз таңбаларына өте ұқсас. Бұл Жетіру руларының белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты Кіші жүзге кейіннен қосылғанынан хабар береді.

Кейбір ауызекі деректерде Жетіру одағы «қарт қазақ» аталады. Бұл атаудың тегіннен шықпағаны белгілі, оның түпкі мағынасында бізге белгісіз бір сырлар жатқандығы сөзсіз. Біздің ойымызша, Жетіруға кіретін рулар XV ғ. екінші жартысы – XVI ғ. шамасында Орталық Қазақстан мен Батыс Қазақстанның оған шектес далаларында көшіп-қонып, сол кезеңдердегі Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы процесіне белсене қатысқан. Олардың «қарт қазақ» атануы содан болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, оларға бұл атауды Қазақ хандығы құрамына сәл кейінірек енген Алшын (Әлім мен Байұлы) рулары берген болуы да мүмкін. Олардың шығыс жақтан, қазақ ордасы өңірлерінен келген бірлестікті өздерінен ажыратып «қарт қазақ» деп атауы шындыққа жанасатын сияқты. Сонымен қатар жоғарыда бірер атап өткеніміздей, Жетіру одағының өзі әдетте айтылатын XVIII ғ. емес, одан әлдеқайда бұрын қалыптасқан деп есептейміз. Тайпалардың саны бойынша бірігіп аталу дәстүрі сонау түркі-қыпшақ дәуіріне кететін болса, қазақтың Жетіру одағы қазақ жүздері қалыптаса бастаған XV ғ. соңы – XVI ғ. негізі қаланып, сәл кейінірек дербес одаққа айналған.

XII-XIII ғғ. Табын тармақтары Дешті Қыпшақ даласының қазіргі Батыс Қазақстан аумақтарында қоныстанған деген шешім айтылды. Бірақ, Ұлы Дала тарихы тұтастай халықтар мен ру-тайпалардың үдере қоныс аудару процестерінен тұратындығы

белгілі. XV-XVI ғғ. саяси жағдайларға байланысты бірқатар рулар бір ұлыс аумағынан көршілес екінші ұлыс аумақтарына өтіп, қоныс ауыстырып тұрғандары күмәнсіз. Бұл қазақ-ноғай ұлыстарының қатынастары турасында да айтылды. Сол себепті, Табын руының және Жетіруға жататын басқа да рулардың бір бөліктері XV-XVI ғғ. Батыс Қазақстаннан бөлек, Ұлытау мен Бетпақдала өңірлерін де мекендегені туралы болжам жасауға болады.

Бұл туралы сақталған тікелей фактілер болмаса да, жанама мәліметтер кездеседі. Мысалы, ата-бабалардан жеткен бір үзік мәлімет бойынша Жылқышы Табынның Байғазы батыр бастаған ұрпақтары қазіргі мекендері – Қобда-Елек бойларына Көкшетау өңірлерінен шамамен XVI ғ. келген делінеді [7]. Бірақ нақты дерекке сілтеме жасалмағандықтан бұл мәліметті әзірге қуаттай алмаймыз.

Табындар дәстүр бойынша Жетірудың үлкені саналады. Бүкіл қазақ руларын бір туған ағайынды адамдар ретінде сипаттайтын аңыз-әңгімелерде Табын мен Тама Сәдір есімді адамнан туған ағайындылар ретінде сипатталып, Табын Таманың інісі ретінде аталады. Бірақ қарт шежірешілердің айтулары мен шындыққа жақын келетін мәліметтер бойынша негізінде Жетірудың ішінде жолы үлкені – Табын. Бұл олардың Жетіру ішінде көнелігінен де, сан жағынан да, үш таңбалы тармақтарының көптігінен де қалыптасқан дәстүрлі тұжырым. Бұл туралы халық фольклорында мәліметтер баршылық. Қазақ әдебиетінде ерекше терең мән-мағыналы насихат сөздер қалдырған алаштың біртуар ақиық ақыны Кердері Әбубәкір (XIX ғ.) өзінің қазақ шежіресіне арнаған жыр жолдарында да осы туралы жырлаған:

Бұ сөзімнің дұрысын
Шежіреден табады.
Жағалбайлы, Телеу бар
Табын деген аға-ды,
Рамазан мен Кердері
Керейт пенен Тама-ды,
Жеті аталы Жетіру
Сонда санға толады.
Жетірудың үлкені

Табын болса керек-ті... [8, 257 б.]

Қазақ табындары Тартулы, Тарақты және Шөмішті деп аталатын үш ірі тармаққа бөлінеді. Бұл тармақтар атаулары олардың таңбаларына қатысты қойылған. Шежіре бойынша аталған үш тармақтың бұлардан бөлек өз атаулары да бар: Тартулы – Ағым,

Таракты – Тоғым және Шөмішті – Бозым аталады. Бірақ бұл атаулар көп қолданылмайды, әдетте тек таратуда таңбаларға байланысты алдыңғы атаулар кең тараған. Тартулыны кейде таңбасына қарай Көсеулі деп те атайды. Сонымен қатар Сыр бойы табындарының өзіндік атаулары да болған, ондағы Тартулы бөлімі (Теке т.б. аталықтар) – Оңтаңбалы Табын аталса, Сыр өңірін жайлаған Шөміштінің Тоқсиық бөлімі – Терістаңбалы Табын аталған. Бұлар да таңбаларына байланысты қойылған атаулар екені дау тудырмайды, XIX ғ. Сыр бойына қатысты мұрағат деректерінде олар осылай аталады.

Шежіре дәстүрінде Табынның үш тармағы ішінде Тартулы үлкені болып есептеледі, одан кейін Таракты, Шөмішті – ең кішісі саналады. Кердері Әбубәкірдің жоғарыда келтірілген толғауында да осылайша таратылған.

Қазақ табындарының ұраны – «Тостаған», бұл олардың ортақ ұраны болып табылады. Бұл ұранның атауы кәдімгі тостағанға ұқсас шөміш таңбадан шығуы мүмкін. Кейбір әдебиеттерде бұл ұран Тостаған есімді әйел адамның есімінен де шығарылады. Қалай болғанда да «Тостаған» табындардың ертеде қалыптасқан ортақ ұраны екені даусыз сияқты. Осы ортақ ұранмен қатар табындардың негізгі ту тіккен өңірлерінде өз жеке ұрандарының болғаны туралы деректер бар. Сыр бойы табындарының ұраны – «Сәрке» болса (Гродеков бойынша), 1960 ж. Батыс Қазақстанды зерттеген этнографиялық экспедиция батыс табындарының ұраны – «Алаш» екенін жазып алған. Кей деректерде Шөмішті тармағының ұраны – «Барак» екендігі айтылады. Алаш – бүкіл қазаққа ортақ ұран, оның батыс табындарында (Тартулы, Таракты) ру ұраны ретінде кездесуі қызығушылық туғызады. Сәрке мен Барак Шөмішті Табыннан шыққан белгілі тарихи тұлғалар, ел қорғаған батырлар. Олардың есімдері уақыт өте келе ру ұранына айналған, сәйкесінше олар өмір сүрген XVIII-XIX ғғ. ғана пайда болған.

Табынның үш ірі тармағының өз жеке таңбалары бар екені айтылды. Рулар таңбасының пайда болуы, олардың тарихы өзектілігі жағынан сол ру-тайпалар тарихының өзінен кем түспейді. Таңбалар тарихын зерттеу – тарих пен геральдика саласындағы күрделі салалардың бірі. Отан тарихында бұл сала өте аз зерттелген. Табындар үш таңбалы, олар – көсеу, тарак және шөміш таңбалары. Бұл атаулар әлбетте олардың сырт белгілеріне қарап кейіннен қойылған атаулары екені аңғарылып тұр. Негізінде бұл үш таңба да өз бастауларын сонау сақ-сармат дәуірлерінен алатын өте көне

таңбалар болып табылады. Тарак таңба – ерте заманнан патшалар таңбасы ретінде белгілі болған. Ұлы Дала тайпалары арасында кеңінен тараған бұл таңба, кейіннен б.з. I-II ғғ. Солтүстік Қара теңіз бойындағы Боспор мемлекеті патшаларының таңбасы болған, X-XII ғғ. орыстың Рюриковичтер әулеті князьдерінің (Ярослав Мудрый, Юрий Долгорукий, Святослав Игоревич т.б.) таңбасына айналған. Патша гербтеріне, монеталарға, қыш ыдыстарға салынған. XIII ғ. тарак таңба Шыңғысхан әулетінен тараған хан-сұлтандардың таңбасы ретінде белгілі болып, қазақ сұлтандары арасында XIX ғ. соңына дейін қолданылған. Тарак таңба сұңқар бейнесінен шыққаны белгілі, оны аңыз бойынша түркі тайпаларына Майқы би таратқан. Көсеу және шөміш таңбалары да көп тараған ежелгі таңбаларға жатады. Бұл таңбалар да сармат дәуірінен белгілі болған. Тарак пен шөміш таңба, аз мөлшерде көсеу таңба кейіннен Солтүстік Кавказдағы кабарда, черкес, абхаз, абазин, қарашай, балқар князьдерінің таңбасына айналған. Оларға бұл таңбалар Қырым хандарынан тараған болу керек. Таңбалар жеке тақырып болып табылатындықтан оларға тиянақты тоқтала алмаймыз. Аталған үш таңба да башқұрт, ноғай, өзбек, қарақалпақ, моңғол т.б. түркі-моңғол халықтарында кездеседі.

Қазақта «ноқта ағасы» деген ұғым бар. Дәстүр бойынша қазақтың үш жүзінің рулары ішінде өз нокта ағасы белгіленген, бір қызығы олардың үшеуі де тарак таңбалы. Ұлы жүздің нокта ағасы тарак таңбалы Жалайыр руы болса, Орта жүзде – Таракты (Арғын), ал Кіші жүзде бір таңбасы тарак болып келетін Табын руы саналады. Кіші жүзде әдетте Әлім одағының жолы үлкен болып есептелетіні белгілі, бірақ табындардың да аға ру болып саналатыны туралы ауыз әдебиеті мен басқа да дерек көздерінде біршама айтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Потанин, Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии. – Вып. 1. – СПб., 1881.
- 2 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. 1-кітап. – Алматы, 2006.
- 3 Кузеев, Р. Г. Происхождение башкирского народа. – М., 1974.
- 4 Кузнецов, А. О надписи на камне Тамгалы Тас в пустыне Бетпак-Дала Атбасарского уезда Акмолинской области // Записки Семипалатинского отдела Географического общества. Вып. – XVI. – 1927.
- 5 Сатпаев, К. И. Доисторические памятники в Джезказганском районе // Избранные труды. – Т. 5. – Алма-Ата, 1970.

6 Селевин, В. А. Введение в естественно-историческое изучение Бетпак-Дала. Серия «Результаты Бетпакдалинской экспедиции САГУ». – Вып. 1. – Ташкент, 1935.

7 Маргулан, А. Х. О значении эпиграфических памятников Казахстана // Известия АН КССР. Серия филологических наук. – 1983. – № 2.

8 Бергазин, А. Көк найзалы Жездібай // Ақтөбе. – 1999. – 24 наурыз.

9 Кердері Әбубәкір. Қазағым. – Алматы, 1993.

МНОГОТЫСЯЧЕЛЕТНЯЯ ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА И НАЧАЛО ЕЕ ЛИКВИДАЦИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ

КАБУЛЬДИНОВ З. Е.

д.и.н., профессор ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, Ученый секретарь
Национального конгресса историков, г. Астана

В последнее время со стороны ряда зарубежных политиков, общественных деятелей «неожиданно» и «вдруг» появились некоторые сомнения насчет наличия в далеком прошлом государственности на территории Казахстана.

В этой связи мы должны четко уяснить для себя и все громче заявить на весь мир однозначную и никакому дальнейшему обсуждению не подлежащую аксиому: на территории Казахстана, как минимум, на протяжении почти трех последних тысячелетий существовала государственность на местной прототюркской, тюркской и кыпчако-казахской основах. В различные исторические эпохи эти государственные образования существовали и назывались по-разному: от сакских раннегосударственных образований до современного независимого Казахстана. При этом местный этнический компонент с присущим ему языком, антропологической спецификой, особенной ментальностью, уникальной толерантностью, религиозными воззрениями, бесценными обычаями и обрядами, а также специфичным хозяйственно-культурным типом оставался, в основном, стабильным и неизменным, местным и не ввезенным ниоткуда.

По-разному определялись и границы с соседними государствами: по горам и рекам, озерам и лесам, а уже сегодня - по унифицированным по всему миру – пограничным столбам.

Удержать и защитить огромную территорию, вмещающую сегодня практически всю Западную Европу или пять Франции, было посильно только сильным государствам с отборным населением, имеющим не только великий дух стремления к свободе, но и великолепные и непревзойденные воинские качества: мужество и храбрость, отвагу и героизм, честь и достоинство, силу и волю.

Рабы или крепостные крестьяне это сделать никак не могли. Здесь, в степи, каждый должен был быть не только воином, но и свободолюбивым, надежным и верным оплотом государства. В противном случае, нас бы поглотили в сложном и непростом геополитическом водовороте военно-политических событий последних трех тысячелетий. Мы выжили и победили, пройдя через толщу тысячелетий, обеспечив преемственность государственности, языка, культуры, письменности, этнического ядра и далее обязательно пронесем их на будущие века и тысячелетия, не дав исчезнуть великой и жизнеутверждающей идее «Мәңгілік ел», высеченной нашим непосредственными предками – средневековыми тюрками еще на величественных каменных стеллах в местности Отюкен, что располагается на территории современной Монголии.

Многовековая история государственности казахского народа и их непосредственных предков - кыпчаков, тюрков, тюркоязычных гуннов и саков - убедительнейшее свидетельство тому, что наши усилия были не напрасны и были однозначно направлены на защиту каждой пяди родной земли. При этом мы практически не проявляли излишней и навязчивой агрессии и не осуществляли грубой экспансии по отношению к другим соседствующим народам, особенно близким по языку, религии и культуре. Видимо, в этом кроются наша сила и мужество, единство и братство, величие и гордость, гуманизм и горячее стремление к свободе и независимости.

Как свидетельствуют артефакты, найденные на Ботае, более 5 тысяч лет на территории Казахстана впервые была приручена лошадь и свободный человек, на коне, совершил переворот в военном искусстве, торговле, дипломатии. Давая высокую оценку места наших предков - кочевников в мировой истории знаменитый Вебер А. (1883-1964) никак не смог удержаться от восхищения их героическими деяниями: «Мировая история творилась под аккомпанемент топота громадных масс стратегической конницы кочевников». Кстати, эта оценка в первую очередь относится нам, казахам, казахстанцам, сохранившим великую

скотоводческую цивилизацию вплоть до политики насильственной коллективизации...

У нас есть свой неповторимый почерк в истории. Для этого только-только наступает интересный период. Мы активно по всему миру ищем новые источники по древней и средневековой истории. Мы пишем свою историю, которая в период существования советского строя была в большей степени предана полному забвению. Тогда любые попытки «приблизиться» к истории, заканчивались плачевно. К примеру, выдающийся историк Ермухан Бекмаханов был репрессирован, получив длительный срок заключения только лишь за попытку изучения одного «кусочка» нашего прошлого, связанного с деятельностью хана Кенесары...

Действительно, наши предки - саки, гунны, тюрки, кыпчаки, а теперь уже и казахи сыграли и продолжают играть самую заметную роль в развитии всемирной истории. Об этом наиболее ярко и беспристрастно написал великий французский мыслитель Ш.Монтескье, который в силу превалярования в Европе евроцентрических воззрений никак не должен был об этом заявлять: «Ни один народ в мире...не превзошел татар (тюрков) своей славой или величием... Этому победоносному народу недостает только историков для прославления его чудесных деяний. Сколько бессмертных подвигов погребено во мраке забвения! Сколько они основали империй, которых происхождения мы даже не знаем!». Действительно, недостаточное количество историков и их острая нехватка не всегда позволяет нам адекватно и правильно освещать наше прошлое.

Образование в 1465 году Казахского ханства является одним из первых национальных государств на территории Центральной Азии и одним из очередных и важных этапов длинной череды и смены государств на местной основе...

И только лишь постепенное наступление Российской империи на земли Казахского ханства на некоторое время ликвидировало традиции почти трехтысячелетней государственности в Великой Степи. Как проходил процесс ликвидации государственности и лишения независимости? Какие условия породили негативный сценарий развития политических событий в Великой Степи? Почему Казахское ханство, появившееся раньше, чем Российская империя, стала легкой добычей последней?

Тяжелая и затяжная война с Джунгарией, затянувшаяся почти на более 100 лет, хотя и закончилась внушительными

победами народного ополчения, но успех все же не был закреплен. Междоусобные трения казахских ханов и султанов за власть привели к тому, что в нее была втянута и Российская империя. Последняя искала удобного случая присоединения Казахстана к России, чтобы обрести «врата в Азию».

Хан Младшего жуза Абулхаир, обделенный и оскорбленный при выборах общеказахского хана, энергично начал искать пути укрепления своей единоличной власти в Казахском ханстве. В этих условиях, когда степная элита предпочла ему, крупному военачальнику, сделавший много на поприще войны с джунгарами, решил... воспользоваться поддержкой Российского государства. В данном случае личностный фактор сыграл свою решающую роль. Не на последнем месте было и желание хана усмирить и обуздать воинственный пыл калмыков, башкир, джунгар и уральских казаков, нередко выступавших на территорию подвластную хану.

Но в условиях той эпохи принятие подданства в глазах кочевников воспринималось как военно-политический союз двух государств, но при полной внутренней и внешней политике, без ликвидации государственности. Этот шаг предполагал союзнические отношения двух стран под гегемонией более сильного – российского государства [1].

По - другому и несколько иначе понимала понятие подданства усиливавшаяся Российская империя: ей нужен был «небольшой росчерк пера под протекцией» дальше –обычная экспансия и вовлечение свою колониальную орбиту, что и действительно позднее и произошло. Она не останавливалась и открытым подкупом, для чего выделялись до «миллиона рублей»

С целью сближения с российскими властями в сентябре 1730 года в Петербург прибыло посольство Абулхаира во главе с батыром Сеиткулом Койдагулулы и бием Кутлумбетом Коштайулы с посланием к императрице Анне Иоановне о принятии Младшего жуза в подданство России. Принятие российского подданства предполагала и прекращение нападений северных соседей на казахские улусы: волжских калмыков, башкир и уральских казаков. Хан ожидал и получения разрешения на кочевки казахов на правобережье Яика.

Депутация Абулхаира была принята с большими почестями. Гости были одарены дорогими подарками. Для России были созданы самые благоприятные условия для включения Младшего казахского

жуза в состав империи, чем незамедлительно воспользовалась Российская империя. К этому времени в состав России уже были включены волжские калмыки, Кабардинское княжество.

19 февраля 1731 года российской императрицей Анной Иоановной была подписана грамота о принятии казахов Младшего жуза в российское подданство. При подписании данной грамоты были оговорены ряд условий. Во-первых, казахи Младшего жуза обязывались исправно платить ясак по примеру башкиров. Во-вторых, со стороны других подданных России должны были прекратиться набеги на казахов. В-третьих, в случае нападения на казахов «неприятелей» Россия обязывалась защитить казахов. В-четвертых, Абулхаир должен был вернуть пленных российских подданных, а с калмыками и башкирцами жить в мире и согласии. Но позднейшие события показали, что почти ни один из этих пунктов с обеих сторон не был выполнен. Каждая сторона хотела получить свои преференции и выгоды. Подданство имело формальный характер. Но самое главное: о никакой ликвидации государственности не было и речи.

Для приведения казахов к присяге царское правительство 30 апреля 1731 году отправило к Абулхаиру из Петербурга посольство во главе с А. И. Тевкелевым. Последний получил инструкцию, склонить правителей Младшего жуза к подданству. Не исключалась и возможность прямого подкупа верхушки Младшего казахского жуза. Российскому императору Петру I принадлежат слова, свидетельствующие о заинтересованности присоединения Казахского ханства к России: «Несмотря на великие издержки хотя бы до миллиона держать, но токмо чтобы только одним листом под протекцию Российской империи.. она Киргиз-кайсацкая Орда... всем азиатским странам ключ и врата».

Абулхаиру были предназначены дорогие подарки от русской царицы Анны Иоанновны: сабля, соболья шуба, две лисьи шапки, сукно и другие дары. Но их можно было вручить только лишь после присяги на коране и получения подписи. В составе дипломатической миссии был и влиятельный башкирский старшина и батыр Таймас Шаимов, который пользовался огромным авторитетом и уважением со стороны местных казахов.

Подспудно данная дипломатическая миссия должна была собрать разведывательные сведения: описать местность, собрать информацию о языке, обычаях и обрядах казахов. Она должна была узнать и о настроениях казахов при принятии подданства.

А. Тевкелеву было предписано собрать и данные о ближайших соседях казахов.

По приезду российского дипломата оказалось, что значительная часть казахской знати Младшего жуза выступила категорически против принятия российского подданства, они не хотели, и слышать о таком подданстве. На месте выяснилось, что принятие российского подданства было личной инициативой одного единственного хана Абулхаира. Об этом пишет и один из известных исследователей Казахстана А. И. Левшин: «Появление Тевкелева в Орде открыло все властолюбивые замыслы хитрого Абульхаира. Чиновники, ехавшие приводить новых подданных России к присяге, не только не были приняты соответственно своему назначению, но тотчас по приезду едва не лишились жизни. Киргизы, раздраженные одною мыслию о потере дикой свободы, увидя посреди себя русских, вдруг взволновались и немедленно хотели принести Тевкелева в жертву гневу своему. Хан спас его, но не усмирил волнения, отважнейшие из подвластных ему напали на него самого и потребовали отчета в праве, которое он без согласия их присвоил себе, входить в сношения с иностранными державами, и обещать им покорность как за себя, так и за все орды. Нельзя было не ожидать сопротивления, зная что Абулхаир на отправление своих посланцев в Россию вынудил согласие только небольшого собрания киргиз-кайсаков. Сия хитрая смелость даже могла ему стоить жизни.... Даже и Тевкелев, которого киргиз-кайсаки не раз собирались умертвить, одолжен спасением своим не столько покровительству Абульхаира, сколько единоверию своему с ордынцами и силе своего красноречия, которым он обезоружил врагов, стремившихся лишить его жизни...» [2]

Со стороны оппозиционно настроенных казахских правителей было немало тех, кто пытался, открыто сорвать переговоры, были и такие, кто пытался даже убить российских послов. Поэтому охрана дипломатической миссии была возложена на сына хана Абулхаира султана Нуралы.

Казахские правители в большей степени руководствовались поиском надежного и выгодного союзника, который не будет посягать на их свободу. Казахская знать и не помышляла о потери независимости.

Подкупом, уговорами, а иногда и открытой угрозой, что он доверенное лицо крупнейшего государства – Российской империи, А. Тевкелеву удалось вполне удачно провести переговоры.

Российский посол подтолкнул Абулхаира и его окружение на принятие российского подданства.

10 октября 1731 года Абулхаир хан, султаны и небольшая группа крупных биев и батыров, приняли присягу на подданство Российской империи. Это событие произошло в междуречье рек Иргиз и Тобол в урочище Майтубе.

Присягу приняли всего 29 казахских старшин. Это были, прежде всего, те, кто составлял ядро так называемой «ханской партии». Первым присягнули Абулхаир хан, за ними – старшина Бокенбай, Есет-батыр, Худайменды мурза. Некоторая часть из казахской знати в ходе переговорных процессов была открыто, подкуплена дипломатической миссией. Этим было положено начало российскому подданству казахов. Абулхаир в знак верности российскому престолу обязывался отправлять аманатов в Россию из числа своих сыновей.

Российская дипломатическая миссия находилась на территории Казахстана более одного года. Она подробно изучила казахское общество и его потенциальные возможности. Позднее А. Тевкелев за удачную дипломатическую деятельность в Младшем жузе удостоился звания полковника и позднее – генерала русской армии. Позднее его потомки стали одними из крупных мусульманских помещиков Оренбургского края, владевших тысячами крепостных крестьян. А башкирский старшина Таймас Шаимов получил звание тархана.

Хан Абулхаир после принятия российского подданства начал терять свой авторитет и влияние среди казахов Младшего жуза. Негативную оценку произошедшему дали правители Средней Азии: в этом акте они усмотрели существенное ослабление позиции ислама в Центральной Азии. Позднее Абулхаир, недовольный полученным статусом подданного Российского государства, начал совершать набеги на российскую сторону. Поэтому царское правительство вынудило его в 1738 году принять повторную присягу. А в 1742 году Абулхаир принял присягу в третий раз.

Но хан продолжал совершать набеги на российскую сторону. То, чего он ожидал от подданства – не сбылось. Запрет казахам кочевать на правобережье Яика (1734 г.), требование предоставлять аманатов, признание его только ханом одного Младшего жуза, отказ в предоставлении военной помощи – все это привели к тому, что хан до самой своей кончины старался не подчиняться царской администрации. К тому же не прекратились и приграничные конфликты с калмыками, башкирами и уральскими казаками.

Более того, Российская империя проводила политику межэтнических конфликтов нерусских народов. В одном из правительственных документов того времени было записано: «Если калмыки окажут нам какое-либо сопротивление, надо на них натравить киргизов и наоборот». Такая же политика была и в отношении казахов с башкирами, о котором, кстати, в своих воззваниях писал руководитель башкирского восстания Батырша в 1754 год: «...Цель у них (царского правительства – авт.) такова, полностью подчинив себе киргиз-кайсаков, день ото дня втискиваться в их среду и строить на их землях крепости и кирпичные постройки, и таким образом сделать их побежденными и порабощенными также как они поступали с людьми Уфимского уезда (башкирами- авт.). Цель у них такова, полностью подчинить кайсаков себе, а нас, оставив посредине, день ото дня исключительно притеснять и сеять среди нас вражду. Или же, подстрекнув нас к войне с казахским народом и пролив нашу кровь, в будущем свести на нет дружбу и мир между нами и тем народом, а также сея между нами раздор, разрушить то сочувствие и доверие, которое существует между нами и тем народом...» [3].

Это же видно из инструкции, которые были даны И. Кириллову, руководителю Оренбургской экспедиции в 1734: 1) Надзирать за башкирцами, между которыми ранее оказывались частые беспокойства. 2) Иметь такое же наблюдение и за киргиз-казаками. 3) Если те или другие будут волноваться, то употреблять один наряд против другого, сберегая русское войско» [4].

И только смерть его в 1748 году от рук его политических противников остановила от его активных действий против царского правительства.

Приняв в подданство часть территории казахского ханства, российское государство приняло ряд дипломатических мер, направленных на пресечение агрессии Джунгарского ханства. Но реальной военной помощи ни техникой, ни вооружением, ни живой силой со стороны царского правительства новым подданным оказано не было. Так же как и не была оказана помощь оружием. В силу немногочисленности военных гарнизонов и слабого вооружения не защитили казахов и прииртышские крепости. Поэтому не случайно, что в 1741 году джунгарский правитель Галдан-Церен организовал новый опустошительный и разгромный поход на территорию Казахстана.

После принятия российского подданства Абулхаиром такой же шаг сделали и ряд других казахских правителей. Началась цепная реакция, к тому же в самом начале принятие подданства ни к чему не обязывало. Казахи не платили никаких податей. Более того, царизм делал крупные подарки казахским властителям. Для каждой пограничной крепости выделялись значительные денежные суммы для содержания казахской знати.

В принятии российского подданства казахскими ханами Среднего жуза, других народов Средней Азии заметную роль сыграл Абулхаир. Он выступил в роли посредника. Царизм не скупился на подарки, денежное и хлебное жалованье. Казахи были заинтересованы и в меновой торговле на пограничной линии. Принятие подданства сулило им временные переходы в зимнее время на внутреннюю часть пограничной линии. Россия практически не вмешивалась ни во внутренние, ни во внешние дела новых подданных. Так же как и не было попыток проникновения Российской империи вглубь Казахстана. Поэтому в конце 1731 года присягу на подданство принял хан Среднего жуза Самеке. В 1733 году со стороны Старшего жуза была также предпринята первая попытка войти в состав России. Однако в 30-е годы вхождение Старшего жуза в состав России не состоялось ввиду его отдаленности от России и в связи со сложной международной обстановкой. В 1740 году в Оренбурге при посредничестве Абулхаира российское подданство приняли хан Среднего жуза Абулмамбет и султан Абылай. Надо заметить, что подданство приняли в основном те группы казахов, которые проживали вблизи пограничной линии.

В 1731 году со стороны царского правительства через хана Абулхаира были сделаны попытки подтолкнуть Хивинское ханство к принятию российского подданства. Но Хива отреагировала категорическим отказом. В 1742 году при активном посредничестве Абулхаира в г. Оренбурге российское подданство приняли каракалпаки в числе 30 тысяч хозяйств.

Для закрепления позиций царизма в приграничных казахских землях Младшего жуза в 1734 году была создана Киргиз-кайсацкая экспедиция, которую возглавил И. К. Кириллов – один из сподвижников Петра I. Его помощником стал большой знаток казахских обычаев и права толмач А. Тевкелев. Позднее Киргиз-кайсацкая экспедиция была переименована в Оренбургскую. Экспедиция состояла из 2700 человек, из которых 2500 – были военные. Комиссия получило правительственное задание по всестороннему изучению Младшего

жуза. В частности, они проводили разведку природных ресурсов и картографирование земель.

В 1735 году по просьбе хана Абулхаира был основан г. Оренбург. Казахский хан планировал укрыться в крепости в случае возможных беспорядков степи, а также усилить свое влияние в регионе. Город был расположен при впадении реки Ори в Яик. Позднее крепость была переименована в Орскую крепость. Оренбургская крепость была перенесена в глубь российской территории. Оренбург стал одним из стратегических центров царизма в колонизации территории Западного Казахстана. Он выполнял функции и крупного торгового центра между европейской частью России и казахской степью, Средней Азией. В 1737 году после смерти Кириллова начальником Оренбургской экспедиции стал В.Н. Татищев. Заручившись поддержкой хана Абулхаира, он снарядил первый торговый караван в Среднюю Азию.

После приведения казахов в подданство, царизм приступил к строительству крепостей. Эти действия царизма вызвали резкое обострение земельного вопроса в приграничной регионе. Во-первых, в 30-40-х гг. XVIII века строится линия военных укреплений – Уйская: от Верхнеяицкой крепости до Звериноголовской на 770 верст. Так, только в 1740-1743 годах на стыке Младшего жуза и Южного Урала было построено немало крепостей, заметно сокращавших кочевье казахов: Воздвиженская, Рассыпальная, Ильинская, Таналыкская, Уразымская, Кизильская, Магнитная, Каракульская, Крутоярская, Нижнеозерная, Перегибенская, Устьуйская, Елшанская, Красногорская, Губерлинская и Новосергиевская.

Во-вторых, с 1734 года царизм категорически запретил кочевку казахов на правобережье Яика. В-третьих, в 1742 году был издан царский указ, запрещающий казахам кочевать даже вблизи Яика, Яицкого городка и строящихся крепостей. Подобные запреты последовали и в последующие годы. Эти меры приводили к ухудшению социально-экономического положения кочевников. Они привели к всплеску набегов казахов на пограничную линию. Начался кризис скотоводческого хозяйства казахов. Начался процесс обнищания кочевников.

Процесс принятия российского подданства частью казахов Младшего и Среднего жузов имел в основном далеко идущие негативные последствия. Казахский народ постепенно стал терять свою независимость. Царизм со временем стал превращать ханов и султанов в послушных чиновников царского правительства.

Сознательный отказ царизма признавать общеказахского хана привело к началу территориальной раздробленности и разрушению единства Казахского государства. Практически без согласования с казахскими правителями началось усиленное строительство военных крепостей, форпостов и редутов по всему периметру казахско-русской границы. Сокращение пастбищных угодий привело и существенному подрыву основ кочевого и полукочевого скотоводческого хозяйства казахов. В годы джуртов с целью спасения скота казахское население лишилось возможности свободно перекочевывать в приграничные регионы.

Позднее начался процесс односторонней аннексии казахских земель в сверенной части Казахского ханства со стороны империи. В 1752-1755 годах Российская империя осуществила захват территории Новошымского района на севере Казахского ханства [5], в 1810 – Новоилецкого района (600 000 десятин земель) [6], в 1835 – Новоилинейного района (3 400 000), которые представляли наиболее плодородные земли [7].

В 1822-1824 годах произошла отмена ханской власти в Среднем и затем Младшем жузах путем введения окружной системы управления, что было также грубейшим нарушением условия принятия подданства [8].

В 1845 году после смерти хана Жангира не стали упоминаться власть прежних ханов. А по реформам 1867-1868 годов чингизиды были полностью отстранены от власти, приравненные к обычным гражданам Российской империи. Земли казахов были признаны «государственными» и находящимися «во временном пользовании» вчерашних ее хозяев – казахов.

После отмены крепостного права в 1861 году в Казахстан ринулись сотни тысяч безземельных крестьян, которым царизм стал передавать самые лучшие земли казахов. Это вызвало взрыв восстания казахов во главе с Сырымом Датовулы, Исатаем Тайманулы, Кенесары Касымулы, Жанкожой Нурмухамедулы, Есетом Котибарулы и другими.

Вхождение Казахстана в сферу российского влияния в последующем вызвало некоторые ухудшение отношений казахов со среднеазиатскими государствами. Они выразились в военных набегах войск Хивы и Бухары на казахское население Южного Казахстана, в установлении налогов и т.д.

В то же время усиление торговых связей между Россией и Казахстаном имели и некоторый позитивный характер [9].

Таким образом, в 1731 году в результате ошибочной политики хана Абулхаира начался перманентный процесс постепенной ликвидации государственности в Казахстане. Казахское ханство стало очередной жертвой колониальной политики усиливавшейся Российской империи.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 **Кошке Кеменгер.** Из истории казахов. // Сборник сочинений в трех томах (составитель Д. Камзабекулы). – Алматы, 2005. – С. 41-42
- 2 **Левшин, А. И.** Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы : «Санат», 1996. – с. 181)
- 3 **Чулошников, А. П.** Восстание 1755 года в Башкирии. – М. –Л., 1940. – С.39
- 4 **Крафт, И.** Принятие киргизами русского подданства // Известия Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества. – Оренбург, 1897. – Выпуск 12. – С.35-36.
- 5 **Букейхан, А.** Избранное. – Алматы, 1995. –С.53
- 6 **Мейер, Л.** Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Киргизскокая степь Оренбургского ведомства. – Спб., 1865. – С.30
- 7 **Добросмыслов, А. И.** Тургайская область. Исторический очерк.// известия Оренбургского отела Императорского русского Географического общества. – Тверь, 1902. – Вып.17. – С.311-312
- 8 **Коншин, Н.** От Павлодара до Каркаралинска //Труды по казахской этнографии. – Павлодар, 2005. – С.89-82
- 9 **Кабульдинов, З. Е.** История Казахстана. – Алматы : Атамур, 2012 –С.29

**1 Секция. Көшпенді мемлекеттілік мазмұнындағы
Қазақ даласының тарих, археология және этнологиясының
өзекті мәселелері**

**1 Секция. Актуальные вопросы истории, археологии
и этнологии Казахских степей в контексте кочевой
государственности**

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛелЕРІ

БАТТАЛОВ Қ. Қ.

т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Биыл елдігіміздің, мемлекеттігіміздің 550-жылдық мерейтойы бүкіл Қазақстан деңгейінде аталып отыр. Бұл иісі қазақ баласының қуанышын асқақтар дүбірлі той. Осы орайда, Павлодар облысы шет қалмай, мерейтой шараларының легіне белсенді қосылуы бізді, ғалымдарды, зиялы қауым өкілдерін қуантып отыр. Тарихымыздың жадында Қазақ хандығының тарихына арнайы конференцияның ұйымдастырылуы – елдігіміздің, рухани тұтастығымыздың, тарихымызға ерекше құрметіміздің белгісі. Осы ретте Қазақ хандығы тарихының өзекті мәселелеріне тоқталуды жөн көріп отырмын.

Бірінші қозғайын деп отырған үлкен мәселе – бұл көшпелі қоғамды зерттеудегі үлкен теориялық-методологиялық проблеманың болуы. Тәуелсіздікті алғаннан бері біздің тарихымызға қатысты тұжырымдарымыз бен пайымдауларымыз объективті сипатқа ие болып, көптеген тың мәселелер ашылып жатса да, осы күнге дейін біздің ғылымда ескі марксистік методология мен кезеңдеудің қолданылуы – бір жағадан бас, бір жеңген қол шығаруға жол бермей отыр. Осы күнге дейін тарих оқулықтары мен зерттеулерде Қазақ хандығы дәуіріне қатысты феодалдық қоғам, көшпелі феодализм деген түсініктер, ал тарихымызды кезеңдеуде ежелгі, орта ғасыр, жаңа заман деп бөлу қағидаттары сақталып келе жатыр. Тарихымызды зерттеу барысында таптық әдіснамадан арылуымыз қажет. Оның орнына көшпелі қоғам мен оның қалыптастырған саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық жүйесінің, мәдениетінің тұтастығын, спецификалығын мойындап, тарихи үрдістің ерекше құбылысы, ерекше тарихи даму моделі ретінде қабылдау қажет. Осындай тұтас әдіснаманы қолдану арқасында сақ-ғұн замандарында қалыптасып, қазақтардың ХХ ғасырдың 20-30-шы

жылдарындағы күштеп отырықшылыққа көшуіне дейінгі кезеңде көшпелі қоғамды ортақ әлеуметтік, саяси, экономикалық құрылымы бар біртұтас құбылыс ретінде зерттеуге жол ашады.

Екінші бір үлкен мәселе – бұл көшпелі қоғамның мемлекеттілігі мәселесі. Соңғы жылдары көрші жатқан еліміздің билік басындағылар қазақ мемлекеттігі болмаған, қазақ мемлекетсіз халық болған деген тұжырым айтып жатыр. Бұл мемлекеттілік мәселесіне келгенде бұрынғы еуроцентристік институтционалдық критерийлерді қолданудан, көшпелі қоғамға, оның саяси құрылымдарына қатысты оларды қолдануға жарамайтындығын түсінбеуден туындап отырған жайт.

Көшпелі мемлекеттіліктің атаулары әртүрлі – Түркі дәуірінде – қағанат, ел атаулары, моңғол дәуірінде – орда, қазақ дәуірінде – хандық болды, атаудың әртүрлі болуына қарамастан, заты - бір, біртұтас саяси құрылым. Жалпы алғанда, осы түсінікті толыққанды ашып беретін ежелгі түсінік – ел түсінігі.

Ел идеясы – сонау Білге мен Күлтегін замандарынан бастау алады, ел болу деген жиналып, орда құрып, мемлекеттілікке ие болу деген сөз екен. Зар заман шығармашылығында елдікке зор мән берілген:

Жер дегенім кебенек пе,
ел дегенім ебелек пе,
ер дегенім көбелек пе, ағайын – деп Ақтабан Шұбырынды заманын толғап өткен.

Тағы бір жерде Ақтамберді шығармашылығында ел, орда атаулары кездеседі:

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам!
Өзенге бие байлатып,
Төскейге орда орнатып,
Төрткілдеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде бидің кеңесін

Біз де бір құрар ма екеміз?! – деп жырлайды.

Көшпелі өркениеттің жадында туындаған бұл мемлекеттіліктің спецификалық, тек көшпелі қоғамға ғана тән ерекшеліктері қалыптасты. Ғұн-түркі замандарында қалыптасқан көшпелі мемлекеттіліктің формасы қазақ хандығының дәуіріне дейін

ешбір түбегейлі өзгеріссіз жетті, осы мемлекеттілік формасы мен құрылымы сақталды.

Осы орайда, қазақ мемлекеттілігінің тарихи тамыры тереңде - тұн, түркі замандарынан бастау алатынын толыққанды айта аламыз. Ата-бабаларымыз Шыңғыс ханның мұрасын, оның ұрпақтарын – төрелерді ерекше қадірлеген. Қазақ халқы Шыңғыс ұлыстарын бөтен, жаулаушы халықтың емес, өз мемлекеттілігі деп таныған. Моңғол дәуірінде қалыптасқан саяси құрылымдар негізінде, Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің ұлысы – Ақ Орда негізінде Қазақ хандығы туындады, қазақ хандары осы әулеттің ұрпақтары болып табылады.

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» – тайға таңба басқандай қазақ мемлекеттілігінің нышандары, қазақ тәуелсіздігінің айқын айғағы. Жәнібек пен Керей, Қасым мен Хақназар, Тәуекел мен Есім хандардың жетекшілігімен халқымыз 300 жылдық тәуелсіз хандық дәуірінде өмір сүрді. Осы дәуірді халқымыз «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» бейбітшілік пен азаттық дәуірі деп еске түсіреді.

Осы мемлекеттілік – қоғамның өзінің ішкі туындысы болып табылады. Оған ордалық және рулық тұрғыданы құрылым тән еді. Қазақ мемлекеттілігінің белгілері оның хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен тархандар институттарынан көрініс табады. Бұл саяси-әлеуметтік институттардың мән-мағынасы, қоғамдық рөлі әлі де болсын толыққанды зерттелген жоқ. Мысалы, қазақ қоғамына тән жыраулар институтына қатысты дұрыс түсінік қалыптаспай отыр, жырау – ақын, жыршы, дастан-кисаларды, жырларды толғайтын тұлға ретінде көзқарас басым, бірақ жырау – қарапайым жыршы, ақын емес, ол мемлекеттің, ханның идеологы,, бұқара халық арасында ханның саясатын жүргізген, халықтың мұнын ханға жеткізген, тіпті қажет кезде ханның бетіне бүкіл сынды тура басып айтып отырған мемлекет қайраткері. Мысалы, Абылайдың қаһары түсіп, алдына ешбір батыр жолай алмай отырғанда, кеңесші болар Бұқар жырау тура келіп:

Ай, Абылай сен он бір жасында
Тұрымтайдай ұл едің.
Он бес жасқа келгенде,
Арқада Әбілмәмбет төренің
Түйесін баққан құл едің.
Абылай атың жоқ еді,
Сабалақ атпен жүр едің – деп басып айтып отырған.

Бұл шынайы халық демократиясының белгілері болып табылады. Осы қоғамдық, тарихы маңызы жыраулар институтын неліктен бүгінгі күні қайта жаңартып, саяси жүйемізге қоспасқа... Елбасымыздың тұсында жырау институтын жаңғыртсақ, халықтың шынайы мұң-мұқтажын билікке жеткізіп отырар еді.

Келесі бір күрделі мәселе – көшпелі қазақ қоғамының сипаты, оның болмысы мен ішкі дүниесі. Бұл мәселені шешудің бірден бір жолы – тарих ғылымы аясында кеңінен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қолдану. Онда халқымыздың жадында жатқан небір сырлар, ойлар мен заманның келбетін ашатын дүниелер жатыр. «Бес ғасыр жырлайдыны» оқымасаң, Асан қайғы, Сыпыра, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұқар жыраулардың жырларын, термелерін танымасаң, Қазақ хандығы дәуірінің болмысын, дәуірдің бет-пердесін ашып көру мүмкін емес. Кеңестік заманда бұл туындыларға мән берілген жоқ, әлі де болсын берілмей отыр. Осы жағдайды өзгерту қажет.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілеріне үнілсек, қазақтың мемлекеттілігінің берік тұғыры, оның шынайы болмысы – батырлық, жаугершілік екен. Елдігіміз бен тәуелсіздігіміз – батырлықтың, жаугершіліктің арқасында, «найзаның ұшымен, білектің күшімен» сақталған екен.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз?!
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер ме екеміз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Ақ сауыт киер ме екеміз?!
Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Тандап мінер ме екеміз?!
Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екеміз?!
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырар ма екеміз?!
Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып,

Бетпақтың ен бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екеміз?!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,

Тегін бір олжа қылар ма екеміз?! – деген Ақтамберді жыраудың өлең жолдары қазақтың жаугершілік, батырлық қабілетін, болмысын көрсетеді.

Қазақ тарихында батырлар институтының маңызы өте зор болған. Ел басына күн туғанда, елді билеген хан-сұлтандар ауызбірлікке келмей, араздасып, елдігіміз ыдыраған заманда кешегі Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай, Баян, Малайсары, Шақшақ Жәнібек сынды батырлардың бастауымен халық жасақтары құрылып, жауға тойтарыс берілді. Батыр бабаларымыздың – хандарымыз бен батырларымыздың қолбасшылық, дипломатиялық, саяси қабілеттері арқасында елдігімізді сақтап қалуға мүмкіндік туды. Батырлар институтының қазақ тарихындағы алатын орыны мен қызметі әлі де болсын зерттеулерді, белсенді қоғамдық жұмысты қажет етіп отыр.

Бүгінгі күні осындай Қазақ хандығының 550-жылдық мерейтойының құрметіне үйлесіп отырған конференциямыз – дәуірдің тұлғалары мен олардың қызметін зерттеуге, бұқара халықтың арасында кеңінен насихатталуына бастау болады деп сенеміз. Бүгінгі күні батыр бабаларымыздың құрметіне қаламыздың көше атауларының аздығы, хандық дәуірінде халқымызы үшін қызмет еткен әйгілі жерлестеріміздің құрметіне көше, мекеме атауларының жоқтығы қобалжытады. Тарихи тұлғалардың құрметіне қаламыздың орталық көшелерінің атаулары берілсе, мысалы қазақ тарихына еш қатысы жоқ Қутузов көшесінің аты өзгертілсе, қаланың көрікті жерінде ескерткіштер соқтырылса, нұр үстіне нұр, бір аңсаған арманымыз жүзеге асады деп білеміз.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

ДҮЙСЕНБАЕВА Г. Ж.

№36 ЖОББ мектебі

ОҚАПОВА М. Ы.

№ 18 ЖОББ мектебі, Павлодар қ.

Қазақ хандығы – бүгінгі Қазақстан Республикасы мен көрші аймақтардың территориясында 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Қазақ хандығы Еділден Жайыққа дейінгі территорияны, Сырдария мен Амудария өзендерінің аралығын, Хорасан жерін қамтыған.

Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы дала демократиясына негізделген, монархияға негізделген. Мемлекет басшысы -хандар саяси билік жүргізетін. Олар төре тұқымынан шыққан сұлтандар арасындағы таңдау негізінде сайланатын.

Қазақ хандығының тұңғыш ханы – Керей, соңғы ханы –Кенесары Қасымұлы.

Қазақ хандығы туралы бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Жалпы бұл еңбек Моғолстан хандығы тарихына арналған. Алайда сол кездегі саяси жағдайға байланысты Қазақ хандығы туралы да көп мәлімет келтірілген. Абулғазы, Қадырғали Жалайыри өз еңбектерінде Қазақ хандығы, оның билеушілері туралы мәліметтер қалдырды. Сонымен қатар Қазақ хандығы кезеңіне байланысты шығыс деректерінің маңызы зор.

Қазақ хандығы – шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ – қазақ халқының негізінде бірігуі арқылы ХҮ-ғасырдың орта шенінде құрылды.

Қазақ хандығының құрылуына 1457 жылдан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы мұрындық болды. Ол кезде Жетісуді билеген Моғолстан ханы Есенбұға (1434-1462 жылдары билік еткен) қоныс аударған қазақтарды Әбілхайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Осы оқиға жөнінде тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан

сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек ханға көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер – «қазақтар» деп атады.

Қазақ сұлтандары 870 жылдары (1465-1466) билей бастады...». Алғашында Қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Ежелден осы алапты мекендеген тайпалар Дешті- Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті. Әбілхайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан күйзелген қазақ тайпалары бұл араға келіп ес жинап, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Мұны көрген Дешті-Қыпшақ көшпенділері Әбілхайыр хан қол астынан шығып, бөгеуін бұзған судай ағылып, Қазақ хандығына келіп жатты. Алайда жаңадан құрылған Қазақ хандығының экономикалық негізі әлсіз еді және бірсыпыра қазақ тайпалары Әбілхайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай Ордасының және Батыс Сібір хандығының қол астында төрт хандыққа бөлшектеніп отырған болатын. Ал Әбілхайыр хан болса өзіне қарсы шығып, Жетісуға қоныс аударған қазақтардың өз алдына хандық құрып отырғандығына және оған көптеген тайпалардың ағылып барып жатқанына азуын басып, қылышын қайрап отырды. Жаңа құрылған Қазақ хандығы құрамына, яғни батыс Жетісу өңіріне он шақты жыл айналасында екі жүз мыңдай саны бар көшпелі тайпалардың жиналуы кең өріс-қонысты керек етті.

Сонымен қатар көшпелі елдің отырықшы-егіншілігі көркейген аудандармен, әсіресе қолөнері мен саудасы дамыған экономикалық орталық – Сырдария жағалауындағы қалалармен сауда-саттық қарым-қатынасқа қолайлы жағдай жасау маңызды мәселеге айналды. Бұл қарым-қатынастың оңалуына тек көшпелі ел ғана емес отырықшы аймақтардағы халықтар да мүдделі болды. Осы жоғарыдағы жағдайлардың талабына сай, Қазақ хандығының алдында үлкен тарихи міндеттер тұрды.

1. Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті-Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілхайыр хандығындағы аласапыран кезінде бұзылған еді).

2. Шығыс пен батыс сауда керуен жолы үстіне орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Яса (Түркістан) т. б. қалаларды Қазақ хандығына қарату. Себебі Сырдария бойындағы бай қалалар бұдан бұрынғы мемлекеттік бірлестіктердің – Ақ Орданың, Әбілхайыр хандығының саяси-өкімшілік және сауда-экономикалық орталықтары еді. Сырдария бойындағы қалаларды өзінің экономикалық және әскери тірегіне айналдыру Дешті-Қыпшақ даласын билеудің басты шарты болып келген. Сондықтан бұл қалалардың саяси-экономикалық және соғыс-стратегиялық маңызы зор еді.

3. Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру.

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте Қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілхайыр хан болды.

Қазақ хандығы Әбілхайырға қарсы күресу үшін ең алдымен Моғолстан мемлекетімен тату көршілік, одақтық байланыс орнатты. Бұл одақ жоңғар тайшысы Амасанжының Моғолстанға және Әбілхайыр ханның Қазақ хандығына қарсы шабуылдарынан біріге отырып қорғануға мүмкіндік берді.

1468 жылы қыста Әбілхайыр хан Қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, осы жорық кезінде қаза тапты. Әбілхайыр хан өлгеннен соң өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды, ішкі шиеленістер күшейді. Әбілхайырдың қаза болуы Қазақ хандығының нығаюына және оның көлемінің кеңеюіне үлкен жағдай тудырды. Өзбек ұлысының үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресте олардың ішкі-сыртқы қайшылықтарын толық пайдаланды. Әбілхайыр ханмен билікке таласып келген Жошы ұрпақтары – Ахмет хан мен Махмұд хан, батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан және Ноғай мырзалармен одақтаса отырып күрес жүргізді. Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар осы күресте қаза тапты.

Әбілхайыр ханның мұрагерлерімен күресте Қазақ хандары Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті - Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. ХҮ-ғасырдың 70 жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сөйтіп қазақ хандығының территориясы әлдеқайда кеңейді, оған түс-тұсынан қазақ тайпалары келіп қосылып жатты.

Алайда Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Сонымен қатар бұл қалаларды Түркістан аймағын билеген Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан мен Моғолстан ханы Жүніс хан да қолдарына түсіруге дәмелі болды.

Сыр бойы қалалары үшін Қазақ хандары өте қажырлы қайрат жұмсады. Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани Түркістан аймағына келіп, Мұхаммед Мәзит Тарханды паналады. Мұхаммед Мәзит Тархан Мұхаммед Шайбаниды қолдап, Қазақ хандығына қарсы аттандырмақ болды. Бірақ Мұхаммед Шайбани оның бұл үмітін ақтамады, керісінше оның қолынан Түркістан аймағын тартып алды. 1470 жылы қыста Қазақ ханы Керей қол бастап Түркістанға шабуыл жасады. Қазақ ханы Әз Жәнібектің үлкен баласы Махмұд сұлтан Созақ қаласын бағындырды, екінші баласы Еренжі Сауранды иемденді. Сауран түбінде қазақтардан соққы жеген Мұхаммед Шайбани Бұхараға қашты. Сөйтіп, Сырдария жағасындағы – Созақ және Сауран қалалары Қазақ хандығының құрамына кірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Тілешов, Е. Е., Әріпбек, Г. П.** Астана : Руханият, 2010.
2. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2001.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҺӘМ ВЕСИДЖ. СЫРДАҒЫ ӨРКЕНИЕТ БЕСІГІ

ЖҮСІПБЕК Р. Р.

Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлы - техникалық университеті, Орал қ.
ЖАНАР Қ.
ғылыми жетекші

Гетум өзінің Қарақорымға барып қайтқан сапарында қысқаша деректер келтіреді.

Жаңа дәуірдің археологтары қала орынын 1900 жылы Н. В. Руднев, ал 1947 А. Н. Бернштам, 1975 жылы Кеңес ғалымдары Ақышевпен Байбақов зерттеулер жүргізген болатын. Қазіргі қала орынында бес бұрышты үлкен төбе қалған. Қала туралы жарияланған еңбектердің болмауы себепті кітапханаларда аралап орта ғасыр көне

дәуір саяхатшыларының, соның ішінде қазақ жерінде болған қытай жихангерлері мен араб көпестерінің елшілердің жолжазбаларын іздеп таптым. Алдымда тұрған үлкен міндеттің, көтерер жүктің жеңіс еместігіне көзім жетті. «Шекірткеден қорыққан егін екпес» демекші қос білекті сыбанып жұмысқа кірісіп кеттім. Осы қарқынмен алғаш басталған араб саяхатшыларының жолжазбаларымен сызған карталарын зерттеуге кірістім. Арнайы есім берілетіндей Весидж үлкен қала болмағандықтан әрбір қолжазбадағы әрбір сөйлемді қалт жібермей оқуыма тура келді. Жазылған сөздерді солай оқи отырып, Фараб аймағын өз парағыма көшіріп алып отырдым. Ал картаны біршама жетік білгендіктен саяхатшылардың сызбасын түсіну мен үшін қиынға соқпады. Әрбір белгі туралы өз пікірімді білдірдім. Себебі менің мақсатым бұрынғылардың айтып кеткен сөздерін тауып алып, оны қайта қайталау емес сол деректерді қолдана отырып бір – бірінен ерекшелеп жаңаша тұжырым жасау. Дегенмен әрбір табылған тың дерек мен үшін құмнан алтын тапқандай қиынға түсті. Сондықтан да осы қиыншылықтар бұл еңбектің маңыздылығын артыра түскен болатын.

Зерттеу барысында қаланың өмір сүру уақытын 4 кезеңге бөліп қарастырдым олар:

1. Алғашқы кезең V ғасыр – VIII ғасырға дейін түрік, қаңлы кезеңінен араб дәуіріне дейін.
2. Араб кезеңінен – уақытша Фараб әмірлігі- Хорезм шахтар-Моңғолдарға дейін.
3. Моңғол-Түркілік кезең – XIII – XV ғасыр.
4. Ордалар тарихы. Соңғы кезең Қазақ хандығы.

Алғашқы қоныстанушылар арасында өздігінен бірігу, ұжымдасу процесі жүрді. Екіншілік пен мал шаруашылығын кәсіп еткен халық өз аумағын көшпенділердің жиі шабуылдарынан олардың күнделікті тонаушылықтарынан қорғану үшін бөренелермен саз балшықтан шағын қорған тұрғыза бастады.

Ұлы даланы дүбірлеткен, сайын даланың қожасы көшпенді түріктер келгенше Қазақстанның оңтүстік аймақтарында өмір бірқалыпты өтіп жатты. Қаңлылар мен ішінара үйсін руалары араласқан шағын бірлестіктер мен тайпалар бірде тату, бірде араз болып жатқан еді. Осынау бірқалыпты өзгермес тынық түнді атының дүбірі соңында шаң қалдырған Түріктер бұзды. Естемі қаған бастаған қол Алтай тауларынан бастап жолында кездескен тайпаларды көк шөптей жапырып, асау толқындай жайпап өтті. Қаған әскеріне Эфталиттер де (Ақ ғұндар) тосқауыл қоя алмады.

563 -567 жылдар ішінде Орта Азиямен Ауғанстанға әмірін жүргізген Эфталиттерде түрік қылышының жарқылы алдында тізе бүкті. Түріктер Евразия Кеңістігінің бірде бір қожасына айналды.

Түріктердің алып империясының ғұмыры ұзаққа бармады. 603 жылы қағанат екіге бөлініп кетіп, Фараб аймағы Батыс қағанаттың құрамына кірді. Одан соң ел ішінде Түргеш қағанаты мен Қарлұқтар бөлініп өз алдарына ел болуға ұмтылды. Қарлұқтар кезінде қалалар ерекше даму жолына түсті. Бұрынғы шағын бекіністер енді ірі әскери әрі саяси стратегиялық қамалдарға айнала бастады. Керуен саудасы жанданып, қарлұқ билеушілері саудагерлерге ерекше артықшылықтар беріп отырды.

Арабтар Фараб аймағын өзіне бағындырып, қарлұқтарды ығыстыра бастаған болатын. Қалаға араб горнизондары орналасып, бекіністердің қуаттылығын одан әрі нығайтты. Себебі қарлұқтар, дала тайпалары, одан қала берсе шығыстағы Тан империясы аймаққа көз тіге берді. Сол кезеңді араб тарихшылары былай сипаттайды: «737 жылы Асат ибн Абдаллах Қуталыанға шабуыл жасап, естерінен тандыратын соққы алды. Сол кезде соғдылықтар азаттыққа жетудің сәті түсті деп есептеді. Сөйтіп Самарқанд Чач (Шаш) және Фараб бөлініп шықты». Аз ғана уақытқа созылған тәуелсіздікті жеңіп алған болатын. Алайда бұл дербестік ұзаққа бармай қайта тәуелділікке түседі.

«Ду Хуань Си син Цзи» Ду Хаунның «Батысқа саяхат естелігі» еңбегінде «Бұл жерден (Тараз) күнбатыс жақтағы Батыс теңізге дейінгі (Арал) созылып жатқан аймақтарда наурыз айынан қыркүйекке дейінгі мезгілде жауын-шашын тым аз болып, жаз бойы ауыр құрғақ болатындықтан егістік жерлер тірелімен қар суымен суарылады. Онда арпа, бұршақ сияқты дақылдардың түр-түрі егіледі. Олар жүзім шарабы, күріш шарабы, айран, қымыз сияқты сусындар әзірлейді» деп нақты деректер келтіреді. Деректерге нақты үнілер болсақ сондағы халықтың ас бұршақ, күріш шарабы, айран, қымызды тағам ретінде қолданғанына дейін аңғаруға болады. Одан әрі еңбек былайша өрбиді: Бұл екі дарияның (Сырдария мен Әмудария) екеуінде Батыс тарапқа қарай ағады. Жері мидай жазық келеді. Жеміс-жидектер өте көп- деп тебірене аяқтаған еді. [1, 167 – 174 б.].

Весиджде сауда орындарынан бөлек әкімшілік ғимараттар салына бастады. Тұрақты әскердің болуы, халықтан салық жинау, Сыр өзенінің арнасын реттеп отыру, сауда керуендерін бақылау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әкімшілік

орталық керек болды. Оның басында қала билеушісі – Әмір отырды. Ол қалаға түгел билік жүргізіп қана қоймай, Орталық Фарабтың сол жердегі негізгі тірегіне айналды. Сөзімнің дәлелі ретінде Ибн Хауқал «Весидж өте үлкен қала емес, бірақ ол «Күшті Әмірдің» қаласы. Онда жұма намазын оқитын үлкен мешіт және базар орналасқан» деп жазған болатын. Тарихшының ерекшелігі күшті Әмір деуі Весидждің сол кездің өзінде маңызды қала екенін байқатады. Әл Фарабидің әкесі Ұзлақ ат Тархан осы Весидж қаласының билеушісі болған.

Қожа Ахмет Яссауидің шәкірттері осы ағымды жер-жерге таратушылар болатын. Отырардың аспанына қара бұлт үйірілді. Бірақ, Весидж Отырадың бөлшегі болғанымен осы бұлтты сейілтуге мүмкіндік алған болатын. Фарабиден кейін қаланың маңдайына біткен асыл перзенті Мұхаммед Данышман Зарнуқи туған болатын. Ол Яссауидің ең жақын шәкірттерінің бірі болатын. Ұстазының тікелей тапсырмасымен, үйренген ілімін туған қаласы Весиджге (Зернук) әкеліп, қара халықты Алланың Хақ жолына түсуге уағыздады. Сондағы ірі мешіт-медреселерде дәріс оқып, шәкірттер тәрбиеленді. Қаланың мұсылман дініне түгелдей енуіне айрықша еңбек сіңірген қайраткер еді. Бұл туралы «Насабнамада» мынадай мысалдар келтірілген. «Сүлеймен Бақырғаниді Үргеніш уәлаятына, Мұхаммед Д. Зарнуқиды Отырарға жіберді. Халық қайтадан түркілікке бет бұра бастайды. Діні, тілі де, мемлекет тілі де қайтадан түркілік сипат ала бастайды».

Осы кітапты зерттеу арқылы Шыңғысхан кезіндегі Весидж қаласының есімін кезіктірдім. Ол туралы былай деп жазылған: «Жергілікті билеуші (Весидждің) Қайу Тегін Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті Мұхаммед Д. З-Ханнасына өгіз тауы мен Қарашық арасындағы 200 қостық жерді уақыф (мешіт иелігі) етіп береді».

Осы жерге медресе салынып мұсылман дінінің мықтап орнығуына жол ашылған еді. Шыңғыс қолының әсіресе Фарабқа өршелене төнуі М. Данышмандты қатты ойлантты. Ол өз шәкірттерімен туған қаласы Весиджді құтқарудың жолын іздестірді. Весидждің билеушісі Қайу Тегін Отырар билеушісі Қайыр ханнан Батыс шекараны қорғау туралы бұйрық алған болатын. Алайда Весидж әмірі халықтың зардап шегетінін ойлап, ұзақ уақыт бойы бір шешімге келе алмады. Оның алдында тек екі жол тұрды. Біріншісі Отырар патшасына адал болып, оның бұйрығымен Шыңғысханға берілмеу болса, екіншісі аяушылықты білмейтін монғол ханына өз еркімен беріліп, халықтың өмірін сақтап қалу болатын. Осы

уақыттар аралығында М. Данышманд өзінің шәкірттері мен соңына ілескен шағын топпен қаладан шығып, Шыңғыстың ордасына беттеді. Ол осы шешімі арқылы түгел халықты құтқаруға барғанын білеген болатын. Шыңғысханның қабылдауында болған. Оған хан:

«Егер халқың қарсыласпай тізе бүгетін болса, ешбірінді жазаламаймын, осыған көндіре аласың ба?» деген еді.

Данышманд сол қаладағы мұсылман халқына түгелдей сөзі жүретін, беделді кісі болатын. Осы беделі оны хан алдында еңсесін тік ұстауға мүмкіндік берді. Құр сөзбен емес нақты дерек көзімен сөйлесем:

«Осы шешуші кезінде» – дейді «Насабнама» еңбегінде – «Ясауи шайхтары» Шыңғыс хан жағында болды. Оған дәлел ретінде Ясауи шәкірті М. Данышманд 3-дың Шыңғысхан кеңесшісі болғанын, өзінің туған қаласы Зернукты (Весидж) қарсыласпай берілуге көндірген еді. Шыңғыс хан ол қалаға «Құтылығ балық» деп ат қояды» деп жазылған. [2, 147 – 150 б.].

Осы оқиғаны тарихшы К. Д. Оссон «Шыңғыс ханнан Әмір Темірге дейін» деп аталатын кітабында керемет етіп суреттейді. «Бұл кезде монғол монархы ұлы Төлемен сапарлас болып, Бұхар жолында кетіп бара жатқан. Ол жақындаған кезде Зернук деген шағын бекіністің тұрғындары қамалға тығылып, бекініп алды. Шыңғысхан оларға жаушы қылып Данышпан деген кісіні жолдап берілу қажеттігіне, олардың көз жеткізулерін тапсырды. Бұл жаушы өзіне қауіп төніп тұрған болса да, қоршап алған өрекіпген жұртқа бар даусымен былай деді:

«Мен мұсылманмын! Мұсылманның ұлымын. Мен Шыңғысханның жосықсыз ажалынан арашалайын деп арнайы келіп тұрмын. Ол қарақұрым қолымен іргелерінде тұр. Егер елеусіз болса да қарсылық көрсетсеңдер, онда мынау қамалдарың мен баспаналарың қас-қағым сәтте жермен-жексен болады. Егістік жерлерің қандарыңмен суарылады. Ал, егер еріктеріңмен тізе бүксеңдер онда өмірлерің мен иеліктерің сақталады. Тұрғындарға бұл сөздің әсер еткені соншалық, олар монғол ханына тарту-таралғысымен арнайы өкілдер жіберу қажет деп шешті. Зернук өкіметі адамдарының ешқайсысы тізе бүгіп алдынан шықпағанына ренжіген хан оларға өз өкілдерін жіберді. Өкімет адамдары болса үрейден тізелері дірілдеп хан алдына жеткен, алайда оларға жаманшылық жасалған жоқ. Тұрғындарға қамалдан шығуға бұйрық берілді. Қамал Шыңғысханға бағынды» – деп жазады. Данышмандтың еліне деген сүйіспеншілігі, отанына, халқына деген

адалдығы бүкіл қала халқының өмірін сақтап қалды. Шыңғысхан Данышмандты қасына алып, Весиджге билеуші етіп бұрынғы басшы Қайу Тегінді қойды. Қалада шағын әскер қалдырып, өзі Бұхараға жүріп кетті [3, 46 б.].

Дәл осы уақытта Отырар жермен-жексен болып жатқан еді. Монғолдар қала халқын түгелдей қырғынға ұшыратты. Отырар көшелерінде адамдар мен судай аққан қаннан аяқ алып жүре алмайтын деңгейге жетті. Тарихтың қай жолмен жүретінін ешкім де болжап біле алмайды. Аты әлемді жарған, Азияның байлығын, мәдениетін, білімін бір өзінің бойына жинаған ұлы қала Отырардың жермен-жексен болуы, ал керісінше соның тек қорғаушы бекінісі саналатын Весидждің тасы өрге домалап, монғол шапқыншылығынан аман қаларын кім білген???

Ал, Весидж сол қалпын сақтай отырып монғол билеушілерінен біршама жеңілдіктерге ие болды. Сол заманда өмір сүріп, Қазақстан жеріне саяхаттаушы Чжань Сянь өзінің жазбаларында Сыр өзенінің бойында бау-бақшаға оранған 70 шақты қала мен қоныстар бар деп ол аймақтағы қалаларға біршама сипаттамалар береді. Алғашқы жаулаушылық жорықтардың әсерінен жергілікті билік пен үкімет билігіне монғол ақсүйектері мен қолбасшы нояндар жайғасты. Бірақ бұл билікті монғолдар ұзақ ұстап тұра алмады.

Осылайша, бір-бірімен билікке таласқан әміршілер елдегі тұрақтылықты үнемі шайқаумен болды. Ақ Орда хандары Фараб жерінде ұзақ тұрақтай алмады. Елдегі дүрбелең бұл аймаққа билік етуге мүмкіндік бермеді. Осылайша, тарих сахынасына Әбілқайырдың ұрпағы әрі мұрагерлерінің бірі атақты Мұхаммед Шайбани келген еді. Билікке келе сала төңірегіне шүйліге көз тіккен ол атасы Әбілқайырдың арманы болған Орта Азияны жаулау үшін Ұлы жорыққа аттанды. Весиджде Сыр бойындағы қалалар сияқты өзінің құлдырау кезеңдерін өткізіп жатты. Үнемі шапқыншылықпен жаулап алушылардың зардабынан қаланың экономикалық-әлеуметтік жағдайы әбден титықтап бітті. Халқының саны күн санап азая берді. Керемет өкімшілік орындар, базар, мешіт пен махаллаларды халық күрт азайып кетті. Мұның себебі, алда айтып өткендей болатын. Бірақ, Весидж бен Фараб Қазақ хандарының қол астына өтіп біршама уақыт стратегиялық қызмет атқарды. Весидж әскери гарнизондары арқылы Орта Азия әміршілерінің шабуылынан қорғанатын қамал қызметін атқарған еді. Осылайша, бір ғасырға жуық уақыт аралығында Қазақ хандығының қол астында өмір сүрген Весидж бен жалпы Фараб өзінің өмір сүруін

тоқтатты. Тарихшы ғалымдардың айтуынша Отырар XVI-XVII ғғ. бастап қала ретінде тарих сахнасынан жоғалды деп хабарлайды. Алайда, мен осы зерттеу жұмыстарының барысында Қазақ жері туралы Қытай тарихшыларының еңбектерін ерінбей мұқият оқып шықтым. Сол кезде мынадай бір қызықты деректі кездестірген едім. Абылайхан Қытай Боғды ханына жазған хатында былай деп көрсетеді. «...сондай-ақ мен Түркістан төңірегіндегі маған бағынышты Ташкент, Бескент, Ордасарай, Қарамұрын, Сайрам, Шымкент, Қарабұлақ сынды жерлердің барлығы» деп көрсетілген. Осы аталған аймақтардың ішіндегі Бескент аймағы ерекше назар аударуға болады. Хатта Ташкент аймағынан соң Бескентті атауы, әрине Фараб аймағы болуы мүмкін. Себебі Фараб Ташкентке өте жақын орналасқан. Ал Бескент деп аталу себебіне келсек Фараб аймағындағы шағын Весидж секілді қалашықтардың жиналған атауы болса керек. Себебі, ол кезде (Абылай тұсында). Бұл аймақтағы қалалардың тек жұрнағы ғана қалған еді. Осы шағын қоныстарды кент деп атайды. Демек, бес қоныс ғана қалып олардың біріккен атауы осы Бескент болуы мүмкін. Әрине, ол кезеңде Весидж тек қыстақ ретінде қалуы мүмкін [4, 14 б.].

Сонау сақ, қаңлы дәуірінен бастап көне тайпалардың жауларынан қорғану үшін алғашқы қаланың негізі болған қыстақ ғасырлар өте келе қалашық, содан соң әскери бекініс және соңында ірі стратегиялық қала болған Весидж қаншама дәуірлерді, сан мыңдаған соғыстарды басынан өткеріп тарихи оқиғалар көзін көрді. Ата-бабаларымыздың дәуірінен Қазақ хандығына дейін жеткен бұл асқақ қала тарих беттеріне Алтын әріптермен жазылуға әбден лайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Байпақов, Қ., Нұржанов, А.** «Ұлы жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан». – 1992. – 167–174 б.
- 2 **Байпақов, Қ.** «Қазақстанның ежелгі қалалары». – 2005. – 147–150 б.
- 3 **Маданов, Ж.** «Қазақ халқының арғы бергі тарихы». – 46 б.
- 4 **Жолдаспайұлы, С.** «Ежелгі орта ғасырдағы Қазақстан». – Алматы, 1993. – 14 б.

ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛАРЫНЫҢ ДАНАЛЫҚ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫН ОҚЫТУДЫҢ АМАЛДАРЫ

ЖҰМАТАЕВА Е.
п.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
УТЕГЕНОВА М. С.
магистрант

Бүгінгі тыныс тіршілігіміздің бір тамыры өткендегі әдеби мұрада екені жаңалық болмаса керек. Десек те, осы тұжырымды іс-әрекетте, оқу-тәрбие үрдістерінде, этнопедагогика әлемінде жүзеге асыруда қайшылық тудырып оырған ең басты мәселе демекпіз. Себебі әдебиетші қауымның өз еншісі – әдеби шығармалар. Көбінесе, этнопедагогика объектісінде қарастырылып, зерттеліп жүрген нысандар белгілі бір шығармашылықтың кейбір үзінділері болып келгендіктен, авторлардың, қаламгерлер немесе ақын-жыраулардың дүниетанымын тұтас қабылдау жағынан кемістік болып жүргені белгілі. Өткенді қопармай, ойымызды болашақ платформасына сәйкес алу тұрғысымен келсек, кешегі «нар заман мен зар заман поэзиясы» этнопедагогиканың ішкі ұстанымы мен тұжырымын байытарлық құнды материал. Егер этнопедагогика пәнін мемлекеттік стандартқа орнықтыру ниетіміз болса, әдеби шығармалардан сан салалы бағыттарды зерттей отырып, жоғары оқу орындарында студенттерді оқыту үшін арнайы, инновациялық мәндегі оқулық шығару – кезек күттірмейтін іс. Міне, осындай салмақты ойдың басын бастай отырып, көпшілік назарына Асанқайғы (XV ғ.), Қазтуған жырау (XV ғ.), Доспамбет жырау (XVI ғ.), Шалкиіз жырау (1465-1560), Марғасқа жырау (XVII ғ.), Ақтамберді жырау (1675-1768) секілді ықылым заманның ұлттық Рух бастауын, кейінгі ұрпақтың ұйтқысын ту етіп ұстаған даналардың ізгілікті тұжырымдары мен патриоттық өршіл сезімдерін бүгінгі жастарымызға дарыту мақсатында сұрыптап талдауды жөн көріп отырмыз.

Асанқайғы болмысынан нені оқу-тәрбие үрдісіне үлгі тұтамыз? Біздер әрбір Тұлғаға осындай зерделеу үрдісіне қозғау саларлық проблемалы-зерттеушілік сұрақ қоя отырып, студенттердің ізденісіне нұсқау жасаймыз. Өңгіме оқытушының құр нұсқау жасаумен аяқталмайтыны түсінікті. Олай болса, әр оқытушы аталған сұрақтың ықтимал жауабын алдын-ала өзірлейді. Бұны өзірлегенде, ескеретін бір жағдай – алдымен модульдік жүйеге салу іс-әрекеті. Оның құрылым жүйесі былай болып келеді:

- 1) Шығарманың көлемі.
- 2) Шығарманың тақырыбы, мұраты, сарыны, автордың тұжырымы, қоғам туралы ойы, мүддесі, нұсқаулық пайымы.
- 3) Шығармаларын талдаудың технологиясы.
- 4) Студенттің аталған талдау процесінен жинақтаған ой-тұжырымы, түсінігі, бағам-түйіні.

Модульдік технология тек бұрыннан мемлекеттік стандартта бар ілім мен білімдерді меңгерудің жолы ғана емес, этнопедагогика ілімін қабылдату мақсатында қолданылатын іс-әрекеттің ең ұтымды түрі. Осы тұжырымдарды іс-әрекетте қалай жүзеге асыруға болады?

№1 нұсқау

Тақырыбы: Асанқайғы шығармаларындағы қоғамдық тауқыметтің нышаны.

Мақсаты: Ел басына ауыр күндер тап болғанда, нар көтерер «жүкті» өзі көтерген абыз, алты алаштың ақылманы, озық ой-пікір иесі, елін билеген Тұлғаларға айтқан асыл кеңестерінің классикалық үлгісін жастардың бойына дарыту және олардың аталған ізгілікті ұстанымды дамытарлық қуат көздерін ояту.

№1 Модуль

1) Асанқайғы Сәбитұлының төрт түрлі толғауы жарияланған, осы толғаулардың сарынын тақырыптарға жіктеу жұмысы жүргізіледі.

2) Абыздың толғаулары өзінің өмірнамасына тікелей бағынышты. Бір жағынан толғау-жырларының қоғам тынысын аудармай сипаттайтынын ескерсек, екінші жағынан, болашақ ұрпақ қамын ойлап, тығырыққа, тұйықтыққа тірелу, торығу сезімін байқау қиын емес. Мұнымен бірге шындықты жырға өрнектеген жырауымыздың реалистік әдісті сол кездің өзінде сәтті қолданып тұрғанын аңғарамыз. Олай болса, ұлттық намысқа тиер: «Социалистік қоғамда реализм пайда болды» деген стереотипті тұжырымды жоққа шығару мүмкіндігін аңғарамыз.

Бірінші толғауында риторикалық сұрақ (фигура) символ:

«Күйрығы жоқ, жалы жоқ –

Құлан қайтіп күн көрер?!» –

Бүгінгі жастар бұндай ұғымды қабылдай бермейді. Сондықтан мағынасын ашып, әңгіме «құлан» туралы емес, адамның сипаты жырдың астарында өрнектеліп тұрғанына назар аудартып, жеке алып қарасақ, аллегория дер едік. Бірақ бұл Асанқайғы жыраудың ой-тұжырымын өзгертіп жібереді, сондықтан «символ» деген ұғымға тоқтаймыз.

Екінші жұптың түйінінде астарлаудың қуатын айқынырақ сезінеміз:

«Аяғы жоқ, қолы жоқ –

Жылан қайтіп күн көрер?!»

Автор астарлауды тікелей адамға қатысты етіп алады:

«Шыбын шақса, жаз болып –

Таздар қайтіп күн көрер

Жалаң аяқ балапан

Қаздар қайтіп күн көрер?!»

Аталған толғаудан жеке ұғымдарды бөліп алсақ: «шыбын», «балапан», «қаз» метафоралық реңге ие болар еді. Бірақ, бұл ұғымдарды метафора деп талдасақ, түспалдау, астарлау, символдау эквивалентіне нұсқан келеді.

Бұл толғаудың түйіні: Алтын Орданың ханы Ұлұғ Мұхамедтің ықпалды биі болған Асанқайғының XV ғасырдың 20-жылдарында Орда басының хандық құзырынан айрылғанда, бірге кетуімен байланысты туған толғау екендігі; 1456 жылы Шу алқабында қазақ ордасы құрылғанда, Асанқайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды. Бұл Қазақстанның орталық және солтүстік-батыс алқабын қайтадан иеленген Сарыарқаның Ұлытауы болса керек. Ұлытау жері – хандыққа бата берер киелі өлке.

Асанқайғы Алтын Орданың күйреуі тұсында элегияға бой ұрса, көңілі жай болған сәттерде ізгілікті тұрмыс құру қамына ақыл-кеңес бергендігі; Толғаудың бір көрінісі – жыраудың ішкі күйініш сезімінің риторикалық сұрақпен келуі, оның салмағын арттырып тұрған «?!» көтеріңкі леппен және сұрақ белгісі болуы; Өмірдің қалпы бұрынғыдан өзгеріп, алдыңғының «құз» не «нұр» екендігінің белгісіздікке келуі.

Екінші толғауда абыздың көңіл-күйі өзгереді. Етістік формасының құбылуы арқылы бұрынғы бақытты, құтты тіршілігіне зар болып, нар күшке ие болу амалын іздейді. Бірақ, ол күш қайда бар?

Белгісіз... Дәлелдей түссек:

«Қырында киік жайлаған, – есімше

Суында балық ойнаған, – есімше

Оймауыттай – теңеу тоғай егіннің

Ойына келген асын жейтұғын, – жұрнақ.

Жемде кеңес қылмадың,

Жемнен де елді көшірдің. – жедел өткен шақ, II жақ, кім көшірді?...

Ойыл деген ойынды, – символ»
Ойыл көздің жасы (метафора) еді, ... – жедел өткен шақ, II жақ,
Кім көшірді?...

Еділ деген қиянға,

Еңкейіп келдің тар жерге – жедел өткен шақ, II жақ.

Толғаудың ең құнды тұсы – осы көрініс. Асанқайғы дегенде студенттің есінде Еділге келгеніміз және ол жердегі өрісіміздің тарылғандығы тұрақталып қалуы керек. Біздің сабағымыз әдебиет болмағанымен, әрбір ұғымды контекстік мәнде талдамай, автордың тұжырымын дөп басу, дәл табу мүмкін емес. Оқытудың бұл технологиясы – толғаудың маңызын ашуға қозғаушы күш. Бұл толғаудың түйіні:

«Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,

Бірін қысқа қыстасаң,

Ал қолыңды маларсың

Алтын (метафора) менен күміске (метафора)!»

Асанқайғы абыздың бұл элегиялық сарында жырлаған толғауларын студенттерге талдату арқылы жер туралы ұлтараздық кикілжіңді тереңдету мақсатын ұстану жақсылыққа апармайды. «Этнопедагогика» пәні XV ғасырдағы данагөй жыраудың айтқан ой-тұжырымын насихаттау рөлін атқармайды, керісінше, бүгінгі ғаламдық кеңістік пен уақытта Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қабылдап жатқан заңдары басқа мемлекеттермен қауымдастық, ықпалдастық іс-әрекетте туып отырғанына мән бергізу амалы басымдықта келеді. Тегеурінді ата-бабаларымыз жер мәселесінде «тар өткел мен тайғақ қия құлама-сұламаларын» бастан кешсе, ол тауқымет бүгінгі күнге дейін тез шешіле қоймағандығы ескеріліп, бірақ, бүгінгі және алыс болашағымызда еркіндік тізгініне ие болғандығымызды дәлелді фактілермен бекітіп, жастардың бойына сенім отын, оптимистік сезім шырағын тұтату – оқытушылардың басты парызы. Бұл толғауда етістік формасының өзгеріп отыруы – жер дауына қатысты тығырықтың құбылысын көз алдымызға іс-әрекет сипатында келтіруі.

Толғаудың кейбір түрлері арнау мақамында өрнектеледі. Үшінші толғауында біз осы нақышты кездестіреміз.

Асанқайғының Хан иесіне арнауы.

Студенттердің қазақ халқының діліне қатысты тұжырымдарды түзуіне мына жолдарды аламыз:

1 Қорған салдың бейнет қып, (еңбегі еш кеткен)

Қызметшің жатыр ішіп-жеп.

... Оны неге білмейсің? (риторикалық сұрақ)

2 Қатын алдың қарадан,

Айрылдың хандық жорадан (ұлттық дәстүр).

Себебі:

Ел ұстайтын ұл таппас,

Айрылар ата мұрадан!

Мұны неге білмейсің? (риторикалық сұрақ)

3 Құлын көп сені өлтірер,

Осыны Асан біледі,

Мұны неге білмейсің? (риторикалық сұрақ)

4 Тапқан жерге ел көшір,

Мұны неге білмейсің!? (риторикалық сұрақ)

Хан иесіне арнаған Асанқайғының бұл арнауының жұмбағын толғаудың түйінінен табамыз:

«Ай, Жәнібек, ойласаң,

Қилы, қилы заман болмай ма?.. »

Берілген арнаудан сұрыптап алған төрт тұжырым сол кездің кеңістігі мен уақыт тынысының көрінісі болғанмен, кейінгі ұрпаққа да ой салар, көңілге демеу болар, күш-қуат берер рухани ақыл-кеңес екеніне студенттердің ықыласын аудартуымыз этнопедагогиканың маңызын арттыра түспек.

Төртінші толғауында гумандық сарын бұйрық райлы етістіктер арқылы түзілген. Бұл толғаудың бүгінгі жастар үшін тәлімдік маңызы зор. Әрине, ол үшін толғаудың өзіне құлақ салу абзал:

Еділ бол да, Жайық бол, (кең пейілді бол)

Ешкімменен ұрыспа (дау дамайға ілікпе).

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа. (Егер ол адал болса)

Ердің құны болса да,

Алдыңа келіп қалған соң,

Қол қусырып барған соң,

Аса кеш те қоя Бер,

Бұрынғыны қуыспа. (кешірімді болу)

Ақын болса біреуде,

Айыбын тап та ала бер. (Ебін табу, ашық қайшылыққа келмеу)

Ерегесіп ұрыспа.

Сенікі жөн болса да,

Атың шықпас дұрысқа (Көпшілік дұрыстықты қабылдасамаса, оған әуре болма)

Мінезі жаман адамға
Енді қайтып жуыспа (Бұл тура мағынасында).
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін, (Тура мағынасында)
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Аталған жеті рухани ақыл-кеңестің түйіні мына тұжырымда
болып келеді:

«Аш дұспан (шарттылық), артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа (шарттылық)».

Асанқайғы жыраудың тек төрт толғауынан студенттерге білім мен рухани нәр аларлық оқыту технологиясының талабына сай жұмыс жүргізудің модулін құрастыру – әр оқытушының бүгінгі қоғам алдындағы міндеті. Көбінесе, білімдену технологиясы этнопедагогика пәніне қатысты емес деген ұғым әлі де болсын өмірден кеткенімен, кейбір субъектілердің көңіл-күйлерінен кеткен жоқ. Қазақстан Республикасында этнопедагогика саласынан докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғаған ғылыми әлеуеті басым тұлғалардың бәрі дерлік біздің бұл пайымымызды құптар деген сенімдеміз. Әрине, барлық этнопедагогика объектісі тек әдеби шығармаларда ғана десек қателесеміз. Бірақ, этнопедагогиканы ғылым ретінде стандартқа енгізу және тұрақтандыру мәселесін шешіп беруге әдеби шығармалардың мүмкіндігі зор. Сол себепті жекелеген этнопедагогика ұғымдарын шығармалардан талдау оның сөйлем не өлең жолдарындағы сөйлем ретіндегі түйіндерін саралау арқылы түсіну студенттердің ұлттық нақыш пен заңдылықтар, дәстүрлер, қағидалардың сипатын бүгінгі күнге ұтымды пайдалана білуіне септігі бар. Академик Серік Қирабаев өзінің интервьюінде (телехабар) кейінгі кезеңдерде Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев сияқты тұлғалардың жоқтығына мән берді. Міне, біздер де академиктің бұл ойын құптай отырып, оның басты себебі руханияттың ұлттық нақышта болмауы және ана сүтімен тілінің құндылығы бала жүрегіне сіңбеуі дегенге тоқталмақпыз. Этнопедагогика пәнін көбінесе кластан тыс өткізілетін жұмыстардың көрінісінде қабылдаумен қоштасар кез келгенін үзілді-кесілді айтар уақыт жеткен тәрізді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Абу Насыр аль-Фараби.** Естественно-научные трактаты. – Алматы : Наука, 1987. – 282 с.
- 2 **Жүсіп Баласағұни.** Құтты білік. – Алматы : Жазушы, 1986. – 430 б.
- 3 **Қожа Ахмет Иассауи.** Диуани Хикмет (Ақыл кітабы) / ауд. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы : Мұраттас, 1993. – 262 б.
- 4 **Құнанбаев, Абай** Шығармалар. – 2 томдық. – II Т. Алматы : Жазушы, 1968. – 270 б.
- 5 **Шәкәрім Құдайбердіұлы.** Шығармалары/ құраст.: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, А. Құдайбердиев. – Алматы : Жазушы, 1988. – 560 б.
- 6 **Аймауытов, Ж.** «Педагогические руководство» (учебное пособие) – Оренбург : Госиздат, 1924.
- 7 **Ахтанов, Т.** «Ел қасиеті – ер қасиеті» Бауыржан батыр кітабынан. – Алматы : «Жалын», 1991. – 225 б.

К ВОПРОСУ ПОНЯТИЯ ПОДДАНСТВА В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ

МАЛИКОВ К. Т.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
МОЛДАКИМОВА А. С.
к.и.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Причины вхождения Казахского ханства в состав царской России являются актуальным вопросом в исторической науке Казахстана. И в этом контексте значимым становится изучение понятия подданства для кочевого мира.

Принятие подданства началось со второй четверти XVIII века – «около 1725 года ойроты захватили города Ташкент и Туркестан. Султаны и правящая знать окончательно растерялись. Они не сумели поднять народные массы на борьбу. Вместо этого хан Абульхайыр, кочевавший с Младшим жузом, обратился в 1726 году к царскому правительству в Петербург с просьбой принять казахов в российское подданство. Абульхайыр рассчитывал, что российское подданство спасет его от ойротов. Но в то время царское правительство само переживало трудное время после смерти Петра I. Не имея точных сведений, от чьего имени Абульхайыр обратился с предложением

о подданстве, оно не ответило на его просьбу» [1, 226]. Но тем не менее, спустя некоторое время «для приведения казахов к присяге на подданство русское правительство в 1731 году отправило к Абулхайру из Петербурга многочисленное посольство. Во главе посольства был поставлен переводчик коллегии иностранных дел, выдвинувшийся еще при Петре I как дипломат и знаток Востока, казанский мурза Кутлу Мухаммед, он же А. И. Тевкелев. Посольство везло с собой грамоту императрицы о принятии казахов в подданство Российской империи и богатые подарки для казахской знати» [1, 230].

На поверку же Абулхайр обманул народ и биев, так как бии просили отправить письмо о военном союзе с Россией, Абулхайр же отправил прошение принятия в подданство. После разоблачения Абулхайра «7 октября 1731 года в кибитке хана состоялось первое свидание Тевкелева с биями» [1, 231]. Но бии не соглашались принять подданство, и намеревались убить Тевкелева, но посол же «тем временем повидался с батыром Богенбаем и склонил его на свою сторону. Это было очень важно, так как Богенбай пользовался огромным влиянием среди биев и народа» [1, 232]. Благодаря уговорам Богенбая младший жуз принял подданство, а в дальнейшем и средний жуз. «В 1740 году к начальнику края в Оренбург были приглашены наиболее видные владетельные султаны. Здесь они принесли присягу царскому правительству. Среди присягнувших был также султан Аблай» [1, 236].

И тут возникает вопрос, каковы же были аспекты восприятия подданства кочевым народом? Так часть казахов выступила против принятия подданства, но не смотря на это крупных столкновений не было, и часто они все же поддавались уговорам знатных людей. Некоторые столкновения были вызваны активной деятельностью извне, в частности, калмыков. Об этом свидетельствуют следующие строки, «в 1732 году борьба казахов против российского подданства вспыхнула с новой силой. Ее подогревал один калмыцкий князь, враждовавший с царским правительством. Он дважды посылал своих агентов в младший жуз, и его уговоры оказали большое влияние на казахов» [1, 233]. Как же можно объяснить такие пассивные действия казахского народа, и поступки части уважаемых личностей, не глупых личностей, приведших к потере независимости

Кочевой образ жизни имеет свои специфические черты, отличные от оседлого. Рассмотрение исторических процессов идущих у кочевников сквозь призму оседлого мира привело к

искажению многих событий. Отличие их друг от друга состоит как в ведении хозяйства, быте, мировоззрении, психике, стереотипах мышления, так и в государственном устройстве. Следовательно, при рассмотрении исторических событий кочевого мира требуется все это принять во внимание, и тогда появится возможность видения новых сторон исторических процессов.

Уникальность кочевых народов в том, что они не имеют построек, крепостей. Кочевой образ жизни основывается на свободе и вольности народа. Как то Жун – Шин Ио сказал «Сила гуннов в свободе, привыкший к почетному месту стремится туда, Гунны привыкли к свободе», поэтому сложно заставить к полному подчинению вольный народ. В оседлом мире государственность строится на власти царя, рычагами которой является земля, что дает ему полное подчинение народа. А в кочевом государстве такие рычаги власти у хана как таковые отсутствуют, так как владение землей не дает привилегий для хана.

Устройство кочевого государства, в особенности Казахского ханства, очень своеобразно. Здесь имеются «рода», родом называются потомки семи предков, главой рода является «бий», Бий – это мудрец, и судья, бием не рождаются, а становятся по признанию всего рода, часто они же являлись еще батырами и шешенами. По Шокану Валиханову «слово бий принадлежит к числу древних тюркских слов; оно существовало и существует у всех тюркских народов под выражениями: бек, бей и бии. Слово это имеет много значений, бек, понимается у народов закавказских в смысле князь; бей у турок имеет тот же смысл, а у киргизов существует глагол билік, что значит судить, рядить, следовательно, первоначальное значение этого слова у киргизов было судья» [2,308]. Потомки от седьмого до четырнадцатого предка являются двоюродными братьями, от четырнадцатого до двадцать первого троюродными, а в союзе рода называется племенем (тайпа). Главой племени является «тобе би» (старший бий). Несколько родственных племен объединяются в жуз (сотню) главой которого является «хан», а главой всех трех жузов (трех сотен) является «улы хан» (великий хан). Выбор же хана определяется из рода чингизидов по личностным качествам, знаниям, справедливостью но самое главное у хана должна быть цель. Примером служит откочевка Жанибека и Керее от хана Абулхайра в связи с разногласием в целях и идеологической направленностью.

Из всего этого следует, что народ не является в прямом подчинении хана, их подчинение носит больше добровольный

характер. О том, что в кочевом мире не было аппарата принуждения говорится в труде Л. Гумилева «мы видим господство обычая, авторитет, уважение, власть, которой пользовались старейшины рода... но нигде не видим особого разряда людей, которые выделяются, чтобы управлять другими и чтобы в интересах, в целях управления систематически, постоянно владеть известным аппаратом принуждения, аппаратом насилия, каковым являются в настоящее время... вооруженные отряды войск, тюрьмы и прочие средства подчинения чужой воли насилию» [3, 80]. Государственное управление в Казахском ханстве во многом схоже с кочевым государством хунну, «хунны управлялись своими родовыми старейшинами, опиравшимися не на войско, а на народное ополчение. Шаньюй был просто главным среди прочих и не имел никакой реальной власти, кроме личного авторитета» [3, 80]. Об этом же свидетельствует Т. И. Султанов: «реальная же власть каждого отдельного хана была персональна и в значительной степени зависела от его личностных качеств и индивидуального обаяния, так сказать, от его царственного облика» [4, 74]. Из-за отсутствия рычагов власти, точнее принуждения хан являлся выборным, не он выдвигал себя на трон, а народ, о котором он должен был заботиться, «хан обязан заботиться о своих подданных и войске «как мать» о своих детях, а подданные и войско должны считать государя “отцом для себя” и искренне ему повиноваться, верно служить и жертвовать своими жизнями для поддержания его власти» [4, 72].

Из вышесказанного мы поняли, что ханы кочевого народа не имели абсолютной власти, но, несмотря на это власть концентрировалась в их руках благодаря многим личностным качествам и умению объединять вокруг себя людей.

Так, например, красноречие играло огромную роль в кочевом обществе, что подтверждает Г. Косымова в своем труде «Шешендік өнердің негіздері»: «Халықтың тіршілігі мен тұрмысында сөз өнері, яғни өнер дәрежесіне жеткен көркем сөз ауадай қажет боп, оның бүкіл тарихы мен тағдырында шешуші рөл атқарды. Қазақта «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіру» деген әріден келе жатқан сөз бар... Сондықтан гректер мен римдіктердікі сияқты, сөз өнерін дамытуға, сөздің күші мен құдіретін, оның қоғамдық әсер, ықпалын арттыруға бүкіл халық болып арғы замандардан бері ат салысты, тілді осындай дәрежеге жеткізуді өмірдегі өзекті мәселелер қатарына қойды. Қазақта көне заманның өзінде жетелі сөзге табыну мен бағынудың басым болғаны – соның бір айқын дәлелі. Халық аталы сөзді алты

жасар бала айтса да, алпыстағы ақсақал қарт айтса да, айтушысына қарап емес, айтқанына қарап бағалаған, тындаған. Бұл – сөздің тек биік өнер дәрежесіне жеткенінің белгісі» [5, 12].

Скорее всего, то, что ораторское искусство получило такое высокое развитие в кочевом мире связано с его мировосприятием, а также являлось орудием концентрации власти, и объединения племен и родов в государство. Свидетельством же того, что «шешендік өнер» получило широкое развитие у кочевых народов является сходство написания и стиля древних памятников и казахского словесного искусства. Подтверждение этому можно найти у М. Ауезова в труде «Әр жылдар ойлары»: «О баста ауызша туған жыр жолдары, шешендік сөздер бергінде туған осындай сөз үлгілерінен де форма жағынан алыс жатқан жоқ. Себебі шешен сөйлеу тәсілдері әр кезде де бір сипаттас болды. Бастауын «Алып Ер Тоңа» атты ежелгі жоқтау жырдан алған Күлтегін жыры мен қазақ жырларының желі-жүйесі, сөз саптау тәсілдері ортақ. Олардың дүниеге келгеннен бастап, қаған (хан) болғанға дейінгі өмірі тәңірі тарапынан қолдау тауып отырады. Жауға қарсы соғыстарда ғаламат күшімен, тандесі жоқ батырлығымен көзге түседі. Жорықтардың бәрі бас қаһарманның жеңісімен аяқталып отырады. Бұрынғы және кейінгі жырларда олардың жас шамасы, тегі, астына мінген аты, ата жолына беріктігі, әрбір жорықтарға сәт сапар тілеуі, одан кейін ерлік қимылдары, жеңіске жетуі – осының бәрі ел билеген қағандарға (хандар) тұлғасын жасауда ұқсас тәсілдер» [6, 210].

Кроме того, преимущество кочевого быта это свобода перемещения, которая не позволяет завоевать народ, кочевников можно истребить, но не завоевать, так как возможность отступать не позволяет им попасть в окружение. Тактика ведения боя кочевого народа такова, что перед боем семьи перекочевывают в противоположную сторону от мест военных действий, и это позволяло воинам отступать при поражении, давая при этом возможность бесконечных попыток возвращения земель.

После выявления некоторых особенностей кочевого мира возникают следующие вполне закономерные вопросы: а может ли кочевое государство быть в прямом подданстве (вассалитете), возможно ли какому-либо государству иметь абсолютную власть над кочевниками, когда даже хан не владеет ею в связи с кочевой спецификой ханства?

Это, конечно же, проблемы, которые еще требуют к себе внимание со стороны не только исторической науки, но и

других отраслей. Таким образом, само понимание кочевым народом своего специфического качества, не дает ему серьезно воспринимать подданство и вассалитет. Казахский народ попал под абсолютный контроль Российской Империи только после того, когда в процентном соотношении доля оседлого населения стала преобладать над кочевым.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 **Бекмаханов, Е.** История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней – 3-е изд.; переработ. – Алматы, 2011. – 670 с.
- 2 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений в пяти томах. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии. – Том 2. 1985. – 416 с.
- 3 **Гумилев, Л. Н.** История народа хунну. – М. : АСТ : Астрель, 2010. – 700 с.
- 4 **Султанов, Т. И.** Поднятые на белой кошке. Потомки Чингизхана. – Алматы : Дайк-Пресс, 2001. – 276 с.
- 5 **Қосымова, Г.** Шешендік өнердің негіздері. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2007. – 296 б.
- 6 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 556 б.

СОВРЕМЕННЫЕ ТRENДЫ РАЗВИТИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ КАЗАХСТАНА

МАРДАНОВА З. Ж.
к.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
АХМЕТБЕКОВ А. М.
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Анализируя новые тенденции исторической науки в мире, необходимо, прежде всего, обратить внимание на новые концепции, новые способы изучения явлений прошлого и междисциплинарный подход.

В мировом масштабе актуальные проблемы исторической науки, созвучные велению современности, определяются на международных конгрессах историков. Этот форум историков созывается раз в пять лет уже более века и выявляет основные тренды развития исторической науки. Последний прошел Международный конгресс исторических наук в Китае (г. Цзинань) 23-29 августа 2015 года.

Самое главное, конгрессы интересны тем, что они позволяют выявить мировые тенденции, научные интересы и увлечения историков мира, актуальные темы, наиболее привлекательные сюжеты.

Первое, что бросается в глаза, если говорить о науке, то это большой интерес к теории. Еще на рубеже XX-XXI веков одним из самых ярких воплощений происходящих в мире и науке перемен стало формирование междисциплинарного исследовательского поля глобальной истории (global history). Родиной ее считают США и Великобританию, но в последние десять лет она интенсивно развивается в Европе, а также в Канаде, Австралии, Японии, Китае и других странах мира.

Так, последние форумы историков прошли под знаком глобальной истории.

Глобальная история – достаточно сложная материя, это не просто всемирная история людей, стран и народов. Сюда вкладывается определенный методологический смысл, во многом связанный с термином «Глобализация», ставшим нашей сегодняшней реальностью, вызывающий ожесточенные споры и непрекращающиеся дискуссии. Это некая взаимосвязанность мира, взаимосвязанность эпох по вертикали и взаимосвязанность различных регионов по горизонтали. В дополнение к этому – локальная история, национальная история. В контексте понимания глобальной истории рассматриваются многие актуальные сюжеты, например, насколько национальная история отдельного государства может составлять часть глобальных процессов развития человечества. Это стремление связано еще с тем, что, как показал общечеловеческий опыт, для исторического процесса характерна асимметрия и неравномерность, когда разные страны проходили различные стадии развития в разные исторические периоды.

Интерес к глобальной истории еще вызван тем, что существует убеждение о наличии закономерностей, которые двигают исторический процесс и являются общими для всех. Несмотря на зашоренность и архаизм данного посыла, большинство современных историков признают, что история нуждается в синтезе, что без общих идей и общего понимания сложно оценить те или иные исторические явления. Отсюда и возрос интерес о включении глобальной истории, чтобы найти общие составляющие, прийти к общему знаменателю по отдельным масштабным событиям.

Термин «глобальная история» только входят в обиход историков, большинство же их отдает предпочтение понятиям «всеобщей» или «всемирной» истории».

Вторым мировым трендом науки по праву считается социокультурная антропология.

В последней трети XX в. непрерывно создавались новые исторические субдисциплины. Наряду с привычными всеобщей, страновой, экономической, социальной, политической, культурной, военной, аграрной историей, историей международных отношений, в Европе началось повальное увлечение микроисторией, которая еще получила название «История повседневности». Фокус исследования сменился от лидеров и вождей к самому обычному человеку. Это направление получило еще название культурной антропологии, ставшей одной из самых востребованных историками областей знания. На ее теориях и во многом методах строится историческая антропология, история ментальности, история повседневности и даже «новая» политическая история.

Так, сегодня мы имеем такие узкие направления исследования во всемирно-историческом срезе, как история болезни, преступления, голода, еды, любви, города, детства, старости, экоистория, психоистория, история ментальности. С одной стороны, это вызывало большой интерес у общественности, но, с другой, самое влиятельное научное направление приводило к «раздроблению» истории, которая утрачивала былую целостность и целеустремленность, общее синтетическое видение всей истории.

Как реакция на это увлечение повсеместно наблюдается возврат к макроистории в виде глобальной истории, что отнюдь не отменяет микроисторию, интерес к ней у людей всегда будет.

Если же обратиться к конкретным направлениям последних лет, можно увидеть, что экспансия культурной истории продолжается, активно развиваются микроистория, локальная история, историческая антропология, история массовых представлений и «исторической памяти», гендерная и женская тематика. Заметно изменилась история науки и образования. В целом историки за последние годы радикально переосмыслили уже известную информацию – масштаб впечатляющий.

На фронтір исторических исследований действуют экзогенные факторы. Социальные проблемы современного общества – постсоциализм, глобализм, неоколониализм, новый миропорядок, религиозная мобилизация, новый характер миграции

и маргинальности, массовая культура – ставят задачи научного анализа связанных с ними явлений и процессов (демократии, империи, transition, цивилизации, культуры, идентичности, гендера, массовых представлений), в том числе и перед историками.

В целом, развитие современной историографии в последние десятилетия намного заметнее определяется «социальным заказом». Об этом говорит и распространение «публичной истории» и авторитетность фигуры публичного историка.

В то же время состояние историографии зависит и от факторов эндогенных, связанных с развитием социальных и гуманитарных наук, которые порождают новые междисциплинарные поля. Сегодня в социальных науках активно задействованы такие дисциплины, как география, экология, биология, нейрология, антропология, информационные технологии. Взаимодействие с этими науками образует не существовавшие ранее междисциплинарные союзы, среди которых эволюционная экономика, моральная география, социобиология. Из всех перечисленных трансформаций, происходящих сегодня на поле социальных дисциплин, наиболее актуальной для истории оказалась «специализация» социальных наук.

В современной исторической науке новации локализируются прежде всего в области глобальной истории, пост/неоколониальных исторических исследований, истории империй. Вместо компаративной истории все активнее предлагается «переплетенная» история (entangled history).

В целом же, в последнее десятилетие глобальная история вышла на лидирующее место в исторических публикациях, особенно журнальных. В ее границах, на фоне сохраняющейся традиции, утвердились новые направления. Это, во-первых, транснациональная история, предлагающая способы конструирования универсального мира. Во-вторых, мировая история, в фокусе изучения которой оказались процессы взаимодействия микросистем и локальных цивилизаций. В-третьих, интернациональная история, изучающая историю международных сообществ. В-четвертых, концептуально обновленные история империй и история наций.

Одновременно появляется большое количество отдельных историко-территориальных объектов исследования, актуальных для современного мира, но новых для историков: миграции, феномены полиязычности и мультикультурности, разнообразные транскультурные процессы, «мир во фрагментах».

Также, обобщенно, последние форумы историков показали также дальнейшее развитие тенденции к исследованию истории гуманистических ценностей человечества, сохранения мира и окружающей среды.

Возросло внимание к укреплению общественных функций истории как науки и как учебной дисциплины, влиянию историков на общество и государство.

Қазақстандағы жұмыссыздық мәселесі қазіргі дағдарыс кезіндегі ең негізгі және маңызды мәселе болып табылады. Себебі нағыз әлеуметтік-экономикалық, этникалық проблема бұл – жұмыссыздық мәселесі. Адамдар жұмыссыздыққа ұшырап өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмау себебінен әрқилы әлеуметтік те, экономикалық та және тағы да басқа проблемаларға тап болады. Ал бұл отбасының дамуын, ол өз кезегінде Қазақстан қоғамының дамуын тежейді.

Қазақстан Республикасы Президенттің «Қазақстан-2050» даму стратегиясының ең негізгі басымдылықтарының бірі – бүкіл қазақстандықтардың гүлденуі, жағдайының жақсаруы – жұмыссыздық пен кедейшілікке қарсы күрес болып отыр. [1]. Бұл басымдылықтың негізінде қаржылық сектордың, яғни, микронесиелендіру, ұлттық капиталды белсенді түрде тарту, қоғамдық жұмыстар мен қызмет көрсетулер деңгейін жоғарылату болып табылады. Қазіргі кезде экономиканың нақты секторында жұмыссыздықпен күресу проблемасын жана жұмыс орындарының құрылуымен, жұмыспен қамту саясатының белсенді жүргізілуімен және жұмыссыздықтан сақтандыру жоспарларымен шешу керек.

Жалпы еңбек нарығындағы қолайсыз жағдайларға қарамастан еліміздің орнықты дамуы – тұрақты жұмыспен қамту саясатымен тығыз байланысты. Экономиканың нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде жана тәуелсіз мемлекеттер жұмыспен қамту және жұмыссыздық жағдайларымен бетпе – бет кездесті.

Жұмыссыздық әр мемлекетте бар және нарықта белгілі бір көлемде болып табады. Жұмыссыздықтың шамадан тыс болуы халықтың әл – ауқатына кері әсерін тигізеді хак. Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тиімді іске асырылуы еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Себебі, экономикалық даму қарқынды экономикалық өсу мен тұрақтылыққа негізделеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген

экономикалық өсу» ұзақ мерзімді басым мақсаттардың бірі ретінде анықталады [1].

Еңбек қатынастары жұмысшы күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасымен реттеледі, яғни жұмыс күшінің тауар түрінде көрініс табатын формасы қалыптасады. Сондықтан халықтың, адамдардың өзі емес, олардың қабілеттіліктері, дағдылары мен білімі негізгі тауар болып табылады. Ал өз қабілеттіліктерін нарықта пайдалана алмаған адамдар еңбек нарығынан тыс қалатындығы өздігінен белгілі жайт. Олар жұмыссыздар санына ілігеді. Қазіргі жағдайда жұмыссыз халықтың әртүрлі категориялары қалыптасты: жұмыссыз әйелдер, жұмыссыз ерлер, жұмыссыз жастар.

Бүгінгі таңда біздің Қазақстанда басқа көптеген елдермен салыстарғанда адамның еңбегі төмен бағалануда. Мысалы, Швецияда – 30, Германияда – 28, Австралияда – 22, Францияда – 15 долларды құрайды. Ал Қазақстанда 0,10 доллар.

Қазақстанда жұмыс берушілер жұмыс күшінің сапасына жоғарғы талаптар қояды: біліктілікке, кәсіби және жалпы білімді даярлыққа, еңбекке шығармашылық қатынасқа, жұмыстың жоғары сапасына. Бизнес саласы кадрларды кәсіби даярлауға, кадрлардың оқу шығындарын өтеуге назар аударады. Ғылыми-техникалық прогрестің және экономикалық қатынастардың қарқынды дамуына байланысты кадрларды қайта даярлауға қаржы құю олардың бекітілуі мен тұрақтандыру саясатының бағытын анықтады.

Елімізде жұмыссыздықтың алдын алуға бағытталған көптеген шаралар қарастырылған және қарастырылуда. Бірінші кезекте қажетті мамандықтарға қайта даярлау, ауылдық жерлердегі жұмысқа тарту, ауылға баратын мамандарға әлеуметтік қорғау көрсету, білімдерді жетілдіруге бағытталған шаралар. Ауыл шаруашылығын қалпына келтіру шаралары да қарастырылып жатыр. Бұл бағыттағы іс-әрекеттер болашақта жағымды нәтижелерге әкелері сөзсіз.

Қоғамдағы әйелдер мен ер азаматтардың көп бөлігінің жұмыссыз қалуы, олардың жұмыссыздар санын өсіруіне ықпалы жылдан – жылға артып келеді және бұл проблема мемлекеттің қиын жағдайға қалдырып отыр. Жұмыссыздық бұл қоғамның шешімі қиын күрделі проблемалардың бірі. Нарықтық экономиканың қалыптасуына әсер ететін, қаржылық нарықтық инфрақұрылым шарттары әлі де болса жеткіліксіздігінен, көптеген әлеуметтік проблемалар, соның ішінде, еңбек және жұмыспен қамту саласында көптеген кемшіліктер бет ала бастады. Отандық өндірістің дамуына

ықпалын тигізетін экономикалық және қаржылық механизмдерінің жетіспеушілігі кейбір аудандарда әлеуметтік қақтығыстың пайда болуына әкеліп соқтырады, яғни кедейшілік пен жоқшылыққа әкелді. Қоғамдық бейімделуді зерделеу, соның ішінде әйел адамдардың еңбек нарығына бейімделуі, ең алдымен қазіргі таңда болып жатқан өзгерістерге байланысты. Қазақстан қоғамы дамудың қарқынын арттырып ғана қоймай, сонымен қатар, қоғамдық қатынастарды да өзгерткен жаңа, яғни, ақпараттық даму деңгейіне түсті.

Қазақстанда жаңа идеялардың қайнар көзі іспеттес әйелдер еңбегін қолдануды жақсартудағы, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту ісіне айрықша маңыз беріліп отыр. Оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы қоғам үшін маңызды. Әйелдер еңбегін қолдану бәсекелес нарықтық ортаны құруға мүмкіндік туғызады, тауарлар және қызметтермен нарықты қанықтырады, сұраныстың өзгерістеріне икемді жауап қайтарады, тәуекелді жобалар мен жаңалықтар енгізеді, сондай-ақ мамандарды, капиталды, негізгі және қосымша материалдарды толықтыру көзі болып табылады. Әйелдер еңбегін қолдану еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін көтеруге және олардың өмір сүру сапасын арттыруға өз септігін тигізеді. Соңғы отыз жылда адамзаттың негізгі аспектілерін қайта қарауда – жұмыс, отбасы, жыныс мәселелері, теңдікке және әділеттілікке ұмтылуда әйелдер жетекші орындарға ие болды. Әйелдер қазір болмысты айқындауға, білімді қабылдауға және көшбасшылыққа үйретуге ықпал етеді. Әйелдер жұмыссыздығының негізгі басты себептері мыналар болып табылады: еңбек нарығындағы қысымның жалпы артуы; жұмыспен қамтамасыз етушілердің әйел еңбек күшіне деген сұранысының өте төмен болуы; жұмыссыз әйелдер біліктілігі қабілеті мен сұраныстағы жұмыстың сәйкес келмеуі. Көптеген жағдайларда жұмысқа керек әйелдер төмен ақы алуға сай біліктілігі төмен әйелдер; жұмыспен қамтамасыз етуде әйелдердің жартысынан көбінің көмелеттік жасқа толмаған балаларының болуы кедергі жасайды; ұзақ уақыттық тоқтап қалу үдерісі, төмен еңбек ақы, оның уақытылы төленбеуі, тұратын орнынан қудалануы – осылардың барлығы, жұмысбасты әйелдердің өз қалауымен жұмыстан шығуына алып келетін себептері болып келеді.

Әлемдік дағдарыс ерлер жұмыссыздығына біршама деңгейде әсер етті. Жұмыс орындарындағы қысқартуларында бірінші кезекте жас мамандар жұмыстан шектелді. Бұлай іс-әрекет жасау үлкен

кателік болып табылады. Себебі қоғамның келешегі жастар болып жұмыстан шығуының себептер деп мыналарды көрсетуге болады. Бірінші, тәжірибесінің аздығы. Екіншіден жұмыс орнында еңбек өтелінің аздығы. Бұлай деп айтудың себебі жас маман бірден жұмысқа сіңісіп кете алмайды.

Жұмыс ортаға бейімделу үшін біршама уақыт керек. Дағдарысқа дейінгі» статистика мәліметтеріне сүйенетін болсақ ЖОО-ның бітірушілердің тек қана 30-40% мамандығы бойынша жұмысқа орналасса, кешегі студенттердің көпшілігі екінші жоғары білімді алуды жоспарлайды немесе өзінің еңбек дағдысын қымбатырақ іздейтін бағалайтын жұмыс орнын іздейді. Бітірген студенттердің көпшілігі екінші мамандық алуда ұмтылысы елдегі жұмыссыздықты азайтуда өте үлкен әсер етеді. Жұмыссыздықтың тағы бір әсер ететін жайт бұл елдегі жеке меншіктік ЖОО-ның көп болуы. Осы оқу орнын бітірген жас мамандар көп жағдайда жұмыссыздық күйін кешіп жүр. Бұлай айтудың басты себебі жекеменшіктегі оқу орындары өздеріні түлектерін жұмысқа қабылдауға міндеттей алмайды. Сол себепті де ата-анасының табан ет маңдай терімен тапқан ақшасынан төлеп, оқу бітіріп, мамандық иеленген көптеген мамандар бірден жұмысқа тұра алмайды. Келешекте осы мамандық түрі мен жұмыс істелуі де мүмкін. Өйткені өз мамандығы бойынша жұмыс істемеуінен тәжірибесі, еңбек өтемі де болмайды. Осылай жылдан жылға жұмыссыз мамандар көтеріліп, ол әртүрлі әлеуметтік қиындықтар туғызуы мүмкін. Тағы бір мәселе – жоғарғы оқу орындары мен жұмыс беруші арасында байланыс пен ынтымақтастықтың болмауы. Қазіргі таңдағы ең басты міндет – жоғары оқу орындарының түлектерін жұмыс орындары мен қамтамасыз ету. Және де жәрмеңке өткізу қазіргі еңбек нарығын қандай мамандыққа биімделгенін көрсетіп береді. Ерлер жұмыссыздығын болдырмаудың қарапайым жолы кадр дайындаған кезде сұраныста бар мамандықтарды оқытуға көп көңіл аудару керек. Қоғам үшін тиімсіз мамандықтар жұмыссыздықты өсірмесе азайтпайды. Ж.О.О-ның керексіз мамандықтарға түсетін студенттердің саны белгілі шамадан асып кетіп жатады. Бұл дегеніміз мемлекет үшін керексіз кадрлар дайындаудың басты көзі болып табылады. Тағы да тоқталып кететін мәселе бұл ЖОО-ның білім бері жүйесі. Елдегі көптеген ЖОО-да білім деңгейі жеткілікті дәрежеде студенттердің санасына сіңіріліп жатқан жоқ. Жұмысқа келген жас маманның ойлау түсінігі жеткілікті болса жұмыссыздықты азайтуға әсерін тигізеді. Ерлердің жұмыссыз жас

атануының тағы бір себебі білімді өз бойларына дұрыс сіндіре алмауы. Кез-келген жас маман білімді болып тұрса оны ешкім жұмыстан қуа алмайды.

Бұл аты аталған жағдайлардан көретініміз адам қаншалықты білімді, талапты болса жұмыссыз қалуы мүмкін емес, «Оқу инемен құдық қазғандай» деп айтылған мақалдың жөні бар. Әр адам мамандығы бойынша нағыз маман иесі болып шығу үшін көп ізденіп, оқумен үнемі айналасуы керек. Жұмыссыздықтың ең бірінші себебі білімсіздіктен туындап отыр. Әлемдік экономикада еркін бәсекеге сай болу үшін жұмыссыздық мәселесін жою шарт. Білім деңгейін көтермей жұмыссыздықты жою мүмкін емес нәрсе. Сондықтан білімді болуға шақыру, олардың санасына білімді сіңіру ең басты мақсат болып табылады. Қасиетті Құран-Кәрімде «Оқы-оқы және оқы» делінген.

Қоғам ортасындағы маңызды жайттың бірі – орта және жоғары білім беру жүйесіндегі жағдайлар қазіргі замандағы жастардың даму деңгейіндегі айқын өзгерістерімен қатар, мәдени сұраныстар мен білім деңгейінің жалпы төмендеуі, идеялардың азаюы мен рухани бағыттардың жоғалуы айқындалады, бұл бір жағынан, біздің қоғамның қауіпсіздігіне және тұрақты болуына әсер етеді. ЖОО-да тәрбие жұмысының әлсіздігі ер азаматтардың құндылық бағыттарының өзгеруіне жәрдемдеседі, жалпыға бірдей тәрбие нормаларының ауытқуына әкеледі. Жастар бойына білімді жеткілікті дәрежеде сіңірудің өзі де жеткіліксіз. Себебі, тәрбиесіз берген білім қоғам дамуына пайдасын емес зиянды жақтарын әкеледі. Бұл да жұмыссыздықтың туындауына алып келеді.

Аймақтардағы жұмыссыздық проблемасын шешудегі бір жолын қарастырып кететін болсақ, жергілікті атқа мінерлер тізе басып отырған орындарын босатып, жас мамандарға беру. Жас ерлер жұмысқа жаңа серпінмен кірісіп, аймақтардың экономикасын дамытуға барынша күш жұмсайды. Оқуды бітірген жастарды ауылға тарту мақсатында «Дипломмен ауылға» атты бағдарлама біраз жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Қандайда жұмыссыздық болмасын қоғамдағы аса ауыр экономикалық және әлеуметтік қайшылық. Батыс елдерінде жұмыссыз болу – тек қана жұмысты жоғалту ғана емес, сонымен бірге адам өзінің ар – намысын, абырой – беделін жоғалту деп те есептеледі. Шетелдердегі бағалау бойынша, жұмысты жоғалту, өзінің қасірет – жағынан жақын туыс адамның өлімі немесе түрмеге түсуден ғана кейін тұрады екен. Кәсіпорынның жұмысының түпкі

нәтижесінен тәуелсіз, жаппай жұмыспен қамту жұмыскерлердің өндіріс тиімділігін арттыруға деген жеке мүдделіліктеріне кері әсер етті, олардың өндірісті басқарудан шеттелуіне әкеліп соқтырды. Осының бәрі еңбек тәттібінің шұғыл құлдырауына үлкен экономикалық шығындарға жол берді. [2]

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың халықтың әл-ауқатының өсуіне бағытталған стратегиялық құндылықтарымен белгіленген «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын (қаңтар 2012 ж.) қолдай келе, ең алдымен, адам құндылығының артуы: білім, ғылым және денсаулық сақтау; тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және зейнеткерлік жүйенің дамуы, сонымен қатар, елдің индустриалды-инновациялық аясында жобаның әлеуметтік маңызының артуы болып табылатыны ескертуіміз қажет [1].

Қазақстан Республикасында еңбек нарығын және жұмыспен қамту саласын реттеу 1991 жылдан бастап негізінен халықты жұмыспен қамтудың арнайы бағдарламалары форматында жүзеге асырылды: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы № 833 қаулысымен бекітілген Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000–2002 жылдарға арналған бағдарлама, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы № 296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003 – 2005 жылдарға арналған бағдарлама және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 68 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005 – 2007 жылдарға арналған бағдарламасы 2008 – 2010 жылдарға жұмыссыздықтың өсуінің алдын алуға, жұмыспен нәтижелі қамтудың өсуіне жәрдемдесуге, жұмыс күшінің сапасын арттыруға және ұлттық еңбек нарығын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қарашадағы № 1114 қаулысымен бекітілген болатын [3].

Алайда әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен 2008 жылғы күзден бастап Қазақстан Республикасында өндіріс қарқыны төмендей бастады, инфляцияның өсуі байқалды, жұмыспен қамтудың төмендеуі және тиісінше халық табысының азаюы белең алды. 264 кәсіпорын өндірісін толық немесе ішінара тоқтатты. Қырық мыңнан астам қызметкер ішінара жұмыспен қамту режиміне

ауыстырылды не ақысы төленбейтін демалыстарға жіберілді. Жұмыссыз халық саны 559,3 мың адам болды (немесе экономикалық белсенді халықтың 6,6%).

Жұмыссыздықтың өсуі, қызметкерлердің одан әрі босатылуы, әсіресе өндірістің экспортқа бағытталған салаларында болжанды. Құрылыс, сауда, көлік және байланыс салаларында да жұмыс орындарының қысқару қаупі күтілді. Осындай жағдайда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыспен қамтуға, жұмыссыздықтың айтарлықтай өсуіне жол бермеуге, жұмыс орындарын сақтауға және жаңаларын құруға бағытталған арнайы Жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын (Жол картасын) әзірледі.

Жол картасы шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарын (әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, қайта даярлау және біліктілікті арттыру) кеңінен қолдану халықтың нысаналы топтары құрамындағы азаматтардың белсенділігіне ықпал етті, ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (4,7%) алғаш рет елдегі жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен төмен көрсеткіште белгіленді.

Жол картасының негізгі нәтижелері: шамамен 9 мың жоба іске асырылды; 392 мың жұмыс орны құрылды; шамамен 150 мың адам даярлауға және қайта даярлауға жіберілді, олардың жартысына жуығы жұмысқа орналастырылды; 192 мыңнан астам адам әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасы шеңберіндегі жұмыс орындарына орналастырылды. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшу, бір жағынан, жұмыспен қамтудың одан әрі өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан - еңбек нарығына жұмыс күшінің ішкі резервін тартудың, еңбек ресурстарының сапасы мен экономикалық белсенділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының біріне жатады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адами ресурстар әлеуетін дамыту мен іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

«Жанам деген жүрекке от беремін» деп айтулы ақын Төлеген Айбергенов айтқандай, ерлер мен әйелдер атқаратын жұмыс жетерлік. Ендеше еңбекпен білімді, ар мен намысты, отан алдындағы парыз бен қарызды қолға ту етіп ұстаса алынбайтын асу, бітпейтін іс жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты http://www.akorda.kz/kz/category/gos_programmi_razvitiya

2 Қазақстан Республикасының электрондық үкіметінің ресми сайты http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/soc_pension_pay/article/pensionnaya_sistema&lang=kk

3 Бердалиев К.Б Қазақстан экономикасын басқару негіздері. – Алматы, – 2001.

4 Еңбекпен қамту ұйымының ресми сайты http://om114kaz.narod.ru/Enbek_zanyu.htm

5 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы №636 қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің Ресми сайты www.akorda.kz

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТ

ЖАПЕКОВА Г. К.
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақстандық қоғамының өзіндік ұлттық мәдениетіне деген ықыласы, тілін жетілдіру, жалпы ұлттық өзіндік сана сезіміне дамуына болысады.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Бұл – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзі.

«Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» [1].

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, төлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі.

Қазақ тілі – батыс түркі тілінің қыпшақ тармағына жатады. Бұл тармаққа кіретін тілдер – қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, қырым татары, қарайшай, балқар, құмық және тағы басқа тілдер. Қазақ тілі - өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл. Қазақ тілінің тарихы әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты.

Оның қалыптасуға бет алуы XI-XII ғасырлардағы Түрік қағанатының пайда болу кезеңінен басталып, XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсында әбден қалыптасып болған еді. Басқа түркі тілдерімен салыстырғанда, сөздік қоры жөнінен, қазақ тілі – ежелгі таза қалпын тұтас сақтап келе жатқан тілдердің бірі. Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ тілінің ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті сияқты екі қайнар көзі бар [2].

«Тілді жеке адам жасай алмайды, оның түпкі иесі-халық, яғни тіл халықпен бірге жасай береді. Білімділіктің белгісі - өз тілінде сөйлеу. Тіл-халық тарихы, тіл өркениет пен мәдениет, демек әр тіл өз орнында Ұлы. Қазақ ұлтының ұлылығының үлкен айнасы-қазақ тілі. Қазақ тілі-болмыс бітімімен, сән-салтанатымен жан-жақты көрінген бай тіл. «Тілден тілдің кемдігі жоқ» деген қағидаға сүйенсек неге біз өз тілімізді жетік меңгеруді қолға түпкілікті алмаймыз. Тілді дамыту-еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Мемлекеттік тілінде, қазақ тілінде тәрбиеленіп, білім алып, бойына ұлттық рухты сіңірген азамат мемлекетіміздің тыныштығын, ұлттың тәуелсіздігін қорғай алады. Өз саламызда мемлекеттік тілдің қолданылуы аясын кеңейтуге ауқымды үлес қосу қажет. Ұлттық тіл - әр халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатын, бүкіл тіршілігі мен сезім түйсігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күретамыры. Тәуелсіздігімізді әлемге паш еткен қазақ деген елді осы отырған әрқайсымызды танытатын бірден-бір құрал-ол мемлекеттік тіл деп есептеу қажет. Ел болашағы жастарымыздың бойын осы қазақ тіліне деген деген құрмет пен сүйіспеншілікті сіңіру-баршамыздың алдындағы тұрған зор міндет деп білемін. Білімді маман болам десең - өз тілінді білу және өз тілінде сөйлеу қажет. Мемлекетімізде барлық ұлттардың тілдерінің дамуына қамқорлық жасалған» [3].

«Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту

үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» деп айтылған [1].

Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз (Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929-1940 жылдары латын графикасын қолданған. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын қолдануда).

Ары қарай, «болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ деп атайтын боламыз. Қазір біз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек» деп айтылған [1].

Елбасымыз атап өткендей, біз тіл әртүрлігі сақталған өз тарихымызбен және мәдениетімізбен мақтан ете аламыз: «Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз» [1].

Қазақ және орыс – екі елдің рухани бірлігінің рәмізі болған, Қазақстан мәдениетіндегі басты рөлін атақты Абай атамыз алады. Ол мәдениеттердің өзара қатысуы туралы және өмірдің мәні туралы көп ойлаған.

Қазақ халқының ғасырлық мәдениетінен тек жақсысын алып және осы қазынаны орыс мәдениетінің игілі ықпалымен байытты. Ақынның философиялық бағыты, әсіресе, оның ақындық өнерінде байқалады. Ол ақын болғандықтан, оның өлендері ағартушылық мінез атқарады: өлен-өңгіме, өлен-нақылдар бар.

Барлық шығармаларда бір ой естіледі: адамға және табиғатқа деген махаббат – бұл Абай философиясының кілті. Өзінің философиялық дүниені сезінуінен шығатын болса, оған осындай орыс ақындар жақын, олар А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов, И. А. Крылов, И. Бунин, Л. Толстой, Салтыков-Щедрин. Сол үшін ол олардың шығармаларын қазақ тілге аударды. Әсіресе, Абай М. Лермонтовтың өлендерін үлкен сүйіспеншілікпен аударған. Оны аударылған өлендер санынан көруге болады, ал олар саны 29. Лермонтовпен оны өз халқына деген қарым-қатынас азаматтық ұстаным жақындастырады. Және оның Крыловтың мысалдарының аудармасы өзіндік кем емес. Өзінің аудармаларында ол атақты қазақ мақал-мәтелдерін қолданады. Салтыков-Щедринмен оны байларды, билеушілерді, атқамінерлерді керемеждейтін сатирикалық дәлдік біріктіреді [4].

Лев Толстойдың философиясымен оны халық туралы ой, оны ағарту және тәрбиелеу идеясы жақындастырады. Абай айтқан: «Егер менің қолымда билік болса, мен адам түзелмейтіні туралы айтқандардың тілдерін кесіп тастау шедім». Бірақ адам тек біліммен түзеле алады, ал «білімге жету мақсаты ақиқатқа жету болып табылады» [5].

Абай бойынша білімнің басты мақсаты – адамды адам санатына енгізу. «Жер жүзінің көрікті және көрікті емес құпияларды ашпағанша, өзіне барлығын түсіндірмегенше, адам адам болмас». Басты белгісі гуманизм және ағарту болған, өзіндік сана сезім және өзіндік таным жолын тандаған Абай бірінші қазақ ақыны.

Бірақ та, қазіргі орыс тілдің жағдайы онай емес. Бұрынғы Кеңес одағы жерінде анда-мында атаулы «филологиялық соғыстар» лап етеді: ұлттың тілін мойындау арқылы барлық Посткеңестік кеңістігінің республикаларында саясатты тәуелсіздік орнатылады [6].

«Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп Жолдауда айтылған [1].

Үштұғырлы тіл идеясын мынандай қарапайым формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. Үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болған жоқ, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея. Қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып,

«ақылды» экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға ілім-білімге алып барар жол – ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену. «Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса ағылшын тілін білсең – әлемдегі ең үздік, ең жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол [7].

Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты - <http://kostarchiv.kz/news/960-l-2050r-.html>

2 Қазақ тілі - күшті тіл - http://mektep11.ucoz.kz/load/shy_

3 **Шалшыкбаева, А.** Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде – <http://dua.kz/index.php?option>

4. Философия Абая - <http://www.abay.nabr.kz>

5 Абай. Книга слов.- Алматы, 1991. – С.345

6 **Автономова, Н. В.** Заметки о философском языке : традиции, проблемы, перспективы. Вопросы философии (1999, № 11)

7 Тіл игеруде тиімді тәсілдер қолданылады – <http://kaz.classtime.kz>.

LEGENDS DEVOTED TO ABYLAI KHAN IN THE MANUSCRIPTS BY MASHKHUR-ZHUSIP

ZHUSIPOV N. K.

professor, Doctor of Philology

S. Toraighyrov Pavlodar State University. Kazakhstan

BARATOVA M.

Ph.D., S. Toraighyrov Pavlodar state University. Pavlodar.

Folklore (from English «folk» – people, «lore» – wisdom) is the term, denoting folk art, beliefs, and traditions. The word «folklore» was first used by the English scholar William Thomes in the letter, published

in London journal «Athenaeum» in 1846 [1]. The science, which studies folklore, is called Folklore Studies. A folklorist Alan Dundes (1934-2005) from the University of California at Berkeley asserts that Folklore studies denote a specific area of research [2]. Legends are one of folklore types. A legend, as a rule, is a short, episodic, and traditional narrative. The original stories can be found in the writings of John Fox's «Book of Martyrs» [3]. The legends are used as a source of folklore, which provide historical information on culture, and so on [4].

Around the world the legends (from Latin, «things for reading») are the narratives about human actions, which are perceived by the narrator and the listener [5]. An English scholar Norbert Craft defines a legend as a historically grounded fairy tale [6].

Unfortunately, most of the legends collected by Maskhur-Zhusip did not manage to reach modern readers. In the majority of cases those legends were devoted to khans, biys and batyrs. For example, «Zhaqsy Gabdolla khan», «Qoqan khandarynyn tarihy» [7], «Shaibani khan Amir nasilinen», «Kenesary» [7], «Atasynyn aty bilinbei oz aty shyqqan erler», «Stambul halifasy Gushman qazy», «Rossiaga bagynyp qaragan son Qasym urpagy ne sebepten bulinshilikke tusken» , etc. [7]. Among these works the compositions dedicated to Abylai Khan can rivet out attention [7]. The number of such compositions, collected by Mashkhur, is 16. Here are they:

1. Abylai aspagan sary bel; 2. Abylai Khan; 3. Qazaqtyn buryngydan qalghan sozderi; 4. Abylai Khan men Baltakerei Tursynbai batyr turasynda; 5. Abylai Khan dauiri;

6. Abylai Khan zamanyn; 7. Abylai Khanyn sozderi; 8. Bir ertegi; 9. Abylai Khanyn tusi; 10. Zharylgap pen Abylai Khan; 11. Abylaidyn Khan bolyp koterilui; 12. Abylaidyn qalmaqtyn khany Qaldan Serenge tutqyn bolgan hikaiasy; 13. Abylai Khan men Qaldan Serennin araqatynasy turaly; 14. Zhanibek batrdyn tusin Abylai Khanyn zhoruy; 15. Abylai Khan zamanyndagy batyrlar turaly; 16. Abylai tusyndagy zanzhoralgyar. Eight texts out of mentioned sixteen are kept at the «family archive». Let's describe them [8].

Sh. Ualikhanov was first Kazakh researcher who gave the information concerning Abylai Khan. His work «Istoricheskie predania o batyrah XVIII veka» [9] comprises fourteen short stories about Abylai Khan and his milieu. Those stories are remarkable for their conciseness and brevity. The story describing Abylai Khan held captive by Qaldan Seren has more historical than legendary features if compared to that by Mashkhur-Zhusip. The wife of Qaldan Seren who was keen on killing

Abylai khan was depicted as a totally different person in the manuscript by Mashkhur. She was described as a sage woman who helped her husband make right decisions. Other 13 stories of Shokan Ualokhanov were not found in the manuscripts by Mashkhur-Zhusip.

The works by V. V. Radlov, the scholar who collected folklore samples before Mashkhur-Zhusip, contain two variants of compositions concerning Abylai khan [10, 280-281]. The first one is about the Khan of Bukhara and Abylai khan, the second one is consonant with Mashkhur's story «Abylai aspagan sary bel degen sozdin magynasy». Both variants (Mashkhur-Zhusip's and Radlov's) contain some differences. For example, in the variant by V. V. Radlov, which is short and unfinished, it is the wife of Abylai khan who is represented as his advisor and supporter. On the contrary, in the work by Mashkhur-Zhusip (The story «Abylai aspagan sary bel degen sozdin magynasy» was taken from the «family archive» – N. Zh) Abylai is depicted as a very wise and farsighted person. One more thing to be mentioned: if in the manuscript kept at the “family archive” Abylai is described as being a clever person himself, in another one which is kept at The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts Abylai's wife is pointed out as his advisor like in the work by V. V. Radlov [11].

Another peculiarity: if in Radlov's version it is Qazybek bi, who arranged the assault on Abylai, in the variant by Mashkhur-Zhusip Qazybek's son Bekbolat acts as the attacker.

The main idea of the composition consisted in the necessity of unity and harmony among the people, in the necessity to obey one ruler, one khan.

The plot of the story describing the murder of Botakhan became the basis of such zhys as «Abylai men Olzhabai», «Botakhan» which were included in the collection «El qazynasy-eski soz» (compiled by Uakhatov G., Qasqabasov S. A., Matynzhanov K. S.) [11, 319].

The academician N. Smirnova confirmed the existence of such event in history and pointed out the following statement made by Sh. Ualokhanov: «Abylai khan violated the ancient traditions of Kazakh people. He killed Botakhan and captured Zhanai turning by those actions the whole Middle Horde against himself. The tribe elders gathered together ready to attack. But the Abylai's warriors suppressed the rebellion...» [10, 605]. From this passage it becomes clear that Mashkhur's story is based on the historical events.

Mashkhur-Zhusip did not forget to indicate the volume of his samples. For example, in one of his manuscripts he wrote that the

information concerning Abylai khan comprised 38 sahifa [12], in another one he noted that the volume of the stories «Abylai», «Kenesary, Nauryzbai» is amount to 50 sahifa.

Two variants of the materials mentioned before were preserved at the Mashkhur's manuscript funds: first in the chest of the author's younger son Phazyl and his wife Nurila, in other words at the «family archive», second one at the Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts. The latter saw the light in such editions as the journal «Parasat», newspaper «Egemendi Kazakhstan» and the book titled “Abylai khan” (Sahifa - Arabic word – translated as «leaf», «page»).

The source of information is indicated in all those editions, only the pages are not known. The compositions devoted to Abylai khan can be found both at the «family archive» and at the Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts. The manuscripts were written in a particular order. In both variants the stories are grouped according to Abylai's age, development, the significance of his deeds, etc. It proves that Mashkhur-Zhusip had fully acquired the cyclic method used in the folklore collection that consisted in gathering and distribution of the information concerning certain character or hero.

The narration about Abylai khan started when he did not reach the age of twenty and then depicted his first coming to his motherland, his feats, taking the reins of government as the khan, etc. At the end of the story we learn about his intention to besiege Bukhara, changing his mind after seeing the dream and finally about his death on his way back home. So, we can make the conclusion that the way the story was written has some autobiographical features [11,301-343]. Using the cyclic method while collecting the folklore samples, putting them in a right order - all those examples show that Mashkhur-Zhusip's collection work was implemented properly and had certain peculiar features.

Let's compare the manuscripts written by Mashkhur-Zhusip to those written by S. Dautov. Both of them are devoted to Abylai khan [11]. The analysis revealed some differences between two variants. For example, the beginning of the sample by S. Dautov (The materials concerning Abylai khan are also kept at the «family archive» – N. Zh.) is written in prose, while the work kept at the “family archive” begins with the lines of the poem: «Galamda on segiz zhan bolypty» [11,318].

In general in the study of folklore there exist several principles that help to compare and differentiate one folklore sample from another. Here they are:

Are there any differences in the plot and contents of the story?
Did the characters change?
Are there any differences in the words and actions of the characters?
Are there any differences in the language or style of the story
(abridgements or different ways of narration)?

All those features remain unchanged in two variants of the samples collected by Mashkhur-Zhusip, the only difference consists in the actions characters perform.

For example, if in the first variant the person who makes right decisions and gives advices to the khan is his wife, in the second variant the khan himself is represented as a wise and farsighted ruler. In the first variant the author gave certain explanations concerning Botakhan and Zhanai (we will dwell upon them later) that can not be found in the second one. The funny thing is that in his explanation Mashkhur-Zhusip wrote that Botakhan had died of fury, by himself, whereas according to V. V. Radlov (The first variant is kept at the “family archive, the second variant is that published by Dautov S) and S. Dautov [10, 280] he died when Abyli khan ordered to let him out of prison. From our point of view, the first assumption is closer to the truth. Consequently, the variant given by Mashkhur-Zhusip is more verisimilar and historically substantiated. And the first main criterion of the folklore samples is to be persuasive.

Also at the end of the first variant the author wrote: «Abylai aspagan sary bel atangan zher osy eken» («This is the very place called «the height that Abylai was not able to overcome») and adduced the poem by Tolegen qozha in order to prove it. This fact can not be found in the second variant either.

When the author was alive only one legend about Abylai khan was published under the title «Qazaqtyn buryngydan qalghan sozderi» in the newspaper «Dala Ualaiaty» [13] (1893, #13). Whether the text had undergone some changes or not remained unknown. The second variant of the story is kept in the manuscripts by Zholmurat. The first difference between those two variants is the difference in their volumes. The published variant is more extensive if compared to that of Zholmurat.

There are no linguistic or stylistic differences between the two variants. The contents, plot of the story, the actions of the characters are also the same. The manuscript begins with the following words: «One day the biis of three hordes appear before Abylai khan...» and then describes the scene of Abylai's asking questions. In the newspaper «Dala Ualaiaty» the poems and the state of affairs are given before the main events. If in the manuscripts by Zholmurat there are no names of the

biis (elder people of the hordes) mentioned, in the published version the names are given as follows: Qazybek's son – Bekbolat bi, Zhanibek's son - Dautitbai bi, Shobalai's son – Zhanke batyr, Tolebai bi's son – Edige bi, Bogenbai's son- Torenaly bi.

Instead of the question «what does not die?» in the newspaper there is another one «is there something that cannot be worn out or somebody who cannot die?» the manuscript. The answer in the newspaper: «the earth», «the mountain», «the water», the «Moon and the Sun»; in the manuscript: «the earth», «the mauntain», «he water», the «Moon and the Sun» and «the iron».

The names of the characters are also different. For example, in the newspaper the person who had given the correct answer remained unknown, while in the manuscript his name is Zhudas sheshen from the ribe Qypshaq-Taimas.

In general, the variants are very similar, though the manuscript by Mashkhur-Zhusip published in the newspaper is more volumous and detailed.

There exist other similar stories devoted to Abylai khan. For instance, in the book «Qazaqtyn bi-sheshenderi» the meaning of the phrase “Abylai aspagan sary bel” is connected with Baidaly bi [13, 475-476]. In this story Baiteli bi, the uncle of Baidaly bi, was convicted for killing people. But impressed by the eloquency of Baidaly bi Abylai khan agreed to replace the death penalty by the lifelong imprisonment.

On analyzing all variants mentioned before, we came to the conclusion is more reliable and verisimilar.

We have already told that the plot of the story «Abylaidyn qalmaqtyn khany Qaldan Serenge tutqyn bolgan hikaiasy» [14, 292-293] can be found in the work by Sh. Ualikhanov.

R. Berdibayev, the noted academician, proved that Qaldan Seren himself was responsible for Abylai khan's escape and gave a estimation to the historical verisimilitude of the story [9].

Another sample very similar to that written by Mashkhur-Zhusip can be found in the newspaper “Dala Ualaiaty” (1891, # 1) under the title «Qazaqtyn maselesi» [11, 3-34]. There is also a reference indicating the author of a legend: «Zhazushy Pokrau elinin qazagy Muhamedgali Ibragimugly» (the author is Muhamedgali Ibragimugly, Kazakh who lives in Pokrau) [13, 314-315].

The legend depicts the following events: Qaldan Seren's sending and ambassadors to Abylai, their death, subsequent war, Abylai's capture, etc.

The plot describing Abylai's escape is also connected with the diplomatic mission led by Qazybek bi [13, 637].

The academician S. Qasqabasov wrote: «In the legend, as it ought to be in a folklore composition, there is no description of what Abylai felt or suffered during his captivity. The most important thing is to show two major events: Abylai's capture and Abylai's escape. But Sh. Ualikhanov's version has one episode depicting Abylai's life as a captive» [14, 108-109]. So, it is clear that Abylai's life in captivity was described only in the work of Sh. Ualikhanov.

In our opinion Mashkhur-Zhusip's version supplements the information given before. If the variant by Sh. Ualikhanov contains only one episode describing his life as a captive, the collection written by Mashkhur-Zhusip contains scenes depicting his ordeals and covers ten days of his captivity. First torture lasted 7 days. Abylai spent seven days without anything to eat or drink. After 7 days he received some food which was inedible. Abylai got angry and refused to eat it proving that he was of high blood. Second ordeal checked his courage: four warriors burst into the room he was kept and raise their swords threatening to kill him. Abylai did not move a muscle.

The academician S. Qasqabasov pointed out that the fact that Abylai was depicted as an exceptionally clever, brave and eloquent person was stipulated by the historical reasons. Some of those features could be exaggerated [15].

The legends devoted to Abylai in captivity can be divided into four examples: first one was written by Sh. Ualikhanov [15, 176], second one was published in «Dala Ualaiaty» [9], third group comprises the stories concerning Abylai's escape (Ibragim ugly M. Qazaqtyn maselesi // Dala ualaiaty gazetii. 1891, # 13.), fourth is the legends collected by Mashkhur-Zhusip that describe Abylai's capture, his ordeals that lasted 10 days, his bravery, wisdom and quick wit and all qualities that helped him stay alive.

Thanks to those four examples it becomes possible to understand people's attitude to various historical events. For example, according to the first variant Abylai was captured when he was hunting, while in the second version he was taken prisoner in the war. In the third story he was captivated for killing Qaldan's brother Saru. The fourth variant was written as the mixture of the first and third versions, in which Khan kills the brother of Qaldan Saru in the battle and got captured when he was hunting.

LIST OF PREFERENCES

1 **Georges, Robert A., Michael Owens Jones**, "Folklore: An Introduction," Indiana University Press, 1995.

2 **Dundes, Alan**. 2005. "Folklore in the XXI century". Journal of American Folklore 118 (470): 385-408.

3 Patrick Collinson Elizabethans, "The truth and the legend: the veracity of the book of John Fox's martyrs." 2003:151-77

4 **George, John, Robert, Michael** (1995). Folklore. Indiana University Press.

5 **Robert George and Michael Owens** (1995). Folklore. United States: Indiana University Press. S. p.7. ISBN 0-253-32934-5.

6 **Norbert Krapf**, Under the Cherry Sapling: Legends from Franconia (New York: Fordham University Press) 1988, p 312.

7 The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts: folder # 1177, p. 24-40, 137-142; # 1178, p. 27-30; # 1170, p. 129-137, 693-698, 708-713, 799-808.

8 The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts: folder # 1177, p. 116-126, #1176, p. 69-72, the collection "Abylaikhan", 1993, p. 318-322, Note: those materials were also taken from the The Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan, the Central Fund of Manuscripts. The folders were not indicated, there only reference is the newspaper "Egemendi Kazakhstan" (January, 11, 1992), the publisher S. Dautov); the collection "Abylaikhan", A., Zhazushy, 1993, 319 p; DUG, 1993, #13, New edition: DUG, compiled by U. Subhanberdina, 1989, p. 476-478; SA RK Khabarlary. Til- adebiet seriasy, 1985, # 4, p. 66-67; the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 313-315; SA RK. SFM, folder # 1170, p. 745-751; the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 301-313; the same, p. 316-318; the same, p. 322; the same, p. 323-324; the same, p. 324-327; was taken from the "royal archive" and published in the journal "Qazaqstan mektebi" by N. Zhusipov (1993, #5, p. 78-79); "royal archive", the collection "Abylai khan", 1993, p. 303-305, CFM, folder # 1170, p. 721-727; "the royal archive", the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 305-308; SFM, folder # 1170, p. 727-735); "the royal archive", the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 309-310; SFM, folder # 1645, p. 142-161); "the royal archive", the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 310-313; SFM, folder # 1170, p. 739-745); "the royal archive", the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 315-316; SFM, folder # 1170, p. 751-755); "the royal archive", the collection "Abylai khan", A., 1993, p. 316; SFM, folder # 1170, p. 755-759).

9 **Valikhanov Ch.** *Sobranie sochineniy v pati tomah. Volume 1, 1984, p. 216-222; Istoricheskie predania o batoryah XVIII veka// sobranie sochinniy v pati tomah. Volume 1, Almaty, 1984, p. 217-218.*

10 *El qazynasy - eski soz/ (the samples of Kazakh folklore collected by Radlov V. V.), Almaty, Gylym, 1994, P. 616.*

11 **Kopeev M. Zh. Abylai khan** // the collection «Abylai khan». Almaty, Zhazushy, 1993, P. 324. Published by Dautov S.

12 **Smirnova, N.** XVIII g. Tarihi, olen, anyz, zhyr saryndary// Qazaq adabietii tarihi. Volume 1, Book1, Almaty, Gylym, 1960, p. 597.

13 The newspaper «Dala ualaiaty», Almaty, Gylym, 1989, p. 475-476.

14 **Baidaly bi** // «Qazaqtyn bi-sheshenderi» zhinagy// compiled by Torequlov N. Qazbekov M., Almaty, Zhaly, 1995, P. 384.

15 **Qasqabasov, S. A.** *Kazahskaia neskazochnaia proza. Almaty, Nauka, 1990, p. 175; Qazaq folklorynyn tutastanu qubylysy// Zhuldyz, 1992, #11, p. 181-198.*

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ

ЖҮНІСҚАЛИ Ә. Қ.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ хандығы – бүгінгі Қазақстан Республикасы мен көрші аймақтардың территориясында 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Қазақ хандығы Еділден Жайыққа дейінгі территорияны, Сырдария мен Амудария өзендерінің аралығын, Хорасан жерін қамтыған [1]. Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы екі тарихи тұлға - Керей хан мен Әз Жәнібек ханның, әр жылдары Қазақ хандығында билік еткен Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан, Жәнібек хан, Тәуке хан, Абылай хандардың басты мақсаттары бір еді - ол қазақ жерінің біртұтастығын сақтау және қазақ халқын біріктіру. Бұл идеяны Қазақ хандығында әр ғасырда билік еткен барлық хандар берік ұстанған еді. Бұл жөнінде философия ғылымдарының докторы, профессор С. Нұрмұратов: «Сонау қазақ хандығы қалыптасу дәуірінде тұжырымдалған «Жерұйық» идеясы болғанын атап өтуге болады. Осы идеяның арқасында түркі тайпаларының шашырап жатқан ұлыстары біртұтас елдің нобайын, географиялық сипатын анықтайды. Елге, жерге деген, бір жағынан ғылыми нысанға деген сыни көзқарас, екінші жағынан өзіндік этникалық бірегейленудің алғашқы нұсқасы десе

де болады. Шынымен де, отансүйгіштікке тәрбиелеу этникалық бірегейленуге көмектесетін құбылыс», - деп жазды [2]. Бұл қазақ халқын бір шаңыраққа біріктіру мақсаты қазіргі таңда Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясы арқылы жалғасын тапты.

«Мәңгілік ел» ұғымын тереннен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері өте маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел - түркі жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» - екендігін жазған [3, 20-21 бб.]. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатының негізін Көк Түріктер қалаған. Сол идея, сол мақсат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.

«Мәңгілік Ел» идеясының үш негізден немесе үш тұғырдан тұрғаны анық. Біріншісі – Түркі қағанаты билеушілерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштерінде) саяси акт – «манифест» ретінде әзірлеп, тарих сахнасына шығаруы; екіншісі – әл-Фарабидің философиялық шығармасында идеяның теориялық-философиялық тұрғыдан негізделуі және үшінші – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дидактикалық дастанында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаларының, яғни, Ата Заң іргетасының қалануы. Елбасы Н. Назарбаевтың түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен интеграциялық үдерістерін нығайту жолында көптеген идеялық және практикалық іс-шаралардың ұйытқысы болып, бірталай маңызды істерді жүзеге асырғаны мәлім. Ал, «Мәңгілік Ел» идеясы барлық түркілердің бір тарихи кезең – VII ғасырда, бір шаңырақ астында тұрғанда қабылданған және жарияланған идея болатын. Ендеше, тарих сынынан өткен бұл идея бүкіл Түркі дүниесі үшін ортақ және осы идея төңірегіне бірігу қазіргі жаһандану заманындағы түркітестес халықтардың мұраты болары анық», - деп есептейді профессор С. Сыздықов [4].

«Күлтегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар [5, 63 б.]. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. «Мәңгілік ел» идеясы дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар

тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады.

Государства Центральной Азии находятся на разных уровнях социально-экономического и политического развития, а отсюда – разная степень интереса к интеграционным процессам в регионе.

Наконец, последнее – отсутствие заинтересованности в центрально-азиатской самостоятельной интеграции у внешних сил. Все это делает проблематичной интеграцию в более широком формате.

При все этом очевидно, что интеграция жизненно необходима странам региона. Идея безопасности является первичным побудительным мотивом к интеграции государств Центральной Азии. Центральная Азия характеризуется наличием нескольких пересекающихся друг с другом региональных организаций по обеспечению безопасности завязанных с великими державами. Для эффективного обеспечения безопасности требуется система безопасности, которая базировалась бы на региональной идентичности. Ведь регион – это «особый» мир, которому присущи свой менталитет, образ мышления, традиции, мировоззрение, мироощущение. Отсутствие регионального комплекса безопасности, включающего в свой состав только государства Центральной Азии, ставит на повестку дня исследование интеграционного потенциала

региона. В этом исследовании важную роль играет анализ региональной идентичности Центральной Азии.

Однако задачи определения региональной идентичности для каждой из стран осложняется тем, что пространство новых центрально-азиатских государств как бы разрывается на части силами экономического, этнического и культурного притяжения, находящимися за пределами национальной территории. В Центральной Азии основные организации по обеспечению безопасности региона – ОДКБ, ШОС, – строятся вокруг прилегающих к нему великих держав – России и Китая. Ведущую роль в этих организациях играют указанные державы, а не государства Центральной Азии, участие которых ограничено.

Несмотря на наличие объективных оснований в виде общности территории, истории, культуры, этнических корней, языковой близости, принадлежности к мусульманскому миру, региональная идентичность Центральной Азии еще далека от своей зрелой и завершенной формы и находится в настоящее время в стадии своего формирования. Вследствие этого Центральная Азия к сегодняшнему дню не выявила свои определенные черты как культурно-цивилизационная целостность.

Среди социокультурных факторов региональной идентичности большое значение имеют ислам и тюркская идентичность государств Центральной Азии, однако их влияние на безопасность региона характеризуется больше дезинтеграционным потенциалом.

Таким образом, проблема региональной консолидации, а вместе с тем и вопрос обретения региональной идентичности в Центрально-азиатских республиках по-прежнему остается открытым. Вместе с тем, понимание необходимости сближения государств центрально-азиатского региона за последние годы становится очевидным. В контексте современной геополитической архитектуры имеется осознание странами Центральной Азии важности возрождения и упрочения взаимосвязей, культивирование центральноазиатского единства. Сегодня это облекается в плоть различными двухсторонними, многосторонними договорами о совместных действиях в политической, экономической, культурной и других сферах, реальная отдача от которых ожидается в перспективе.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 **Казанцев, А. А.** Центральная Азия: институциональная структура международных взаимодействий в становящемся регионе// Полис. – 2005. – №2. – С. 78.
- 2 Марта Брилл Олкотт Двенадцать мифов о Центральной Азии (Возвращаясь к написанному). – М. – 2001. 30 с.
- 3 **Кушкумбаев, С.** Центральноазиатская интеграция в контексте истории и геополитики// Интеграционные процессы в Евразии: политико-правовой аспект. – Алматы : Типография «Искандер». – 2003. – (96 с.) – С. 19.
- 4 **Казанцев, А. А.** Центральная Азия: институциональная структура международных взаимодействий в становящемся регионе// Полис. Политические исследования. – 2005. – № 2. – С. 87.
- 5 **Каменчук, И. Л.** Гуманитарная культура сквозь призму древнегреческой пайдеи: основания толерантности // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 6 (2). – С. 419-423;
- 6 Центральноазиатская интеграция в контексте единого культурно-цивилизационного пространства//<http://carnegiecenter.org>
- 7 Диалектика глобализации: культурно-цивилизационный аспект./Монография.-Germany: LAP Lambert Publishing, 2012. – 300 с
- 8 Тенденции глобализации: поиски национальной и государственной идентичности Казахстана./Научная монография. –Астана, 2011. – 169 с.

МАЛАЙСАРЫ ТАРХАН – ТАРИХ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТАНЫМ

МАРДАНОВА З. Ж.

к.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

АСАН А.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу барысында Малайсары тарханның ерекше орнын атап өту тарихи танымды жаңғырту болып табылады.

Қазақ тарихында XVIII ғасырдың алатын орны ерекше. Жоңғарлармен ғасыр бойы күрес Павлодар-Ертіс өңірін алдыңғы қатарына шығарды: әуелі солтүстік-шығыс жағынан ханның «қорғаныс» ретінде, кейін Бөгенбай, Малайсары, Жасыбай, Олжабай сияқты атақты батырлар мен қолбасшылардың ерен еңбектері

арқасында жоңғар басшылығына нәтижелі қарсылықты қамтамасыз ету мағынасында.

Жоңғарлардың соғыстағы жеңілген жерлері халықтың арасында “Қалмақ қырған” деп аталып кетті. Қазақстанның барлық аймағында “Қалмақ қырған” атты бірнеше өңір бар. Павлодар облысында ондай жер екеу (Май және Баянауыл райондарында).

Сол ғасырда қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен орта жүздің батыры әрі биі Малайсары өмірі мен еңбегі тарих беттерінде кеңінен айтыла бастады.

Әсіресе, Орталық Азияның үлкен өзені - қара Ертіс бойын жаудан қорғаған кезі - батырдың жасаған ерліктерінің бірі ғана.

Бұл тұлға туралы деректерді алғаш рет Шоқан жазбаларынан кездестіреміз. Шоқан жинағының бірінші томында “Исторические предания о батырах XVIII века” аталатын мақала бар.

Мұнда ғалым XVIII ғасырдың бетке ұстар ұлдарының көпшілігін қазақ аңыздарына сүйене отырып атап кетеді. Шоқан берген баға бойынша Малайсары батырдың тарихтағы орны Қаз дауысты Қазыбек, уақ Деріпсал, Баян батыр деңгейінде. Ғалым былай дейді:

«Когда спросили у Аблая, кого он из батыров более уважает из всех трех орд, он отвечал: « Из моих батыров басентиновец Малайсары по богатству, храбрости и по характеру, и уаковец Баян по уму и храбрости стоят выше всех» (Ч. Валиханов.Собр. соч. Т.1. с 125)

Шоқан Малайсары туралы жақсы бағасын сол қолжазбасында қайталайды: «Малай – Сары пользовался уважением в народе и у самого Абылая, ибо был богат, умен и храбр – достоинства, которые редко соединяются в одном лице».

Шоқан Малайсарыны «киргизский родоначальник (бий и батыр)» деп атайды. Бұл мысал Абылай тұқымының Малайсары батырдың тарихтағы орнын толық белгілегенін, жоғары баға бергенін көрсетеді.

Шоқан шығармаларында Жоңғар контәжісі Қалдан Сереннің Малайсары батырға грамота мен «тархан» атағын беру туралы айтып өтеді.

Қалдан Серен грамотасының негізгі мәтінімен қатар Шоқан Малайсарыға қатысты бірнеше тамаша анықтама береді. Оның жазуынша ол Абылай заманындағы батырлардың ішіндегі ең белгілісі: «Малай – Сара, по калмыцкому произношению Малай – Шора, был одним из самых (влиятельных) биев и батыров Средней Орды во времена ханов (Абульмамбета) и Абылая.

Шоқан зерттеуіне қарағанда Малайсарының аты шыға бастаған уақыт XVIII ғасырдың бірінші жартысы, қазаққа төрт құбыланың бәрі жау болып, жан қысылған уақыт: «Когда джунгары, буруты (қырғыз – авт.), каракалпаки, башкиры, русские казаки, волжские калмыки со всех сторон теснили и грабили беззащитный народ, в это время неурядиц, смут, голодных годов и начинает возвышаться Малай - Сары, один из первых сподвижников султана Абылая...».

Малайсары, деректерге қарағанда, бір мың жеті жүз сегіз - бір мың жеті жүз қырық төртінші жылдары өмір сүрген. Руы – Арғын ішіндегі Бәсентиін, оның ішінде – Сырым. Атамекені – Павлодар облысының Май ауданына қарасты жерлер.

Әкесі Тоқтауыл түйені еркін көтерген, жолбарысты жарып өлтірген белгілі батыр атаныпты. Анасы Мөлдір – қалмақ қызы. Қарындасы Гауһар – ерлігі аңызға айналған қаһарман қыз. Ол қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан Қаракерей Қабанбай батырға тұрмысқа шығады.

Енді архив деректеріне келейік. Бір мың жеті жүз қырық үшінші жылы қыркүйек айының 22-інде Орта жүзге арнайы тыңшылық сапармен барған башқұрт Тоқан Балтасевтың мәлімдесінде қазақ – қалмақ одағының нығайғаны, Қалдан Сереннің Абылайды тұтқыннан босатып, сый құрметпен еліне аттандырып салғаны жазылады. Сонымен бірге бұл мәлімдемеде Малайсары аты да аталады: «Аблаи и приехавший с Абульмамбетевым сыном киргизец Малай-Сары утверждали, что когда они придут, то Бараков сын, конечно, отдан будет... Галдан - Чирин причем им награждение учинил, а именно: Аблаю и Малай-Сары – одного знатного ташкентского сарта, который живет у него во владении, Галдана - Чирина, по дочери в замужестве дал, и сверх того, Аблаю обещал дать в Ташкенте несколько в вотчину... А Малай-Сары пожалован в ближние к себе четырем человеком да сто кобылиц за то наипаче...» (Казахско-русские отношения в XVI-XVII в., 1961. с. 297).

Бұл дерек ұзақ жылдарға созылған қазақ-қалмақ жаугершілігін тоқтатуға себеп болған үлкен мәмілегерлік келісімнің болғанын, қазақтың үш жүзінен барған тоқсан жақсының ішінде Малайсарының жоғары тұрғандығын көрсетеді. Бұған себеп Малайсарының қазақ пен қалмаққа танылған ерлік даңқы, ақылы мен парасаты, қалмақ ішіндегі жиендік беделі. Батырдың анасы қалмақтың белгілі нояндарының қызы деп жоғарыда айтқанбыз.

Енді қазақ шежіресіне келейік. Оның классикалық нұсқалары (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім, тағы басқалар) тарихи аңыздар мен әңгімелерден, жеке тұлғаларға қатысты қанатты сөздерден тұрады. Шежіре нұсқаларын ақтара отырып Малайсарыға қатысты бірсыпыра деректерді Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан кездестіреміз.

Мәшекең Малайсары батырға қатысты қызықты әңгімелерді қазақ батырларына, оның ішінде Олжабайға арналған аңыздар топтамасында келтіреді. Шежірешінің айтуына қарағанда: «Осы Малайсары өз заманында епетеісіз ірі, дөкей батырдың бірі есепті болған» – деп суреттейді ғұлама.

Малайсарының қайтыс болуы бір мың жеті жүз қырық төртінші жылдың оқиғаларына сәйкес келетін сияқты. Абылай қалмақ ішіндегі азамат соғысына араласып жүрген кез. Сол жылдың сәуір айы болатын, жоңғарлардың Қаратал бойында он мың адамдық үлкен қосыны тұрды. Сол жерде Малайсары бастаған қазақ жасақтарының жоңғарларға қарсы қатты шайқасы болған. Малайсарының өлімі осы соғыста болған сияқты.

Алтынемел тауының бір сілемінде Малайсары батыр оққа ұшты. Сол заманнан бері бұл жота Малайсары атанады. Жоңғар Алатауының басталатын тұсы да осы жер.

Малайсарыға қатысты тағы бір деректер Жаяу Мұса Байжановтың Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасында сирек кездесетін қолжазбалар бөліміндегі «Абылай ханның 40 батырымен Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан Сереннен тартып алған уақиғасы» деген қолжазбасында кездеседі.

Малайсары туралы деректерді өткен ғасырдың 90-шы жылдары Ертіс өңірінің белгілі өлкетанушысы марқұм Жеңіс Марданов жинақтай бастады. Ертіс бойында қазақ шежіресін, эпикалық жырларын жатқа айтатын адамдар аз болса да өлкетанушы тынбай тіршілік жасап, ауызша деректер мен жазбаша материалдарды ұштастыра отырып Малайсары батырға арналған қысқаша этюдтер жазды. Ол «Дауа» шығармашылық бірлестігі жариялаған “Қазақ халқының қаһармандары” кітабының бірінші томында шықты.

Бұл жарияланымдардың ғылыми, әдеби айналымға қосқан деректері батырдың генеалогиясына, жеке портретіне қатысты. Өлкетанушының жазуына қарағанда “Малайсарының түр келбеті ақсақалдардың айтуынша, батыр ұрпақтарының ата-бабаларынан естіген деректері бойынша кең иықты, ұзын бойлы, алқымды, шекелі, мұрынды болыпты” – деп сипаттайды Жеңіс Марданов. Малайсарының осы сипаттаудан басқа портретіне қатысты

ешқандай дерек жоқ. Осыған байланысты батырдың түр-келбетін қайта жаңғыртатын антропологиялық зерттеулердің қажеттілігі туындайды.

Малайсарының ұлы Тілеуқабыл да әрі бай, әрі батыр болыпты. Бірақ көпке дейін ер баласы болмай Құдайға жалбарынып: «Мына қалың жылқыға ие бере көр?» деп сұрайды. Ақыры мұқтажы орындалып, дүниеге келген ер баланың атын Бісміллә қойған екен. Бұл ауызша деректер де «Қазақ халқының қаһармандары» кітабына Жеңіс Тілекенің еңгізген ел аузынан жиналған дүние.

Малайсары батыр туралы газет мақалалары 90-жылдардан бастап жариялана бастады. Олардың ішінде 1991 жылғы тамыз айында «Дауа» газетінің бетінде жарияланған топтаманы айта кеткен жөн.

Малайсары есімі тәуелсіздік кезге дейін көп аталған жоқ. Қазақтың ескі шежіресінде болғанымен, ол туралы не зерттеу, не кітап шыққан емес. Совет заманында Малайсары туралы жұмған ауызды ашуға болмады, себебі Шоқан айтқандай ол бай, батыр, ақылды, оның үстіне отаншыл еді.

Абылай заманында керемет құрмет көрген, ел аузында аңыз болған Малайсары батырды біз жеткілікті білеміз бе? Оған тиісті бағасын беріп отырмыз ба?! Бұл мәселелер төңірегінде ойластыратын мәселе аз емес сияқты. Бұл мәселелер идеологияға, халықтың ар-ожданы мен намысына тарихи санасы мен жадына қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений. – Т.1. – с. 125.
- 2 Казахско-русские отношения в XVI-XVII в. – 1961. – с. 297.
- 3 **Көпейұлы, Мәшхүр Жүсіп** Шығармалары толық жинағы. Т.8.
- 4 **Марданов, Ж.** Қазақ халқының қаһармандары. 1991.
- 5 **Марданов, Ж.** Шежіре. Омск, 1996.
- 6 **Артықбаев, Ж.** Малайсары тархан (XVII ғасырдың ұлы тұлғасы). Павлодар : Кереку, 2007.
- 7 **Арын, Е. М., Артықбаев, Ж. О.** Малайсары тархан:(Торқалы той қарсаңындағы толғаныс). – 2008. – 19 қаңтар. – ПГУ им. С. Торайғырова. – 5 б.

XIX Ғ. Ортасында Ресей Империясының Оңтүстік Қазақстанды Әскери Отарлауы Мәселесін Зерттеу Тарихы

МОШНА Н. И., КАСКАБАСОВА А. А.

аға оқытушылар, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мақалада XIX ғ ортасында Ресей империясының Оңтүстік Қазақстанды әскери отарлауы мәселесінің ұстанымдары қалайша өзгерді және олардың себептерін қарастыру талпыныстары жасалған

Атаулы мәселе Отан тарихымыз үшін өзекті мәселелер қатарына жатады, себебі Қазақстан тарихшылары алдында тұрған міндеттері ретінде «Халық тарих толқынында» бағдарламасында аталғандай, Қазақстанның тарихи ғылымын жаңа сапалы деңгейге көтеру үшін қолайлы жағдайлар алдыңғы қатарлы әдіснама және әдістеме қажет, қазақ тарихының шеңберін кеңейту, ұлттың жаңа тарихи дүниетанымын қалыптастыру қажеттілігі анықталған. [1].

Оңтүстік Қазақстанды әскери басып алу мәселесі Ресей империясының жаулап алушылық саясаты шеңберінде қарастырылды. Зерттеушілер РФ, ҚР, ӨР мұрағат қорлары, Ресей империясының революцияға дейінгі деректерді жинақталып талдаудан өткізді. Дегенмен әлі күнге дейін бұл мәселе бірқатар қарама-қайшылықтарға толы болып табылады.

Ресей империясының Оңтүстік Қазақстанды әскери отарлауы және жаулап алушылық саясатына қатысты мәселелерді жариялау ресейлік империализм және кеңестік идеологиясы шеңберінде іске асырылды. Егемендікке қол жеткізгеннен кейін ғана зерттеушілер талдауға шетелдік ғұламалардың еңбектерін, бұрыннан қол жеткізуге шектеулер қойылған мұрағат құжаттары мен революцияға дейінгі деректерді енгізуге мүмкіншілік алуда. Өкінішке орай, олардың едәуір бөлігі құжаттық материалдың жеткіліксіз деңгейде жариялануына байланысты көпшіліктің назарынан тыс қалуда. Көптеген мұрағат және революцияға дейінгі деректер тарихи ғылымда орын алған үстемдік етуші ұстанымдарға байланысты интерпретацияланған.

Қазақстанның Оңтүстік аймақтары басқа аудандарға қарағанда бірқатар ерекшеліктерге ие болуда. Оның түп-төркіні аймақтың күрделі сыртқы саяси байланыстарға, ортаазиялық билеушілердің оңтүстік аймақтарға қол сұғышылық талпыныстарына шарттас болғандықтан Ресей империясының геосаяси бағытын анықтаудағы фактор болып табылады.

Революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбектері Ресей империясының Орта Азияны әскери басып алу мәселесін зерттеуде маңызды еңбектер қатарына жатады. Олар бай фактологиялық ақпараттарға толы, саяси үрдістердің ерекшелігін көрсетуде және де авторлары бұл әскери басып алу үрдістерінің тікелей қатысушылары мен күәгерлері болып табылады.

Маңызды деректер қатарына 1909 ж жарияланған генерал-лейтенант және тарихшы Михаил Терентьевтың «История завоевания Средней Азии с картами и планами» атты үш томды жылнамасы жатады. Мұнда автор хронологиялық тұрғыдан XIX ғ оқиғаларын баяндаған. Автор бұл еңбегінде өзінің әскери тарихшы қызметі шеңберінде қол жеткізе алған мұрағаттық деректерді кең көлемде пайдаланған. Бұл еңбектің мәліметтері патшалық империяның жаулап алушылық әрекеттерін саралап отаршылдық саясаттың астарын анықтауға мүмкіншілік береді [2].

Келесі маңызды еңбек авторы ретінде Л. Ф. Костенконың еңбегін атап кетуі жөн. Лев Феофанович Костенко Туркестан әскери округінде қызмет еткен генерал-майор 1873 жылғы Хиуа және 1876 жылғы Қоқан жорықтарына қатысқандардың бірі болды. Сонымен қатар ол Туркестан өлкесін зерттеу мақсатында жабдықталған ғылыми экспедициялардың қатысушысы болды. Был участником научных экскурсий с целью изучения и исследования Туркестанского края. 1878 ж. Жетісу облысы әскерінің шұтаб басқарушысы лауазымына тағайындалды. «Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности : с картой Средней Азии» атты оның 1871 жылы жария етілген еңбегі ортаазиялық жерлердің маңызды географиялық және этнографиялық ақпараттарға болы. Жеке тарауда орыстардың Орта азияға басып кіруінің себептеріне арналған. Бұл еңбекте ортаазиялық аймақтың саудасын, өнеркәсібіне, минералды қорларына сипаттама берілген. Бұл орайда Оңтүстік Қазақстан аймақтары туралы маңызды ақпараттар кездеседі [3].

Константин Константинович Абаза «Завоевание Туркестана. Рассказы из военной истории, очерки природы, быта и нравов туземцев» атты 1902 жылы жарияланған еңбектің авторы, мұнда жеке тарауда «қырғыз даласында» XIX ортасында болып жатқан оқиғалар, соның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісі, бекіністердің құрылысы, қазақтардың хиуа билеушілерімен қарым-қатынастары көрсетілген. Жалпы алғанда бұл еңбекте Ресей империясының жаулап алушылық саясатын растауға талпыныстар жасалды [4].

Шекералық аймақтарды мекендеген қазақтардың XVIII–XIX ғғ Ресей империясымен және ортаазиялық хандықтармен ара байланыстары «Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего» атты Н. И. Веселовскийдің еңбегінде баяндалған. Мұнда автор орыс дипломаттары мен саяхатшыларының Орта Азиядағы орыс саясатына қатысты кең көлемді деректері келтірген [5].

М. И. Венюков 1876 жылы жария болған «Опыт военного обозрения русских границ в Азии» атты еңбегінде Ресей империясы тарапынан Азиялық шеткі аймақтарының отарлауына зор көңіл бөлген, себебі, стратегиялық позицияларын бекіту қажеттілігі туындады және шекаралық аймақта отарлау әрекеттерінің заңды құбылыс ретінде көрсетеді [6].

Қазақ зерттеушісі Шоқан Уалихановтың позициясы ерекше болып келеді, ол патшалық үкіметтің жаулап алушылық саясатына қатысты құбылыстардың күәгері және белсенді қатысушысы болды. Ол европалық білім алған сауатты адамдардың қатарында болып, қазақ даласын бейбітшілік жолмен Ресейге қосу шараларын қолдап орыс отарлаушыларының зорлық әрекеттеріне қарсы болды [7].

Сонымен, революцияға дейінгі зерттеушілер отаршылдық әкімшіліктің қызметінде жұмыс атқарғандықтан Ресей империясының Ортаазиялық аймаққа және Қазақстанға басып кіруді теориялық жағынан негіздеуді және растауды мақсат етті. Ресейдің қазақ хандарының ішкі саясатына араласуы Ұлы жүз қазақтарын «қорғау» қажеттілігімен байланыстырылатын. Ұлы жүз қазақтарын Ресей патшасы өз бодандары және азаматтары ретінде қарастырып, оларды Хиуа және Қоқан басқыншыларынан құтқару, сонымен қатар алдыңғы қатарға экономикалық себептер, Ресей империясының сауда мүдделерін қорғау, сыртқы саяси сылтаулар, ағылшын-британдық күшею талпыныстары алға қойылған.

XIX ғ ортасында Оңтүстік Қазақстанды Ресей империясы тарапынан әскери отарлау мәселесі кеңестік тарихшылардың назарында болды. Осы кезең зерттеушілері кең көлемді тарих құжаттарды талдаудан өткізіп өз зерттеулерінде қолданды. Кеңестік тарихшылар революцияға дейінгі еңбектерді қолданды, дегенмен оларды интерпретациялау марксизм-ленинизм ұстанымдарына сай жасалатын. Жалпы алғанда атаулы мәселені қарастырған кезде кеңестік авторлар патшалықтың жаулап алу саясатының отаршылдық сипатын көрсете отыра Қазақстан мен Орта азияны ресейге қосудың прогрессивті ықпалын белгілеген.

Г.А. Хидоятов өзінің «Британская экспансия в Средней Азии» атты еңбегінде Ресей және Англияның мұрағат құжаттарының, британдық үкіметтік газеттерін, ресми құжаттарының кешенін талдаудан өткізіп келесі қорытындыға келген. Оның пікірі бойынша, Англияның де Ресейдің де билеуші топтары Орта азияда өздерінің басқыншылық саясаттарын растау үшін және бұл аймақтың кез келген аймақтарына өз құқықтарын дәлелдейтін көптеген сылтауларды келтіреді. Дегенмен екі державалардың да қандай да болмасын ұрандары екі жақтың да саясаты жаулап алушылық, отаршылдық сипатта болды. [8, с. 7]. Автор ағылшын және ресейлік деректер негізінде ортаазиялық аймақта екі де мемлекеттің геосаясатының бағыттарын анықтаған. Дегенмен XIX ғ ортасында Ресей империясының саясаты сыртқы халықаралық жағдайдың ерекшелігіне сай өзгеріске ұшырайды. Бұл жағдайлардың қатарына автор Ресейдің Қырым соғысында жеңілісі, Париж келісім шартына қол қоюы мәселелерін келтіреді. Осы жайттар Ресейді ортаазиялық аймақта өзінің позицияларын бекітуге итермелеген және аймақтың терең аудандарына басқыншылығын жалғастыруға шарт болды деп көрсетті [8, с.с. 30-38].

Басқа кеңестік зерттеуші М. К. Рожкова өзінің «Экономическая политика царского правительства на среднем Востоке во второй четверти XIX века и русская буржуазия» атты еңбегінде ресейлік саясаттың экономикалық астарына талдау жасап олардың негізін көрсетеді. Ол орыс өнеркәсібінің тауарлары үшін қазақ нарығының маңызын ерекше екендігін айқындап, орыс өнеркәсібінің талаптарына сай жұмсалғанын да белгілейді. Яғни автор орыс өнеркәсібінің мүделері неғұрлым үстемдік етуші сипатта болғанын көрсетті.

Автор сонымен қатар қазақтарды ортаазиялық тауарларының тұтынушылары болғанын көрсетіп Ресейдің сыртқы сауда саясатының бағытын өзгертуші фактор ретінде белгілеген. Ресейдің саудалық мүдделеріне сай Ресейдің қазақтарды отырықшыландыру саясатына қарсылық білдіріп оларды ресейлік нарықтың тұтынушылары және шикізат көздері ретінде сақтап қалу тенденциясы байқалады деп айғақтайды. Аталған экономикалық факторлар XIX саяси және әскери саладағы іс шаралармен іспеттес Қазақстан мен Хиуа елдеріне қатысты агрессивті жаугершілік сипат алғанын автор тұжырым ретінде көрсетеді [9, с. 215].

А. М. Аминов, А. Х. Бабаходжаев «Экономические и политические последствия присоединения Средней Азии к России»

атты еңбегінде Ресейдің Орта азияға басып кірудің сауда аспектілерін қарастырады. Маңызды алғы шарттар қатарына зерттеушілер XIX ғ ортаазиялық хандықтардың әлсіреуін енгізіп, бұл орыс патшалықтың жаулап алушылық қозғалысының бастамасына әкеп соқтырып қазақ даласын толығымен жаулап алып, осында әскери бекеттерін құрылысы басталады да Орта Азияға басып кірудің тірек базаларына айналғанын белгілейді [10, с. 17].

Қазақстанның оңтүстік аймақтарын отарлау саласының ірі зерттеушісі қатарына Н.А. Халфинді көрсету тиіс. Оның «Россия и ханства Средней Азии (первая половина XIX века)» атты еңбегінде автор ортаазиялық аймақтағы патшалықтың сайда және экономикалық мақсаттарының басымдылығы көрсетілген [11].

Қазақстандық кеңестік зерттеушілердің еңбектерінде (Н. Г. Аполлова [12], Е. Б. Бекмаханов [13], Т. Ж. Шоинбаев [14]) Қазақстанның Ресейге қосылуы жаулап алушылық сипатта емес, ерікті түрде екен тұжырым үстемдік етеді. Е. Б. Бекмаханов патша саясатының реакциялық сипатын білдіреді, дегенмен XX ғ. ортасында үстемдік етеккен кеңестік тарихнамадағы прогрессивтілік идеясын ұстанады. Жалпы алғанда кеңестік тарихшылар Ресей империясы қазақ даласы үшін ортаазия хандықтарымен, Цин империясымен қарым – қатынастарыдағы құтқарушы ролін атқарғанын анықтайды.

Яғни кеңестік заманда тарихшылар партия идеологиясына сай тұжырымдамалар жасаған. Қатал цензура мен үстемдік етуші идеологияның шеңбері Орта Азия және Қазақстанның Оңтүстік аймақтарына патшалықтың басып кіру саясатын объективті түрде бағалауға мүмкіншілік болған жоқ. Осыған қарамастан кеңестік тарихшылар атаулы үдерістерді зерттеу барысында бірқатар құнды фактологиялық ақпараттар мен мұрағаттық революциялық құжаттарды саралап шықты.

Қазіргі кезеңде Орта Азия және Қазақстанның Оңтүстік аймақтарына патшалықтың басып кіру саясатын объективті және жергілікті халықтың ұстанымдары тарапынан айғақтауға толық мүмкіншілік туындауда. Ғылыми айналымға бірқатар және бұрын қол жетілмеген тарихи мұрағаттық құжаттарды жарыққа шығару талпыныстары жасалуда.

Солардың ішінде мұрағат құжаттарының жиындары, кеңес дәуірінде басып шығаруға тыйым салынған революцияға дейінгі еңбектер басылып шығарылуда. Маңызды ақпарат «История Казахстана в зарубежных архивах и библиотеках (XVI – XX вв.)» атты ақпараттық анықтамалықтың құрамында

келтірілген [15]. Зерттеу тақырыбы бойынша бірқатар мұрағаттық ақпарат Өзбекістан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталуда (Ташкент қ) (Қ. И-715 Подготовительные материалы составленной полковником Серебренниковым публикации документов «Туркестанский край». Сборник материалов для истории его завоевания.).

Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуда казачествоның алатын орны ерекше болды. Осы мәселе М. Ж. Абдирова еңбегінде зерттелген. Автор революцияға дейінгі бірқатар мұрағат материалдарын қолданған және отаршылдықты жүйелі түрдегі үрдіс ретінде айқындаған [16].

Соңғы жылдары Қазақстанда әскери отарлау мәселесіне қатысты зерттеулер пайда болды. Солардың ішінде К. К. Кенжебеков [17] және А. Абдуалиевтің [18] диссертациялық зерттеулерін ерекше атауға болады. Авторлар Өзбекістан, Ресейдің мұрағат құжаттарын кеңінен келтіріп Қазақстанның Оңтүстік аймақтары мен Орта Азияны жаулап алушы процессінің негізгі қатысушы мемлекеттерінің позицияларын анықтаған.

Сонымен қатар қазіргі заманғы отандық тарихи ғылым үшін жаңа әдіснама ұстанымдары бойынша пайла болған жеке зерттеулер жарыққа шығуда. Бұл зерттеулердің ішінде кешенді пәнаралық ұстанымдарды айғақтаған Г.Н. Кенжиктің «Источники по исследованию исторической географии степных областей Казахстана XIX – начала XX вв» атты еңбегін ерекше көрсетуге болады. Автор географиялық-топографиялық әдістерді қолданып, тарихи-географиялық карталар мысалында патшалықтың жаулап алушылық саясатының тарихын бейнелеген.

Әрине зерттелетін мәселе осы ұсынылған мақаламен шектелмей Қазақстанның Оңтүстік аймақтарын Ресей империясы тарапынан жаулап алу саясаты бойынша революцияға дейінгі, кеңестік және заманауи кезеңінің зерттеулерін әрі қарай зерделеп талдауды талап етеді

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ радиосы – Марат Тажин выступил в ЕНУ имени Гумилева. [он-лайн]. [Просмотрено 27 ноября 2013]. Доступ через Интернет: kazradio.kaztrk.kz/kaz/news/own_new... копия

2 Терентьев, М. История завоевания Средней Азии с картами и планами. – Т. 1-4. Спб., 1906 [электронный ресурс]

3 Костенко, Л. Ф. Средняя Азия и водворение в ней русской гражданственности : с картой Средней Азии / сост. кап. Генштаба Л. Костенко ; изд. А. Ф. Базунова. – С.- Петербург : в тип. В. Безобразова, 1871. – [4], XIV, 358, [39] с., 1 л. карт. ; 20 см. – Библиогр. : «Источники» (с. VII-XIII) ./ <http://www.prilib.ru/Lib/pages/item.aspx?itemid=4835>

4 Абаза, К. К. Завоевание Туркестана. Рассказы из военной истории, очерки природы, быта и нравов туземцев» – Спб., 1902 г/ <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/16349-abaza-k-k-zavoevanie-turkestana-rasskazy-iz-voennoy-istorii-ocherki-prirody-byta-i-nravov-tuzemtsev-v-obschedostupnom-izlozhenii-spb-1902>

5 Веселовский, Н. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве от древнейших времен до настоящего. Спб., типография брат. Пантелеевых, 1877./ <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/16575-veselovskiy-n-i-ocherk-istoriko-geograficheskikh-svedeniy-o-hivinskom-hanstve-ot-drevneyshih-vremen-do-nastoyaschego-spb-1877>

6 Веноков, Михаил Иванович (1832-1901). Опыт военного обозрения русских границ в Азии : Вып. [1]-2 / [Соч.] Артиллерии полковника М. Венокова, действ. чл. Императ. Рус. геогр. о-ва. . – Спб. : тип. В. Безобразова и К°, 1873-1876. [электронный ресурс]

7 Валиханов, Ч. Собрание сочинений в 5 томах. Алма-ата, 1985. В 5 т. / АН Каз ССР. – Алма-Ата, 1985. – Т 4. – 416 с.

8 Хидояттов, Г. А, Британская экспансия в Средней Азии. Ташкент: Фан, 1981. – 212 с

9 Рожкова, М. К. Экономическая политика царского правительства на среднем Востоке во второй четверти XIX века и русская буржуазия. – М. - Л. : Издательство АН СССР, 1949. – 390 с

10 Аминов, А. М., Бабаходжаев, А. Х. Экономические и политические последствия присоединения Средней Азии к России. Ташкен : Узбекистан, 1966. – 212 с.

11 Халфин, Н. Г. Россия и ханства Средней Азии (первая половина XIX века). – М. : Наука, 1974. – 405 с

12 Аполлова, Н. Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв. — М., 1960. – 247 с.

13 Бекмаханов, Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957. – 335 с.

14 Шоинбаев, Т. Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-ата : Казахстан, 1982. – 279 с.

15 Информационный справочник «История Казахстана в зарубежных архивах и библиотеках (16 – 20 вв.)»/ сост. Кульманова С. А., Бегимтаев Ш. К. т. 7, ч.1 Астана 2013.

16 **Абдиров, М. Ж.** Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость(из истории военно-казахской колонизации края в конце XVI – нач. XX вв.). – Астана : Елорда.2000. – 304 с.; Он же: Завоевание Казахстана царской Россией как плацдарма для наступления в Среднюю Азию – Вестник КазНУ сер.Историческая. – 2005. – №1. Он же: Завоевания Южного Казахстана царской Россией как плацдарма для наступления в Среднюю Азию //// Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2005. – № 1.

17 К.К. Военно-наступательные аспекты присоединения Казахстана к России (1731-1864 гг.) – Автореф. дисс. ... к.и.н. – Казахский аграрный государственный университет РК Алматы, 2000. – 28 с.

18 **Абдуалиев, А. Б.** «Казахский» вопрос в русско-хивинских отношениях первой половины XIX века // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2004. – № 2. – С 6-19. Он же: К вопросу о развитии казахско-хивинских связей в XVIII – первой половине XIX вв. // Отан тарихы. – 2004. – № 3-4. – С. 30-39 Он же: Некоторые вопросы взаимосвязей младшего жуза с Хивинским ханством/// Вестник КазНУ. Сер. Историческая, 2004. – № 4. – С.48-53

19 **Кенжик, Г. Н.** Источники по исследованию исторической географии степных областей Казахстана XIX – начала XX вв// Казахстан-Спектр. – 2011. – №2. – С. 120-126

К ВОПРОСУ ЗАВОЕВАНИЯ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА РОССИЕЙ В СЕРЕДИНЕ XIX ВЕКА: ОБЗОР АРХИВНЫХ ФОНДОВ ЦГА РК

МОШНА Н. И.

ст. преподаватель, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Обращаясь к страницам истории, её малоизученным моментам, сегодня необходимо поднять тот большой пласт источников, который малоизучен или недостаточно исследован. К такой проблеме можно отнести период завоевания Южного Казахстана Россией.

Введение в научный оборот новых документов является важным элементом познания прошлого, расширения научного и

культурного кругозора, средством формирования мировоззрения подрастающего поколения.

Научная литература и историческое сознание заполнены важными моментами по социально – экономическим отношениям, политической истории, национально – освободительной борьбе, внешнеполитическим связям России и Казахстана в середине XIX. Значительным фактором были взаимоотношения Казахстана с Россией и среднеазиатскими ханствами – Кокандским, Хивинским и Бухарским. С конца 40 – х гг. XIX в. процесс присоединения к России перешел на южные регионы. Россия активизировала свои политические и военные действия. Продвигаясь на юг, царизм стремился создать Сыр – Дарьинскую и Семиреченскую укрепленные линии. Историческая реальность середины XIX в. была сложной для многих регионов Казахстана.

Поднимая новый пласт источников, мы интерпретируем прошлое с позиций сегодняшнего дня. Обращение к прошлому – сложно, - важно для историка каким образом будут представлены те или иные факты. По мнению Цветана Тодорова - французского философа: «Работа историка, касающегося прошлого, состоит не только в том, чтобы установить факты, но и в том, чтобы отбирать среди них наиболее показательные и значимые, а затем сопоставить их друг с другом; а эта работа по отбору и сопоставлению фактов неизбежно ориентируется на разыскание не истины, а блага (извлекать из травмирующих событий назидательное значение) [1].«Разысканию истины» помогают историку архивные документы.

Работа в Центральном государственном архиве Республики Казахстан позволила выявить документы по истории завоевания Южного Казахстана в сер. XIX века. Это следующие фонды: Начальник Алатавского округа и киргизов Большой Орды [Ф.3], Областное Правление Оренбургскими киргизами Министерства внутренних дел [Ф. 4], Штаб войск Семиреченской области [Ф. 46], Управление Мангышлакского пристава Закаспийского военного отдела Кавказского военного округа [Ф. 85], Управление коменданта г. Туркестана Закавказского военного округа. г.Туркестан, Сыр-Дарьинской обл. [Ф.118], Туркестанское уездное управление [Ф. 119], Казалинское уездное управление [Ф. 267], Управление командующего Сыр-Дарьинской линией Туркестанского военного округа [Ф. 382], Областное управление сибирскими казахами Министерства внутренних дел г. Омск, Тобольская губерния [Ф. 345], Управление киргизами Сыр-Дарьинской линии [Ф.383],

Управление коменданта Форта № 1. Урочище Казалы Туркестанской области [Ф.384], Заведующий туземным населением правого фланга Туркестанской области. Форт Перовский [Ф.385].

Источники, хранящиеся в данных фондах, позволяют раскрыть малоизученные страницы истории, они несут в себе определенное знание об эпохе, в которую они были созданы. В вышеперечисленных фондах находятся Указы Сената, приказы Министра внутренних дел, материалы заседаний пограничного управления по секретной части и другие руководящие материалы. Представляет интерес переписка о положении дел в восточных ханствах, предписания командиров военным корпусам, рапорты и записки о положении дел в Среднеазиатских ханствах, документы по подготовке и проведению военных кампаний, по продвижению войск в глубь Средней Азии. Документы содержат предписания командира отдельного Сибирского корпуса о войне с Кокандским ханством, об отношении русского правительства к казахам Большого жуза и киргизам, о нападении отряда Бутакова на казахские аулы и др.

В фондах ЦГА РК имеется коллекция карт [Ф.689], где содержится 66 единиц хранения, охватывающих период с 1816 по 1918 годы. Карты средней части Азии, Внутренней Казахской Орды, Туркестанского генерал – губернаторства, Азиатской части России с прилегающими к ней владениями, проекты дорог и мостов. Для исследователя, безусловно, это тоже важный источник. Использование картографических документов в сочетании с письменными в исторической науке позволит исследователям истории Казахстана избежать возможных ошибок при интерпретации исторических малоисследованных фактов, поскольку междисциплинарный подход позволяет заметно углубить и обогатить исторические знания.

К концу первой половины XIX века на территориях Среднего и Старшего жузов, начиная со стороны Сибирской линии, строятся укрепления Актау (1835 г., Улытау (1835 г.), Капал (1846 г.), Сергиополь (Аягуз, 1831 г.) и другие, ставшие опорными пунктами в Заилийском крае. В 1856 году в составе Семипалатинской области создается Алатавский округ с центром вначале в г. Капале, а с 1862 г. – в г. Верном [2, 370 с.].

В 1848 г. для управления населением Большой орды учреждается должность пристава, который подчинялся западносибирскому генерал – губернатору. Местопребывание пристава находилось в укреплении Капал. Как свидетельствует Предисловие к описям

фонда № 3 «Начальник Алатавского округа и киргизы Большой Орды»: «При приставе находилось управление, которое в момент его учреждения имело нижеследующий штат:

Пристав при киргизах Большой орды (из числа только русских офицеров).

Три старших султана.

Толмач (переводчик).

Письмоводитель.

Три старших султана являлись непосредственными управителями казахского населения Большого жуза. Оставив без изменений существовавшую в Большом жузе систему султаната, царское правительство вместе с тем приблизило и подчинило 3-х старших султанов русскому приставству. До 1850 года полнота гражданской и военной власти находилась в руках пристава, который подчинялся непосредственно командиру отдельного Сибирского корпуса, находившегося в г. Омске» [3].

Поскольку влияние русских военных сил в регионе усиливалось, в 1850 году дела по внутренней службе войск были переданы полковому командиру. Расширялись и функции пристава: наблюдение за киргизами Большого жуза, среди влиятельной части родоплеменной знати пристав был обязан создавать опору царизму, на него возлагался разбор тяжб гражданского населения, развитие торговли, руководство строительством военных укреплений и выбор удобных мест для них, охрана границ [3].

Пристав обладал и широкими правами. Он командовал войсками на данной территории, имел право вести секретную переписку, наделялся дипломатическими полномочиями. Одной из важнейших задач пристава являлась подготовка материальной базы для продвижения русских войск к границам Средней Азии (строительство мостов, паромов, лодок, изыскание тягловой силы).

Основанное в 1854 г. в урочище Алматы Заилийское укрепление Верное стало очередным опорным пунктом царских войск для дальнейшего продвижения в Среднюю Азию.

Границы земель Алатавского округа определялись на западе от устья р. Каратала до Южной части озера Балхаш, затем по р. Чу до её верховьев; на востоке – по р. Нарыму и Китайской границе. Точные границы на юге и севере округа долгое время установлены не были.

На территории Алатавского округа были построены следующие поселения: укрепление Верное, станицы – Большая и Малая Алма-тинская, выселки – Карабулакский и Коксинский, укрепление

Илийское, станицы – Надежная (Надеженская) и Софино (Софийская), укрепление Кастекское, поселение Каскеленское границ [3].

Вся эта территория с кочевым и оседлым населением находилась в ведении начальника Округа, который осуществлял управление Округом как в военном, так и в гражданском отношении.

В случаях каких-либо столкновений на границе, а также в случае волнений среди местного населения или солдат – начальнику предоставлялось право применять все имеющиеся в его распоряжении средства. Обо всем этом он немедленно доносил Семипалатинскому военному губернатору, который в случае надобности оказывал ему помощь. Большое внимание уделял военному строительству в округе. Через руки начальника округа проходила вся секретная переписка [3].

В середине XIX в., когда Россия укрепилась в устье Сырдарьи, соперничество между Россией и Кокандом приняло форму открытой вооруженной борьбы.

Как свидетельствует предписание командира отдельного Сибирского корпуса о войне с Кокандским ханством генерал – лейтенанта Дюгамеля А. : «...при этих временных мирных сношениях с Кокандцами не оставьте по - прежнему содержать расположенные во вверенном Вам округе войска в полной готовности на случай неприятных действий кокандцев. А против хищнических шаек кокандцев и подчиненных им киргизов действуйте энергически и быстро вооруженною силою» [4].

Проникновение России в глубь Центральной Азии встречало сильное противодействие Кокандского ханства, которое приобрело влиятельного союзника в лице Англии – главного противника России в Центральной Азии. Планы Англии по освоению водных путей в Средней Азии послужили дополнительным толчком, ускорившим осуществление планов царского самодержавия в регионе. Так, в выписке из письма военного министра сообщается: «В последних полученных от Вас известиях встревожил нас слух о намерении английских агентов положить основание пароходству на Аму. Мы должны во что бы ни стало противодействовать этому покушению» [5].

Ведение постоянных дипломатических отношений России со среднеазиатскими государствами затруднялось специфическим отношением их правителей к официальным дипломатическим миссиям, вообще к нормам европейского международного права.

Правители этих государств с большим подозрением относились к появлению у себя официальных российских дипломатов и долго не допускали создания на своей территории постоянных посольств и консульств. Поэтому российское правительство часто возлагало выполнение дипломатических функций на глав торговых караванов, прибытие которых не вызывало в правящих кругах среднеазиатских ханств тревоги или настороженности.

В документах фонда № 345 «Областное управление сибирскими казахами Министерства внутренних дел г. Омск, Тобольская губерния» имеется секретное донесение, полученное в июле 1855 года через толмача Хохлова, прибывшего с караваном из города Азрета. В документе сообщается, « что правители Ташкении, Кокании и Бухарии питают нерасположение к России; в минувшей зимы посылали от себя в Турцию доверенных людей, просили помощи к уничтожению Форта – Перовского и получили от Турции одобрение в предприятии сем и обещание в случае неудачи, прислать на помощь войска. В силу такого одобрения в начале минувшего июня лица в вооружении до 20 человек и отправлены под Ак-мечеть (форта Перовского) с неременным обязательством взять этот город» [6]. Далее толмач Хохлов сообщает, что войска хивинцев, кокандцев и ташкенцев отправились на Алматы, против укрепления Верного, с намерением вытеснить от туда русских. «Кроме того правительство Ташкении возбуждает джигитов мстительного султана Кенесары Касымова к сбору больших шаек киргиз, нападению на аулы подведомственных России киргиз, кочующих как около Ак-мечети » [6]. После взятия Ак-мечети была образована Сыр-Дарьинская линия как особая административная военная единица, ставшая военным плацдармом для продвижения русских войск в пределы южного Казахстана и Средней Азии.

Присоединение Казахстана явилось сложным и противоречивым процессом. На наш взгляд, есть научная потребность вернуться к событиям истории Казахстана середины XIX века и, опираясь на источники отобрать среди них наиболее показательные и значимые, сопоставить их друг с другом, взвешенно рассмотреть, и в их свете увидеть реалии исторических событий.

ЛИТЕРАТУРА

1 **Рикёр, П.** Память, история, забвение / Пер. с фр. И. И. Блауберг и др. – М. : Изд-во гуманитарной литературы, 2004 // <http://ec-dejavu.ru/o/Oblivion.html>

2 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 3. – Алматы : Атамұра, 2010. - 768 с.

3 Центральный государственный архив Республики Казахстан. Предисловие к описям Ф. 3. Л.1-5.

4 ЦГА РК. Ф. 3. Оп. 1. Д. 34. Л.9.

5 ЦГА РК. Ф.382. Оп.1. Д. 47. Л.1, 2.

6 ЦГА РК. Ф. 345. Оп.1. Д.101. Л.1, 1 об.

ШОҚАН ШЫҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕГІНДЕГІ ЕЛ ТАРИХЫ

МУХАМБЕТОВА А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЖҮСІПОВА Л. Қ.

т.ғ.д., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халықтық үлгілерді жазып алу әдісін қалыптастыруда Ш. Ш. Уәлиханов пен В.В. Радлов сіңірген еңбегінің маңызы зор. В. В. Радловтың жазбалары өз замандастарына қарағанда қысқартусыз, өзгертусіз берілген. Зерттеушілер үшін ауызша тарихи дәстүрдің белгілі не беймәлім мәтіндерінің неғұрлым көп нұсқалы болуы тарихи таным үшін маңызды. Себебі деректі терең және мейлінше жан-жақты түсіну, тану үшін де, зерттеуші оның неғұрлым көп үлгілерімен таныс болуы керек. Жалпы, кейбір ауызша тарихи шығарманың қағазға түсу уақыты мен орнының көрсетілмеуі, сондай-ақ мәтінді айтушы, жеткізуші жөніндегі ақпараттар болмауы бұл деректің ғылыми құндылығын төмендетеді. Демек, ауызша тарихи дәстүрдің ғылым талабына сай жиналуы үшін, алдымен оның дұрыс қағазға түсуі мен жазылынып алынуы (паспорты) толық толтырылуы қажет.

Сонымен қатар, ауызша тарихи деректерді жинаушылар мәтіндерді неғұрлым көп таба отырып, оларды неғұрлым ұқыпты түрде қағазға түсіруі шарт. Шарттардың дұрыс орындалуы тарихи танымның аясын кеңейтеді және тарихи шындықты қалпына келтіруге өз септігін тигізеді. Зерттеушінің ауызша тарихи деректерді жинаудағы тағы бір мақсаты – ол мәтіннің сол, не басқа бір жерде өмір сүру ерекшелігін анықтау екенін естен шығармауы керек. Шығарманың белгілі бір мекендегі өмір сүру жағдайын қарастыра отырып, жинаушы сол елді-мекендегі халықтың тарихи, әрі саяси-экономикалық ерекшеліктеріне де көңіл бөлуге міндетті.

Жинаушылық жұмыс кезінде, сол елді мекенге қатысты жүріп жатқан түрлі этнографиялық та материалдарды да қоса қамтуды ойластыруы керек.

Ауызша тарихи дәстүрді насихаттайтындар, тарататындар, айтушылар мен жеткізушілер т.б. төңірегінде де ақпараттар мен мағлұматтар қоса қамтылады. Ол биографиялық мәліметтерден бастап, яғни туған күні, айы, жылы, білімі т.б. тәрізді деректерден тұрады.

Патшалы Ресей өкіметі тұсында жиналған мәтіндер христиан дінін уағыздауға, патшаның шексіз билеу саясатын дәріптеуге және сонымен бірге мемлекетке қызмет ету мақсатында жиналып, жарияланып отырды. Бұл мәтіндерде сондықтан да кейбір деректер сұрыпталып, өңделіп, түрлі цензуралардан іріктеліп өзгеріске ұшыраған. Мәтіннің текстологиялық жағынан дұрыс басылмауы, аудармасы болса, оның дұрыс берілмеуі оның мағыналық жағынан түрлі өзгерістерге, ауытқуларға ұрынуына әкеледі. Ауызба-ауыз жазудың қиындығы: кейбіреуі басын толық жазса, кейбіреуі аяғын; ал, кейбіреудің оқиғаны, кейіпкерлерін шатастыруы мүмкін. Бұның барлығын зерттеуші ғалым зерттеу барысында үнемі ескеріп

Қазақ тарихын зерттеу ісінде ауызша тарихи дәстүрдің маңызын ерекше атап, ғылыми айналымға тарихи білім” (устная историология) түсінігін енгізіп кеткен В.П. Юдиннің еңбектерінің маңызы зор [1].

Қазақтың бай ауызша тарихи дәстүрін зерттеуші ғалымдары: Ш. Ш. Уәлиханов, В. Бартольд, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, М. Ж. Көпеев т.б. еңбектері қазіргі таңда да әлі толық жарияланбаған. Олар өз еңбектерінде ауызша тарихи дәстүр үлгілерін әрі жинаудың, әрі жариялаудың, әрі зерттеудің тиімді өзіндік әдіс-тәсілдерін пайдаланған.

Сонымен бірге ауызша тарихи дәстүрді жинау, жариялау мен зерттеу жұмыстары этнографиялық бақылаулармен тығыз қарым-қатынаста қарастырылып отырды.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтың ауызша тарихи дәстүрін жинау жұмыстары, негізінен алғанда, тарихи-этнографиялық сипатта болды. Қазақ даласында болған ғалымдар мен саяхатшылар ішінде: А. Левшин, А. Янушкевич, Г. И. Спасский, А. Назаров тәрізді зерттеушілер қазақтың ауызша тарихи дәстүрін халықтың тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен байланыстыра жинады. [2].

XIX ғасырда қазақтың аңыз-әңгімелерін жинауда Ш.Уәлиханов елеулі үлес қосты. Сонымен бірге, Ш.Ш.Уәлиханов өз еңбегінде кез келген халықтың құрылуы жөніндегі ең қиын мәселені шешуге бастайтын әдістеме жасаған [16]. Оның Рашид ад-Диннің «Жәми ат-тауарих», атақты ориенталист Г. Ю. Клапроттың, көрнекті неміс географы А. Гумбольдтың, орыс авторлары: А. И. Левшиннің, И. Бичуриннің, П. И. Рычковтың, А. Шренктің, А. Ремюзаның, Г. Мейендорфтың еңбектерін түпнұсқада оқуы да аталған саладағы ізденіс сапасын биіктете түскен. Қазақтың бір тума ғалымы Ш. Ш. Уәлиханов та кезінде қазақтың ауызша тарихи дәстүрін жинаумен, әрі зерделеумен айналысқан. Ол жинаған тарихи мұралар әлі күнге тарихшы ғалымдарға зерттеулерінде дереккөзі ретінде қызмет етуде. Оның өскен ортасы, жастай алған тәрбиесі оның болашағына үлкен әсер еткен. Ең алдымен Ш. Уәлихановтың ежелден ел билеген ақсүйек семьяда туған, халық тағдырына қатысты әңгімелерді бала кезінен естіп, қанып білгенін елеулі мәселе деп қарау керек. Көрген-білгендері, бастан кешкендері жас Шоқанның санасына жанды тарих секілді күйыла берген. Қазақ халқының келешек бағыты айқындалған жолайрық заманда Абылайдың атына қатысты аңыз сөздер аса көп болатын [16].

Абылай туралы деректерді архивтен емес, тікелей семьялық шежіре ретінде естіп, тану Шоқанның өткен істерге, ел тарихына ой жүгіртіп үйренуіне септескен. Бұл заманда бетіне жан қаратпаған айбарлы хандық династияның өкілі Шоқан өткен тарихтың көңіл сүйсінер даңқты беттерін де, өкінішті сабақтарын да жаттап өскен еді. «Бұл қалай?» деген сауал оның көңіліне еріксіз тұрақтайды. Қазақстанның Россия қарауына өтуінің жағдайлары, өз әулетінің халі, Абылай балаларына, екі жікке бөлініп, бір жағы ақ, патшаның сенімді қызметшісі болуға бейімделуі, екінші жағының тәуелсіз қазақ, хандығын көксеуі, осы негізде туыстардың өзі бір-бірін көрместей династияға айналуына нағыз шытырман болатын [17].

Уәли ханның кезінде Орта жүзде хандық жойылып, елді билеудің жаңа жүйесі жасала бастағаны ел ішінде қандай пікір тудырғаны да, болашақ ғалымға бала күнінен азды-көпті таныс еді. Кейіннен Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінде орын тебетін тарихи-этнографиялық, мағлұматтардың көбі оның балалық шақта ұққандары мен байқағандары болады. Өз ата-бабаларының жанұялық шежіресін жастай біліп алуының өзі аса қымбат білім еді. Ол шежірені ең жақын адамдарынан естиді.

Шоқанның әжесі Айғанымның ақылды, ел әңгімелеріне жетіктігі де зор маңызы болғанын зерттеушілер атап отырады. Қазақ руларының ішкі құрылысы, олардың өзара қарым-қатынасы, халықтың үш жүзге бөлінетіндігі туралы шежіре білімдерін де Шоқан ауыл «университетінен» алған. Ш. Уәлиханов ес біле бастағаннан қазақ елінің тарихы мен сол кездегі жағдайын сипаттайтын аңыз-әңгімелердің қалың ортасында жүреді. Мұның өзі баланың ойына берік орнап қалғаны мәлім. Қазақ халқының басына түскен әр түрлі ауыртпалық сезімтал, зерек Шоқанға өшпес әсер еткен, ерте ойлауға үйреткен. Бір заманда зор болған әулеттің соңғы ғасырларда әлсіреп, ақ патшаға тәуелді халге кетуінің себебін білуге ұмтылу да мұндай жағдайда табиғи көрініс болатын. Болашақ қазақ даласының зерттеушісі Шоқанның алдағы істерінің бағытын күн ілгері белгілеуі себептің бірі осы.

Ғалымның ой-өрісінің кеңеюіне, көркемдік талғамның жетілуіне жасынан ақындар, әншілер, күйшілер, шешендер өнерін естіп, ғибрат алуы зор әсер еткен. Шоқанның орыс достарының бірі Г. Н. Потанин кейінгі естеліктерінің бірінде Ш. Уәлихановты «өз халқының жазушысы болуға жаралған адам» еді деп сипаттауында үлкен мағына бар.

Ғалым өзі жинаған, зерттеген ауыз әдебиеті шығармаларын алдымен түрлі орындаушы, дарынды өнерпаздардан тыңдаған. Ол ХУІІІ ғасырда жоңғар жаулаушылығына қарсы күрескен қазақ батырларына қатысты аңыз бен жырды бала кезінен сан рет естіп, санасына құйған. «Қозы көрпеш – Баян сулу», «Ер Көкше» сынды эпикалық жырларды, тарихи аңыздарды, ертегілерді, тұрмыс-салт өлеңдерін айтушылар ол кезде жиі ұшырасатын [16, 16-б.]. Сондықтан оның бойына жинаушылық қабілет жастайынан қалыптасты. Көкшетау округінің тамылжыған әншілік дәстүрі жас Шоқанның эстетикалық, талғамын ұштаған ғажайыптың бірі. Шоқан жазбаларында аттары жиі ұшырайтын Жұмағұл, Жанак, Орынбай, Арыстанбай, Шөже сынды ақын, жыршылар, түрлі әнші-күйшілер, Шыңғыс Уәлиханов аулына келіп, апталап, айлап жатып, өз өнерлерімен халықты қуанышқа бөлеп отырған. Әрбір орындалған күй, аңыз- жыр, толғаудың өзі тарих, әдебиет т.б. толы мұра болды. Айтушылар тек жұртшылық көңілін көтерумен шектелмей, тыңдаушыға тарихи білімді де таратты. Ш. Уәлиханов қазақ хандары тарихы туралы шежірелік мағлұматтарды, ата-анасынан, құйма құлақ қариялардан естіп білсе, сол тарихтың желісін ауыз әдебиеті шығармаларынан да аңғарып білді [16, 26-б.].

Сонымен қатар ол ел намысы үшін жан аямай жорыққа аттанып, асқан ерліктер көрсеткен, күні кеше ғана (ХУІІІ ғасырда) өмір сүрген Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Сырымбет, Олжабай, Малайсары, Жасыбай, Баян сынды батырлардың да тарихын алғаш рет қариялардан естіп таниды. Өз халқының осыншама бай тарихын жасында қанып тындап, құлағына сіңіріп, олардың сөзін де, сазын да, аңызын да білуі Шоқанның алдағы зерттеушілік бағытқа келуіне өз ықпалын жасады [16].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – төрелер тарихын терең зерттеген ғалымдардың бірі. Ол да Шоқан Шыңғысұлы деректерімен, В. В. Радлов, В. В. Вельяминов Зернов еңбектерімен таныс болған. Төрелер шежіресін және Абылай хан және оның заманындағы би-батырлар туралы аңыз-әңгімелерді Шоқан Шыңғысұлы жинағандарынан көріп, өзі де ел аралап жинаумен айналысады. Оның қолжазбаларындағы мәтіндер ұқсастығына қарап, дерек берушілер барлығына ортақ бір адам деген пікірге келеміз.

Е. Қ. Жүсіпов құрастырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көптомдық шығармалар жинағындағы 8-ші томында берілген түсініктемеге назар аударсақ, онда хандар генеологиясының толық тізімі алғаш рет толық берілген. Барлық жоғарыда келтірілген деректер ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұсынылып отырған нұсқалары неғұрлым толығы. Сондықтан Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорында сақтаулы тұрған оның қолжазбалары Отандық тарих ғылымы үшін өте құнды. Сонымен бірге №1170 «а» бумасының ішінде мәтін басында: «Тимучин – Шыңғыс» деген оқшау сөздер жазылған [18, 8 т., 361-364-бб.].

Осыған ұқсас мәтінді 1905 ж. шыққан Ә. Бөкейхановтың тапсырысымен берілген қолжаздан да көруге болады. Ондағы деректер әр жерден жинақталып алынған. Соның ішінде Ә. Бөкейхановтың Қарқаралы төрелері шежіресі кітабы назар аударарлық. Себебі Ә. Бөкейханов та төрелер әулетінен және оның мәліметтері толығымен берілген. Е. Қ. Жүсіпов түсініктемеде екі жерінде ғана өзгешелік бар дейді: 1. Жикефар ханымды Бөкейдің (негізінде Шыңғыстың-Е.Қ.) зайыбы деп көрсетеуі. 2. 1905 жылғы кітапта 1903 жылы Әзхан 30 жаста деп берсе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Әлихан Бөкейхановты 1903 жылы 30 жаста болған деп көрсетеді [18, 8 т., 446-б.]. Е.Қ. Жүсіпов көшіру барысында екі кеткен қателік себебін өзінше түсіндіреді: бірінші қателік – жинаушы тарапынан кетуі болса, ал екіншісі – баспахана тарапынан (Әлихан орнына Әзханды 30 жаста деп көрсету – Л. Қ.) кеткен

кемшілік болуы ықтималдығы. Бұл мәтін туралы толығырақ Ә. Бөкейханов таңдамалысынан [19, 114-117-бб.] және Жолмұрат көшірмесі 3-ші топтамасынан көруге болады.

XIX ғасыр екінші жартысында ауызша тарихи дәстүрді жинаудың маңызы, мақсаты мен шарттарының негізін қалаған Ш.Уәлиханов, В. В.Радлов, Г. Н. Потанин тәрізді ғалымдардың ізденістері, XX ғасырда жалғасын тапты.

Ресейдің империялық-отарлық саясаты орыс ғалымдары мен жазушыларының қазақ еліндегі ғылым мен мәдениеттің, қоғамдық ой-пікірлердің дамуына үлкен үлес қосуына, әсіресе, қазақ ауызша тарихи дәстүріне арналған мақалалар жазылуына, түрлі библиографиялық көрсеткіштер жариялануына т.б. өз әсерін тигізді.

XX ғасыр басында баспасөз беттерінде қазақ тарихына қатысты үлгілер жиі басылып, жинаушылар есімдері де көрсетіле бастады. Нұсқалар көбінесе әрі қазақ тілінде, әрі орыс тіліндегі аудармасымен қатар басылып отырылды.

Бұл баспасөз беттерінде Ресей ғалымдарымен қатар қазақ зиялылары да М. Ж. Көпеев, Бекен Адықов, Жағыпар Айманов, Қ. Жапанов, Б. Райымбеков, Т. Сейфуллин, Р. Дүйсембиев, т.б. есімдері де бар. Қай елдің болсын ескі тарихынан, мәдениетінен, өткен-кеткенінен мол материал беретін, сыр шертетін дерек көзі – ол халықтың өзі жазып қалдырған қолжазбалары екені баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Орталық Ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында XIX-XX ғғ. жиналған ауызша тарихи дәстүрлік шығармалар мол сақталған. Онда Ә. Диваевтың, тарихшы Н. Веселовскийдің, М. Ж. Көпеевтің, Ш. Жиһангеровтың, Т. Ізтілеуовтың, Б. Мұсабектің, т.с.с. көптеген тарихшылардың, фольклористердің, ақын-жазушылардың кітаптары мен қолжазбалары да бар.

Мысалы, Ә. Жиреншин еңбегінде: «Жүзден артық жазба, ауызша мұраны жинап, кітап, газет, журнал бетінде жариялаған Әбубәкір Диваевтың, кезінде Орта Азия және қазақ әдеби мұраларын, кітаптарын жинаған Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің зиялы еңбектері де еске аларлықтай. Мәшһүр көптеген ақын, жыраулар мен Саққұлақ би, Майлықожа, Ақан серімен кездесіп, айтқандарын қағаз бетіне түсіріп алады. Ол Науаидің «Хамсесін», Низамидің «Жеті аруын» Бұхарадан, Түркістаннан алып келеді», – делінген [8].

Сондықтан XX ғасыр басында ауызша тарихи мұралар қағаз бетіне түсе бастап, ескі кітаптар мен қолжазбалар түрінде де жинала бастағаны күмән туғызбайды.

XX ғасырдан 20-ншы жылдарына дейін қазақ газет-журналдары мен кітаптары Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Томск, Троицк, Петербург қалаларында басылып келді. Мысалы, Қазан университеті жанындағы Н. И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапхананың қолжазба қорында көптеген қазақтың ауызша тарихи нұсқалары сақталған.

Мәтінді жинау жұмыстарында алғашқылары тілдің жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, мәтінді дәл түсіріп отырған. Кейінгілері- XX ғасырдан бастап мәтінді ел аузынан жазып алғанда, қажетті паспорттық мағлұматтар бірге жазу ісін қолға алды. Сөйтіп жазу сапасы артты [9].

Сондықтан олардың жазбаларын қазақ тарихы, философиясы, этнографиясы, әдебиеті, т.б. ғылым салалары үшін ең баға жетпес дерек көзі болып қала берді. Жоғарыда аталған деректерді саралай келе, олардың кеңестік дәуірдегі зерттеу еңбектерінен табылмауы, тарихымыздың жан-жақты қарастырылмағанына, әлі де толық зерделенбегеніне көз жеткізеді. Соның ішінде XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихына қатысты төл деректердің әртүрлі себептермен зерттелмей келуі заңды құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Бекмаханов, Е.** Қазақстан XIX ғ. 20-40 жылдары. в. Алматы: Қазақ Университеті, 1992; Жеті томдық шығармалар жинағы. 5 том. (Ғылыми мақалалар жинағы). Павлодар : ФОФ, 2005. – 266 с. Утемиш Хаджи. Чингиз-наме. /Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В. П. Юдина. Комментарии и указатели М. Х. Абусеитовой. – Алма-Ата : Ғылым, 1992. – 296 с.

2 **Левшин, А.** Свидание с ханом Меньшей киргиз-кайсацкой орды. // Вестник Европы. – 1820. №22. – С.129-159; Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. Алматы: 1979; Спасский Г. И. Киргиз- кайсаки Большой, Средней и Малой орды. // Сибирский вестник. – 1820. 1 ч.9. – С.51-58. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – Спб. 1821 т.с.с.

3 Дала уалаяты газеті.- 1894. №29, 30,31.

4 **Потанин, Г. Н.** О необходимости собирания произведений народного творчества у киргизов. // Дала уалаяты газеті. – 1894, №29, 30,31.

5 **Потанин, Г. Н.** О необходимости собирания произведений народного творчества у киргизов. // Дала уалаяты газеті. – 1894, №29, 30,31.

6 **Васильев, А. В.** Образцы киргизской народной словесности. – Оренбург, 1900.

7 **Алекторов, А. Е.** Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900.- 970 с.

8 **Жиреншин, Ә.** Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы, 1971. – Б.3.

9 Киргизские саратовские песни. //Этнографическое обозрение., – 1889. кн. III

10 **Смирнова, Н. С.** О роли РГО в развитии казахской ауызша тарихи дәстүрестікі.// Вопросы казахской филологии. – 1964.

11 Қара қыпшақ Қобыланды. // Қазақ.- 1914. №89. 10 декабрь; Баржақсин А. Мақалдар. // Қазақ.- 1915. №120.-18 апрель т.б.

12 **Дулатов, М.** Григорий Николаевич Потанин. // Қазақ. – 1915. №150. 21 сентябрь; Саматов М. Потанин докладынан. // Қазақ.- 1915. №56. 30 март; Дулатов М. Әбубәкір Ахметжанұғлы Диваев. // Қазақ. – 1915. №155. 31 октябрь; Шоқаев М. Әбубәкір Диваев // Қазақ. – 1915. №156. 31 октябрь т.с.с.

13 Потанин хаты. //Қазақ. – 1914. – №52. – 28 февраль; Баржақсин А. Мақалдар. // Қазақ. – 1915.- №120. -18 апрель; Бөкейханов Ә. Қара қыпшақ Қобыланды. //Қазақ. – 1915. -№126-129; Сұңқар. Қарқаралы оязынан. // Қазақ. – 1915. – №134. – 13 май т.с.с.

14 **Әуезов М.** Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. // Шолпан. – №2. 1922; Жұмабаев М. Қырғыздың ауыз әдебиеті (Зерттеу). // Ақжол. -.1923. 23 маусым; Халық әдебиеті туралы. // Жас қазақ.- 1924. №3-4.-Б. 15-19 ; Шәкенұлы Қ. Халық әдебиеті туралы. // Тілші.- 1924. №90; Төлешұлы Р. Халық әдебиеті. //Жаңа әдебиет.- 1929. №5. –Б.77-81; Фатима [Ғабитқызы]. Ескі мұраны іске асырайық. // Социалды Қазақстан, 1934, 27 май; Мұқанов С. Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық. // Социалистік Қазақстан. – 1939. 27февраль.

15 Жұмбақ айтыс.(Жазып алған В.Радлов). // Темір қазық.- 1923. №2-3. Б.117-118; Қазақтың жермен қоштасқаны (Жазып алған В.Радлов). // Темір қазық. – 1923. №2-3. – Б.115-117; Бекен батыр (Жинаған Ә. Диваев). // Темір қазық.- 1923. №1. – Б.34-35 ; Бесік жыры. (Ел аузынан жинаған Ә.Диваев). // Сана.- 1923.- №1. Б.49-68; Жиренше шешен (Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша). // Таң.- 1925. – №1. - Б.97-98 ; Үйсін Төле бидің сөзі (Мәшһүр-Жүсіп өңгімесінен). // Лениншіл жас.- 1927. №3-4.- Б.35-36. Бала бидің сөзі (Бекен

ақсақалдың айтуынан жазып алған І.Жансүгіров). // Сана.- 1923. №1.-Б.61; Жаңылтпаштар (Жинаған І.Жансүгіров). // Жас қазақ.- №5-6. – Б.102; Досмұхамедұлы Х. Қалмақтың қарғысы. // Сана.-1924. №2-3; Досмұхамедұлы Х. Адай-Абыл ақын. // Сана. – 1924. №2-3; Айтаңсықтың қоштасқаны (Жанақ ақынның айтуынан «Қозы Көреш-Баян сұлу» жырынан жинаған М.Әуезов). // Таң. – 1925. №2. – Б.70-72; Алтынбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі. (Көкбай ақсақалдың айтуынан жинаған М. Әуезов). // Таң.- 1925. – №3.- Б.87-88 ; Сейфуллин С. Құлмағамбет пен Майкөт ақындардың айтысы. // Жаңа мектеп. –1926.-№4. – Б.44-46; Сейфуллин С. Үйсін Қарақожа өлендері. // Жаңа мектеп. – 1926. – №6. – Б.38-39 т.с.с.

16 **Уәлиханов, Ш. Ш.** Шығармалары толық жинағы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы бас редакциясы, 1985. – Т. 3. – 416 б.

17 **Марғұлан, Ә.** Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі // Шоқан Уәлиханов. – Алматы, 1985. – 67 б.

18 Көпеев Мәшһүр Жүсіп. Толық шығармалар жинағы. –Павлодар: ЭКО, 2001–2009. – 13 т.

19 **Бөкейханов, Ә.** Қара қыпшақ Қобыланды. // Қазақ. – 1915. – №126. – 129 б. Кітап сыны («23 жоқтау» қазақ тарихының 400 жылы. Жинаған, түзеткен: Байтұрсынұлы Ахмет пен Қыр баласы) // Еңбекші қазақ. – 1926. – 29 қараша. – 3 б.

ХІХ Ғ ОРТАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ПАТШАЛЫҚТЫҢ ӘСКЕРИ-ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ

ОТЕПОВА Г. Е.
профессор, ПМПИ, Павлодар қ.
КАСКАБАСОВА А. А.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ХІХ ғ екінші үштігінде орыс-ағылшын қатынастарының шиеленісуіне байланысты патшалық үкімет оңтүстік Қазақстан және Орта Азияда өзінің позицияларын күшейтті. Дегенмен Ресейдің Хиуаға қарсы сәтсіз жорықтары патшалықтың осы жерлерді тез арада басып алу мүмкіншілігінің шектеулігін көрсетті. Ресейдің Орта Азия аймағында келешектегі тереңдеп басып кіруі үшін мұқият түрде дайындық, күштерін жұмылдыру және әскери плацдармды құру қажеттілігі анықталды. Осы мақсатта Сырдарья әскери шепперінің

бекінісін құру әрекеттері басталады. Сырдарья әскери бекіністерін құрудың басты міндеті осы аймақта Ресейдің әскери позициясын бекітіп келешекте мемлекеттің оңтүстігіне басқыншылығын бастау болып айқындалды. «Возведением укрепления на реке Сыр-Дарье можно... завершить систему водворения спокойствия по степи Оренбургского ведомства и Малая киргизская Орда не будет различаться благоустройством от Внутренней Букеевской Орды. Она представит, наконец, преграду хивинцам вторгаться в пределы этой степи, взимать зякет с подданных империи киргизов и возмущать их против нашего правительства» [1, 23 б.].

Оңтүстік Қазақстан жеріне басып кіру және жаулар алу кезеңі жеткіліксіз түрде жарияланған, көптеген оқулықтар қазақ өлкесінің осы кезеңнің күрделі және қарама-қайшылықтарға толы тарихын қысқаша түрде баядайды. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін ғана орыстар әскерлердің Қазақстан территориясына басып кіру туралы ақпаратты ақиқат етуге мүмкіншілік ады. Екіншіден, атаулы кезең бойынша жарияланған деректер жоқтың қасы. Қазіргі кезеңде өткен мен бүгінді байланыстырып шынайы және объективті ақпарат бере алатын деректерді жариялау қажеттілігі туындаған.

Аталулы кезең бойынша көптеген құнды материалдар Ресейлік мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатында сақтаулы. Олармен жұмыс істеу ХІХ ғ ортасында Қазақстан жеріндегі патшалықтың әскери-отаршылдық саясатын зерттеуде маңызды зор. Мұнда келесі қорлар сақталған: Сыр-Дарья шебінің құжаттары [Қ.435, 1435, 1433], Орынбор әскери округінің [Қ. 1442, 1395], Омбы әскери округі штабының [Қ. 1450], Батыс Сібір әскери штабының [Қ.1449, 1450], Жетісу облысы іскери штабының [Қ.1436], Орынбор әскери округі штабының материалдары [Қ.1442]. Осы құжаттар Қазақстан жеріндегі орыс әскери күштерін құру, бекіту және кеңейту бойынша көлемді фактологиялық материалға толы. Осы қорлардың құжат материалдары әскери министрмен, әскери ведомствоның мекемелерімен хат алмасу, гарнизондар, форттадың жағдайлары туралы басшылардың рапорттары, әр түрлі баяндамалар, циркуляр, директивтер, генерал-губернаторлардың жылдық есептері, барлау есептемелері, әскери отрядтардың бағыт-бағдарлары мен маршруттары, әскерлерді құру және жабдықтару туралы мәліметтерге толы. Мұрағатта Ұлы жүз, Орта Азия жеріндегі әскери операциялары, орыс әскерлері тарапынан Ақ-Мешіт, Түркістан бекіністерін басып алу туралы, қазақтардың ұлт-азаттық

көтерілістерін басу, жерлерді межелеу, Жетісу аймағына орыс губерниялардан қонс аударушыларды қоныстандыру мүмкіншілігі туралы, т.с.с. ақпарат сақтаулы. Атаулы қорлардың материалдары негізінде орыс үкіметінің Қазақстанның оңтүстік жерлерін әскери жаулап алушылығын іске асыру барысын және оның жергілікті халыққа деген қатынасты туралы құжатнама негізінде анықтауға болады.

Ерекше орынға № 1441 «Жеке Орынбор корпусы» қорының құжаттарын қоюға болады, мұнда әскери бірлестіктер басшыларының Амур және Сыр өзендері бойында бекіністер мен форттарды құру мәселелері бойынша, Сырдарья әскери шебін құру туралы рапорттары және хаттары кірді. Осы қор шеңберінде әскери ведомстволармен хат алмасуларымен қатар басқарушылардың бекіністердің қызметі мен жағдайы туралы мәліметтер, топографиялық сипаттамалар, әскерлер мен әскери экспедицияларды қалыптастыру туралы, территорияны қоныстандыру жобалары бар. Бұл мәліметтер негізінде орыс үкіметінің жергілікті халыққа деген қатынасы анықталады, себебі тұрақты түрде қайшылықтар туындап олар қатал басылатын. № 1441 қордың материалдары Сырдарья әскери шебінің құру және кенейту мәселесімен тікелей байланысты. Қор материалдары арасында келесі істер сақталды: «Сыр-Дарья өзені бойында Қазалы фортын құру туралы әскери ведомство мекемелерімен хаттары» [2], «Шу өзені бойында Сібір бекінісін Орынбор шебімен байланыстыру мақсатында көшіру туралы әскери министрмен хаттар» [3], «Ақ-Мешит бекінісін құру туралы әскери ведомство мекемелерімен хаттары» [4], «Раим түбегінде бекіністі құру және оған орыс тұрғындарын қоныстандыру туралы әскери ведомство мекемелерімен хаттары» [5], «Қырғыз даласын және Сырдарья шебін әскери құру туралы жарғының жобасы» [6]. Олар солзаямаңғы оқиғалардың тікелей қатысушылары тарапынан жарияланып көптеген қайшылықты мәселелерді аян етеді. Аталған материалдар әскери деректер болып табылады және Қазақстанды жаулап алудың әскери-отаршылдық тарихын зерттеу бойынша маңызы ерекше болып табылады.

Ресейлік мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатында тәжірибеде үш жыл бойы қолданылған Сырдарья шебі туралы жарғының жобасын дайындау бойынша материалдар сақтаулы. Олардың арасында келесі құжаттар: «Орынбор ведомствосы және Сыр-Дарья шебін қырғыз даласында әскери құру туралы жарғыны өзгерту

жобасы» [6, 14-20 б.]; «Орынбор өлкелік әскер штабы басшысына берілген Орынбор бекінісі комендантінің ұсыныстары» [6, 44-55 б.]; «Бас штабының генерал-майоры штаб басшысының капитан Кузьминскийге хаты (ескі жарғыны қайта қарастыру және жаңа өзгерістерді енгізу үшін қайта қарау мақсатында комиссия құралды)» [6, 67-78 б.]; «Шептің коменданты көмекшісі, подполковник Голосовтың рапортында ұсынылған және ООК басшысына берілген Сыр-Дарья шебінің құрылысы туралы жарғының жобасы» [6, 64-65 б.]. Осыған байланысты штаб басшысы, генерал-майор тарапынан келесі қорытынды жасалған: «Высочайше утвержденное в день 3 декабря 1861 года в виде опыта на 3 года положения о военном устройстве киргизской степи Оренбургского ведомства и Сыр-Дарьинской линии, в декабре текущего года окончится срок опыта. Вследствие чего по поручению корпусного командира прошу Ваше высокоблагородие доставить ко мне подробное соображение о тех изменениях, которые Вы в помянутом положении признаете необходимым сделать сообразно с настоящими потребностями во вверенном Вам укреплении. Предполагаемые Вами изменения в положении распределить по параграфам, формулируя каждый вновь, предполагая параграфы таким образом, как это делается при изменении или дополнении статей свода закона» [6, 8 б.]. Осы материалдар Сырдарья шебін басқару мәселесін зерттеу бойынша маңызды деректер болып табылады.

Сыр-Дарья маңында 1847 жылы әскери күштерді бекіту үшін Раим бекінісі салынды, ол 1851 жылы патшалықты атаулы «Сыр-Дарья, Арал құйылымы тұсында Қырғыз даласында құрылған Раим бекінісінің атауы туралы» жарғысы бойынша Арал деген атауға ие болды [7]. Орналастыру жерін таңдаған кезде стратегиялық ерекшеліктерге зор назар аударылды. Әскери министрдің хатында бұл жөнінде нақты көрсетілген: «Отношение Вашего высокопревосходительства от 21 минувшего декабря за № 301, о выгодах возведения укрепления на полуострове Раим близ устья реки Сыр-Дарьи в Аральском море, с устройством на этом пункте русского поселения, я имел счастье довысочайшего сведения. Государь император, имея в виду сообщенное Вашему высокопревосходительству от 26 декабря высочайшее разрешение о постройке трех укреплений в степи, соизволил отозваться, что по мнению Его Величества на реке Сыр-Дарье для возведения форта кажется удобнейшим, нежели избранный на реке Темир, но между

тем необходим вопрос об окончательном выборе пункта для сей цели, обсудить подробно и обстоятельно» [1, 30 б.].

Бекіністер әскери уақыт талабына сай құрылатын, қазақтарды бұғауда ұстап кез келген наразылықтарын басу үшін әскерилер және казактар тарапынан жабдықталатын. Бұл туралы өзінің рапортында жеке Орынбор корпусының командирі баяндайды: «Для упрочения спокойствия в Малой киргизской Орде, по высочайшему Его Императорского Величества воле, изложенной в предписании ко мне Вашего сиятельства от 2 апреля 1845 года за № 238, возведены в том же году в Киргизской степи два укрепления: одно Оренбургское в восточной части Орды в 426 верстах от Орской крепости по реке Тургай, а другое – Уральское в средней части Орды в 406 верстах от той же крепости, на реке Иргиз. В каждой из этих укреплений назначено по гарнизону в составе 400 военных чинов, ежегодно сменяемых в весеннее время и по два орудия. Из гарнизонов этих одна половина во всякое время готова к действию в степи для прекращения беспорядков и восстановления спокойствия между ордынцами» [5, 1 б.].

1848 жылы осы аймақта Ресейдің әскери қуатын нығайту үшін Қазалы фортын құру туралы шешім қабылданды. Бас штабтың штабс капитаны аға адъютант Машкеевтің рапортында айтылған: «Казалинский форт предполагается устроить между канавами Акчик и Киргиз, которые могут значительно усилить его оборону, если: а) форт будет находиться от них на ружейный выстрел, как значится на представляемом при сем плане; б) канавы очистятся и наводнятся из реки Сыр и в) бока, их лежащие к стороне форта, будут срезаны наплетом. Для удобного сообщения через канавы полезно иметь легкие накладные мостики, которые могут быть в случае опасности немедленно снимаемы. Все главнейшие строения предположены для безопасности внутри форта...» [2, л.6]. Сонымен қатар форпостты құру үшін қажетті шикізат көлемінің сметасы келтірілген.

Жаңа бекіністерді салу нәтижесінде орыс әскерилері Сыр-Дарьяның жоғарғы ағысына дейін жетіп қоқандықтардың Ақ Мешіт бекінісіне дейін жетуге мүмкіншілік берді. 1853 ж 20 күндік қоршаудан кейін бекіністі орыс әскері басып алады. Сол жылы бекініс «Сыр-Дарьяның оң жағалауында орналасқан Ақ-Мешіт бекінісін Перовский фортына алмастыру туралы» патша жарлығы негізінде Перовский форты деген атауға ие болды [8]. Сонымен 1853 ж Сырдарья әскери шебінің құрылысы аяқталып, оған Раимнан Ақ-Мешітке дейінгі аймақтар кіріп, бұл әскери шеп Қазақстанның

қалған аймақтарын жаулап алу мақсатында орыс әскерлерінің әрі қарай жылжуына септігін тигізді.

Мұрағат құжаттарының кіші-гірім тізбесі және оларға шолу жасау негізінде келесі ой-түйінділерге кекледі: патша үкіметі Оңтүстік Қазақстан және Орта Азияға басып кіріп жаулап алуға алдын ала дайындық шараларын жүргізді. Құжат материалдары негізінде орыс әскерилері тарапынан осы аймақты жаулап алу барысын анықтауға болады. Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағатында сақталған атаулы қорлар материалдары бұның дәлелі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Отдельный Оренбургский корпус // РМӨТМ. - Қ.1441. - 1 тізбе. - 14 іс.
- 2 Отдельный Оренбургский корпус // РМӨТМ. - Қ.1441. - 1 тізбе. - 47 іс., 93 б.
- 3 Отдельный Оренбургский корпус // РМӨТМ. - Қ.1441. - 1 тізбе. - 48 іс., 83 б.
- 4 Отдельный Оренбургский корпус // РМӨТМ. - Қ.1441. - 1 тізбе. - 60 іс., 405 б.
- 5 Отдельный Оренбургский корпус // РМӨТМ. - Қ.1441. - 1 тізбе. - 14 іс., 239 б.
- 6 Отдельный Оренбургский корпус // РМӨТМ. - Қ.1441. - 1 тізбе. - 140 іс., 139 б.
- 7 ПСЗ РИ-2. СПб, 1852, т.26, № 24898, с. 108.
- 8 ПСЗ РИ-2. СПб, 1854, т.28, № 27536, с. 424.

Н. ҚҰЛЖАНОВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІ

РАКИШЕВА Б. Б.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж.
т.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлға – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова. Нәзипа Құлжанова 1887 жылы 27 шілдеде А. Байтұрсынов, М. Дулатов сынды ұлы тұлғаларды дүниеге әкелген киелі Торғай өңірінде қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданының көшпелі қазақ

кедей отбасында дүниеге келген. Балалық шағы қазақ ауылынды, еңбекші бұқараның ортасында өткен. Ол әуелі Торғай қаласындағы приходская мектебінде оқыған. Содан кейін талантты жас Торғай қаласындағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы, демократ, ақын-жазушысы Ы. Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектеп гимназиясынан тәлім алып, сонда Ахмет Байтұрсыновтың қамқорлығы мен қолдауын көрген. Орыс тілінде білім алған тұңғыш қазақ қызы 1902 жылы Қостанай қаласының орыс-қазақ қыздар гимназиясын бітірген. Торғай облысындағы бірден-бір оқу орны – Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер прогимназиясы, өзінің аз ғана сегіз жылдық шамалы уақыт ішінде алдағы уақытта жұмыс істей алатынын көрсетті. 14 адамды халық мұғалімі етіп оқытты. Нәзипамен бірге осы гимназияда 5 қазақ қызы оқыған. Олар: Қаржасова Кафиза мен Нағима, Шынтемірова Ғазиза, Иманбаева Сағипа болған. Бірақ қасындағы қазақ қыздары оқуларын тамандай алмаған. Тек Нәзипа Құлжанова үздік аяқтаған.

Нәзипа Құлжанова прогимназияның юарлық төр жылдық курсы бітіріп шықты. Сабақты өте жақсы деген бағаға оқып, тәртібі де керемет болған. Курсты бірінші оқытушы болып аяқтаған. Оның үздіктігі, зеректігі ескеріліп, Жуковскийдің бағалы өлендер жинағын сиға ұсынған. Ол оқып жүрген кезінен бастап өзін ұлт үшін күресуге даярлаған. Елдің қоғамдық саяси қызметіне белсене араласып, өзінің зерделігімен, қабілеттілігімен көзге түседі. Прогимназияны бітірген соң қайта Торғай қаласына келіп, 1903 жылдың маусым айынан бастап Торғайдағы әйелдер училищесіне өзінің жастығына қарамастан 15 жасында көмекші мұғалім етіп тағайындайды [1, 5].

Мұғалім болып қызмет істеп жүргенімен ескілікті қазақ салты Нәзипаның аяғын шырмар күн туады. Ол 1902 жылы оқуын бітірген соң ғана өзінің кішкене күнінде атастырылып қойғанын естиді. Оның ата-анасы көрі, кедей адамдар болған, қазақтың әдепкі салтымен қыздарын ертерек айтырып, алдын ала қалыңмалын алып қойған екен. Оған, әрине Нәзипа, сатылған адам ретінде, өзі тіпті танып білмеген адамға күйеуге шыққысы келмеді, қалыңмалын қайтарып беруге қаражаты болмады. Сол себептен Нәзипа облыстық әскери губернаторға арызданып, осы жағдайдан құтылуға көмек сұрады. Өзі танымайтын, білмейтін адамға тұрмысқа шығудан бас тартады. Алайда көзі, көкірегі ашық сауатты Нәзипа Құлжанова өзінің гимназиясын аяқтағанын, енді оны ескі ғұрып бойынша өзіне тең емес адамға ықтиярсыз тұрмысқа берілмек екенін айтып, орыс үкімет орындарына хат жолдайды. Әлде демократиялық

көзқарастағы шенеуліктің қолына ма, әлде әділдік жолын құған, өркениетті жарылқаушы боп көрінбек болған ниетпен бе, әйтеуір орыс кеңесі аталған шартты оқып, талқыға салып, осы шартты бұздырып, жас Нәзипа Құлжановаға басына ерік береді.

Жұмысын бітірген соң Орынбордағы мұғалімдер семинариясында оқып, оны да үздік бітіреді. Одан кейін өзінің ұстазы, әріптесі Нұрғалимен танысады. Нәзипа ерікті түрде Жетіғара – Шұбар болыстық мектебінің мұғалімі, мұғалімдер мектебінде орысша білім алған, оқу орнына белгілі, интеллигенттер қауымына мәлім Құлжановпен сөз байласып, тұрмысқа шықты. Нұрғали өзінен оншақты жас үлкен болса да, екеуі де оқыған, көзі ашық зиялы жандар бір-біріне адал жар, ортақ көзқарастағы пікірлес, ниеттес әріптестер ретінде ғұмыр кешкен.

Нәзипа туралы ерекше айтуға болады. Болашақ мұғалім, ол өзі сүймеген адамнан өз басын арашалап сатып алу үшін қазынадан қарыз сұрап әрекеттенді және орысша білім алған, мұғалім болып істейтін адамға тұрмыстануға талпынды. Осы жағдайдан көрініп отырғандай, орыс білімі – қазақ әйелдерінің ой-санасына әсер етіп қаншалықты өзгеріс енгізгенін дәлелдейді [2, 65].

Нәзипа Құлжанованың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің түлегі болып қана қоймай, сонымен қатар өз бойына тұлғаға ұқсайтын шәкірттік мінезбен тәлімгерлік өнегені жете ұғынып, бар күш қуатын біліміне үздіксіз жұмсап, соңғы буынға орасан зор еңбек сіңірді. Ыбырай Алтынсарин мектебінің буыны қатпаған шәкірттен, бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз, ғалым, ағартушы дәрежесіне дейін көтерілген. 1903-1904 жылдары екі жылдай Торғай қаласындағы әйелдер училищесінде ұстаздық қызмет атқарған.

Құлжановтар алдыңғы қатарлы прогрессивтік көзқарастағы орыс адамдарының арқасында бақытты отбасын құрды. Бірақ феодалдық-рушылдық қоғамның әдет-салты әлі үстем болып тұрғанда тыныштықпен өмір сүре алмады. «Қазақтың салтын бұзды, айттырылған қызды алды» деген өсектер көбейіп кетті. Әрине, ұйқыдан бас көтере қоймаған қазақ даласының жаңаны бірден қабылдай қоюы да оңай болмайтын. Сүйіп қосылған Нұрғали мен Нәзипа өзінің туған ауылында осындай кедергіге кездеседі. Торғайлық қариялардың айтуынша, жуан тұқым саналатын Құлжан бидің баласы Нұрғалидың Торғай қаласына өзеннен қамыс-қоға шауып күнін көретін отыншы Сегізбайдың қызы Нәзипаны алуы оның ағайындары үшін қорлық саналды және де Нәзипаның орысша

киінуі де түрпідей жақпады [3, 6]. Сонымен қоса патша үкіметінің көзі ашық Құлжановтардан сақтана бастауы салдарынан ол кісілер Семейдің гимназиясына жұмысқа ауысады. Сол себептен олар өздерінің туған жері мен ел жұртынан алшақтап, сонау Қостанайдан Семей жеріне кетуге мәжбүр болды. Бұл 1904 жылдың шамасы. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың дүниеден кеткен қаралы жыл болған. 1904 жылы ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар Семей қаласына көшіп келіп ұстаздық қызметін бастаған. Осы кезеңнен бастап, олардың ел қамы үшін қоғамдық-ағартушылық жұмыстары кең өріс табады. Себебі, сол кезде Семейде көптеген зиялы қауым өкілдері жиналған мәдениет ордасы болатын. Құлжановтар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени ағарту орталық дәрежесінде болған еді. XIX ғасыр II – жартысында Семей қаласында түрлі мәдени, ағарту, ғылыми мекемелердің ашылуы кездейсоқ емес еді. Атап айтсақ, 1902 жылы Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі ашылып, оның «Жазбалары» жүйелі түрде жарық көрді. 1903 жылы ірі оқу орны Семей оқытушылар семинариясының ашылуы да Қазақстанның басқа өлкелерінде кездеспейтін құбылыс болатын. Семей семинариясы іргелі оқу орныны болған, онда қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың оқуы, сонымен қатар энциклопедист – ғалым Әлкей Марғұланның білім алуы зор мақтанышпен айтылатын. Семей оқытушылар семинариясы Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар ұзақ та жемісті жұмыс атқарған жері және де сауатты ұрпақ тәрбиелеген. Нәзипаның талаптылығы, алғырлығын, білімділігін сол заманда мойындаған. М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж ұжымынада Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың ағартушылық жолындағы еңбегі мақтанышпен айтылып жүр. 1905-1920 жылдары Нәзипа апайдың Семей оқытушылар семинариясында ұстаздық қызметте болған кезі ізденіс жылдармен қатар, ұстаздық жұмыстарының жүйеленіп, қоғамдағы келеңсіз істерді, оның ашық айтуға ойысқан шағы еді. XIX ғасырдың II- жартысында қазақ-орыс мектептерінің саны көбейе түскен. Семей облысындағы қазақ-орыс мектептерінің, ерлерге, қыздарға арналған гимназиялардың, қалалық училище мен мұғалімдер семинариясының жұмыс жасауы ерекше құбылыстар қатарында. Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар негізінен алғанда орыс аудиториясында қазақ тілінен сабақ берген. Бұл арада үкімет тарапынан орысша оқитын шәкірттерге қазақ тілін оқыту ресми түрде жолға қойылуы Қазақстан бойынша алғаш Семей оқытушылар

семинариясының қабырғасында кездескен. Тарихи деректерге қарасақ, Семей губернаторына қазақ тілін оқытуды жолға қоюға байланысты жер-жерлерден хаттар келіп түсіп тұрған. Құлжановтар арнайы дипломдары болмаса да орыс тілінде дәрістер оқып, өз ісіне мығым шәкірттер тәрбиелеген алғашқы ұлағатты ұстаздар болатын [4, 15].

Семей қаласына келіп орналасқан Нұрғали, Нәзипа Құлжановтардың белсенді қызметі Семей шаһарында басталды. Екеуі мұғалімдер семинариясында қазақ тілінен сабақ береді. Георгий Михайлович Хомутов 1906–1908 жылдары Құлжановтардың үйінде тұрып семинарияда оқығанын, Құлжановтардың өте жоғары мәдениетті, білімді адамдар екенін айта келіп, мен қазақ тілін жақсы оқыдым, маған Құлжанов бестік бағасын қоюшы еді. Семинарияны бітірген соң маған өздерінің бірге түскен суреттерін өз қолтаңбаларымен ескерткішке беріп еді деп есіне алады.

Ұлы Абай мен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновты ұлық тұтқан адам Құлжановтар есіміне де құрметпен қарайды. 1909 жылы Ахмет Байтұрсынов Семей түрмесіне қамалғанда оған жыл бойы тамақ тасып, қамқорлық көрсеткен Нұрғали мен Нәзипа болатын. «Саяси қылмыскер» деп танып, темір торға тыққан Аханның өмірлік күрес жолындағы ұстанымын білдірген өлеңдерін патша жендеттері тиісті жеріне жеткізер ме еді? «Аханның түрмеде ашынып, торығып отырып жазған «Анама», «Н.Қ. ханымға» деген өлеңдерін алып шығып, оның елге жетуіне ықпал еткен Нұрғали ғой деген торғайлық қариялардың сөздеріне құлақ қоюға әбден болады. Нәзипа оған демеу болып, Ахмет өзінің ішкі сырын шерткен. «Қазақтың жігітінен дос таба алмай» қазақтың қызына мұң шаққан тек алда Мұқағали емес, алдымен Ахмет ағамыз болса, сірә! [3, 6].

Өнер-білімге құштар, мәдени-саяси өмірдің ағымын аңғарып, оның ағысынан қалып қоймауға тырысқан Құлжановтардың үйі озық ойлы, оқыған жастардың бас қосатын жеріне айналған. Осындай бас қосуларда ұлттың сана-сезімін ояты, ел ішінде мәдениет сәулесін шашу жайлары әрдайым талқыға салынып, саясат, әдебиет пен өнер жайлы пікірсайыстар да қыза өтетін. Қазақтың өнер-білім құған жандары үнемі өз тарапынан ынта көрсетіп, ұйымдаса отырып түрлі мәдени – көпшілік шараларды өткізуде де дәстүрге айналдыра бастаған. Осы бір игілікті істердің басында қос семинария ұстаздары Нәзипа мен Нұрғали болған [2, 65].

1913 жылы Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктігі» ұйымына мүше болған. Орыс география қоғамы

Семей бөлімшесінің атынан 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай және 1915 жылы 13 ақпанында Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұхтаж қазақ шәкірттеріне қаржылай көмек көрсету мақсатында әдеби кештер ұйымдастырды. «Қазақ», «Сарыарқа», және «Алаш» газеттеріне әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялады. 1917 жылы Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамының мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі ОК-нің құрамының мүшелікке енген. «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» атты әдістемелік кітаптарын шығарған.

Осындай бұқара халық арасында білім мен мәдениет сәулесін шашқан әдеби кештерді өткізу уақыт өте дәстүрге айналған. Бірақ, Стальпинның 1910 жылғы «Бұратаналардың барлық мәдени-ағарту қоғамдарына тыйым салынсын» деген нұсқауы аяққа күрмеу болып жабысқан. Бірақ олар осымен тоқтап қалмаған. Нәзипа апамыз өзі бас болып, Семей әскери генерал-губернаторынан екі ай өтініп жүріп «Біржан-Сара» айтысын қоюға рұқсат алағаны бұған дәлел. Осы кешті өткізуге Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев сияқты зиялы адамдар қатысып көмектескен.

Мұндай кештерді зиялы жастар тек Семей қаласында ғана емес, сонымен қатар шалғайда жатқан қазақ ауылдарында да өткізген, халық санасын ояту үшін игі ықпал еткен, 1913 жылдың жазында Қарқаралы уезінде өткізілген осындай кешті тамашалап, куә болған адамдар бар. Ол Потанин «Енді 50 жылдан кейін қазақтың әнші-күйшілерінің өнері әлем сахнасынан көрінетін болады» деп тамсана айтқан.

Тағы бір айта кететін жайт, осы айтылған сауық-кештерден түскен қаржыны толығымен Петерборда, Омбыда, Қазанда оқып жатқан қазақ студенттеріне жәрдемге ауыстырды. Нәзипа апамыз жолдасымен қазақтың қабілетті балаларын ел ішінен алғызып, оларды оқуға түсуге көмектескен. Тіпті көптеген балаларға өз үйінен орын бергені де белгілі. Оған қазақтың белгілі жазушысы С. Бегалиннің «Замана белестері» атты кітабында осы бір аяулы жандар жайлы естеліктер бар. Ағамыз «Құлжановтар семинариядан қолы бос уақытта түрлі қоғамдық жұмыстармен айналыса жүріп те, бір-екі сағат үйдегі біздерге сабақ беріп үлгеруші еді» - деп жазған.

Жазушы Сапарғали Бегалин «Замана белестері» романында өзінің мұғалімдер семинариясының мұғалімі Құлжановтардың үйінде

ат күтуші болып тұрып, солардың арқасында оқуға түскенін жазады. Семейде Ертістің аралында Нұрғали мен Нәзипаның қонақ шақырып, мәжіліс құрғаны ол қонақтардың ішінде Абайдың бірқатар туыстары: Әнияр Молдабаевтың Сапарғалы, Кәкітайдың қызы Қабыш, Данияр Ысқақов, әнші Әлмағамбет болғанын, мәжілісте Абай әндері шырқалғанын жазады. Осыдан да Құлжановтар Семей қаласындағы Абайдың туған-туыстарымен, қала тұрғындарымен етене танысып, жақындасып кеткенін көреміз... [5, 90].

Елім, халқым деп шырылдап бастары жастыққа тимеген зиялы қауым сол бір алмағайып кездегі аумалы-төкпелі саяси ағымдар ықпалынан да тыс қала алмайтын еді. Осы тұрғыдан алғанда Нұрғали Құлжанов төңкеріс толқысына ілісіп, кеңестер жағына бүйрегі бұрылғанды. Ал Нәзипа Құлжанова болса өзінің ағартушылық-педагогтік жұмыстарына ден қойып қараңғылық тұсауындағы қандастарын өнер-білім, мәдениет жолына салуына біржола бет бұрды. Осы мақсатта Нәзипа Құлжанова сол кездегі жиі шығып тұратын «Айқап», «Қазақ», Семей өлкесінде «Таң», «Қазақ тілі» сияқты басылымдарды ұйқыда жатқан ұлтты оятудың пәрменді құралы деп түсініп, қолына қалам алған. Бұл Нәзипа Құлжанованың журналистік жолының басталуы еді. Оның бұл кездегі жазған мақалалары оқу-ағарту, ана мен бала тәрбиесіне байланысты және салт-дәстүрді енгізу жайында сөз болды.

1917 жылы Семей облыстық қазақ съезіне қатысып, оның төралқасы құрамына енеді [6, 160].

1919 жылы ақ пен қызыл айқасып, аласапыран болып жатқан уақытта Нұрғали ақтардың қолынан беймәлім жағдайда қаза тапқан соң, Нәзипа апамыз күйеуінің қазасы ауыр тиіп, Ақмолаға көшіп кетеді.

1920-1922 жылдары Ақмолада әуелі мұғалім, кейін уездік комитете жауапты қызмет атқарады, одан соң Орынборға шақырылып, 1922 жылы Қазақ АССР Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы және «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Сәкен Сейфуллиннің арнайы шақырып алдыруымен осы газеттің редакциясына қызметке орналасады. Онда ол газеттің редакция алқасы мүшелерінің бірі, әрі белгілі авторы болып жүрді. Сәкен Сейфуллин 1923 жылы жазған «Самрұқ» өлеңін «Қазақстан әуе кемесіне жәрдем жинақтаушы бірінші қазақ әйелдері комитетінің басшысы Нәзипаға тартым» деген ескертпемен жарияланыпты.

Сол жылдардан бастап Нәзипа Құлжанова біржола журналистика жаққа бет бұрғанын көреміз. Алғашында «Еңбекші

казак» газетінің редакциясының алқа мүшесі болып жүргенде белсенді автор ретінде көзге түскен. Одан кейін 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстан» (қазіргі Айқап) журналында жауапты секретарь, ал 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» (қазіргі Қазақстан әйелдері) журналының бөлім менгерушісі, кейіннен жауапты хатшы қызметтерін атқарады. Сөйтіп, қазақ баспасөзі қызметкерлерінің бірнеше буының тәрбиелеуге үлес қосқан. Алайда, 1929 жылы денсаулығының нашарлауына байланысты мәдени, ағартушылық жұмыстарымен жүйелі шұғылдана алмады.

Нәзипа өз кезеңінің озық ойлы зиялы адамы ретінде әдебиет ісіне де барынша көңіл бөліп, оны өркендету жайлы ұсыныс-пікірін, сыншыл ойларын ортаға салып отырған. Оған себеп, автордың 1916 жылы «Қазақ» газетінің №164 санында шыққан «Әдебиетімізге көз салу» аты мақаласындағы «...Ұлы әдебиетімізді майданға шығармақ үшін, ең әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жиып, белгілі сарынға салғанымыз, өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз керек» - деген тұжырым ойды тұжырымдай түседі. Осы мақалада күні бүгінде – даудың басы боп, күн тәртібінен келе жатқан тіл мәселесіне қатысты құнды пікірге жолығамыз [7, 123].

Нәзипа – сан қырлы талант иесі. Ол қазақтың алғашқы педагог қыздарының бірі ғана емес, сонымен бірге тұңғыш педагог – ғалым қызы да. Нәзипа әдебиет сынына да араласып, көркем аударма саласында да еңбектенген, қазақ әйелдерінің арасынан тұңғыш аудармашылардың бірі. Оның бұл саладағы сүбелі еңбектері ретінде Г.В. Короленконың «Күн тұтылғанда» және В. Лавреневтің «Қырық бірінші» атты повестерінің аудармасын атауға болады. Сонымен қатар Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің ішінен «Көктем», ал Абай Құнанбаевтың өлеңдерінің ішінен «Желсіз түнде жарық айды» аударған. 1915 жылы өткізілген кеште Нәзипа Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін орыс жұртшылығына таныстырады және 1915 жылы «Сибирский студент» журналының 3-4 сандарына бастырады. Бұл екі өлеңді де қазақ тілінен орыс тіліне аударған қазақтың қызы Нәзипа болған. Осы өлеңнің аудармасын орыстың белгілі адамдары оқи отырып Ыбырай мен Абайды танымаған адамдар тани бастаған. Нәзипа Құлжанованың аудармасына өте жақсы баға берген. Нәзипаның өзі көркем проза саласында еңбек етіп, «Есіл қыз-ай», «Маржан» атты әңгімелер жазды. Ол орыс географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кенінен

насихаттаумен айналысты. Ол 1920-24 жылдары А. Бимбоэс пен қазақ музыкасының әйгілі зерттеушісі А. Затаевичке Абайдың бірнеше әндері мен қазақтың халық әндерін айтып, нотаға да түсірткен. Мұның бәрі Нәзипаның шын мәніндегі сан қырлы талант иесі болғандығының айқын айғағы [5, 91].

Ерлі-зайыпты Құлжановтар туралы Мариям Хакімжанованың, Сапарғали Бегалиннің және т.б. замандастардың естеліктерінен Нұрғали мен Нәзипаның асқан адамгершілігі мен зиялы бейнесін көре аламыз. Олардың Семейде тұрып жатқанда олардың үйіне жиі барып тұрған жастар, артынан олар да зиялы қауымға айналған. Олар: Мұхтар Әуезов, Қаныш Сатбаев, Әлкей Марғұлан. Оларға Құлжановтардың берген жан-жақты тәрбиесі аз болмағаны осының айғағы.

1930 жылдың басында Мәскеуге барып Н. К. Крупскаямен кездесіп, көптеген ақыл-кеңестер алады. Әлі де еңбек етіп, бірсыпыра туынды жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова айықпас ауруға ұшырап, 1934 жылы Алматыда дүниеден өтті [6, 160].

Өзінің қысқа ғұмырында артынан қалдырған еңбегі ұшан теңіз. Ол – журналист ретінде сан қырлы тақырыптарға тоқталған. Соларды еркін игеріп, ешқандай қиындықсыз қолына қалам алып мақала ретінде халыққа ұсына алған. Апамыздың көтерген мәселеріне әйел теңдігі, жас қыздарымыздың қалың малға сатылуы, яғни ескі әдет-ғұрыппен ымырасыз күресу керектігіне байланысты, сонымен қатар әйелдердің сауатын ашуға, оларды оқу-білімге тартуға үгіттеуі басты назарда болады. Сонымен қатар озық дәстүрлерді дәріптеп, оларды күнделікті тұрмысқа енгізу сияқты келелі тақырыптарды насихаттау осы асыл жан Нәзипамыз сияқты саусақпен санарлық қазақтың қайсар қыздың үлесіне тиген абыройлы да жүгі ауыр міндет. Бірақ артынан қалдырған мұраларының бары осы дүниенің есігін ашты деп айту өте қиын. Осындай қазақтың біртума қызы туралы болашақ ұрпақтың болашағы үшін күрескен апамызды ешқашан ұмытпауымыз біздің міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Каненова, Г. Т., Сейдалықызы, Д.** Нәзипа Құлжанованың оқу-ағарту саласындағы қызметі // Егеменді Қазақстан, – 13 мамыр, – 2008. – 5 б.

2 **Сағыбаева, З.** Қайраткер қыз (Нәзипа Құлжанова туралы сөз) // Қазақстан мектебі, – 1997, – № 3.

3 **Жәрімбетова, Н.** Екеуі де еліне еңбек етіп еді (Алайда Қостанайлықтар Құлжановтар атын елемей отыр). // Егемен Қазақстан. – 13 мамыр, - 2008. – 6 б.

4 **Кәріпжанова, Г.** Қазақтың қайраткер қызы. Егемен Қазақстан. – 26 желтоқсан, – 2012. – 15 б.

5 **Бейсенбайұлы, М.** Ардақты бар Нәзіпа деген ханым... // Абай. – Алматы. – № 2 (92), – 89-91 бб.

6 **Садықова, Ә. Қ.** Нұрғали және Нәзіпа Құлжановтар. // Хабаршы. – Алматы : Абай атындағы ҚазҰПУ, - № 1 (32), – 2012. – 157-160 бб.

7 **Сағынбаева, З.** Ардақты бар Нәзіпа ханым. // Қазақ тілі және әдебиет. – 1997. – 3-4. – 119-124.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСİNДЕГІ БИЛЕР СОТЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

РЫСБЕКОВА С. Т.

т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

РЫСБЕКОВ Т. З.

т.ғ.д., профессор, М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Орал қ.

Қазақ қоғамының дәстүрлі – құқық жүйесін жасау қызметінде билер сотының алар орны ерекше. Қазақтың дәстүрлі–құқық жүйесіндегі билер соты жайлы, оның генезисі мен табиғаты, тарихына арналған талай зерттеулер жазылды. Бұл мәселеге бірнеше ғалымдар, оның ішінде әдебиетшілер, тарихшылар, заңгерлер және тағы басқалары қалам тартты. Қазіргі кезде заң ғылымы алдында тұрған міндеттердің бірі – билер сотының құқықтық мұрасын зерттеу болып табылады.

Билер сотының билігі қазақ қоғамын басқару жүйесіндегі биліктің бір нысаны түрінде көрініс тапты. Билер қазақ қоғамында ру басы, судья, жергілікті әкімшілік биліктің өкілі ретінде саяси-әлеуметтік, әкімшілік, соттық-құқықтық қызметтерді жүзеге асырды. Негізінен олардың қызметі қоғамда болып жатқан дау-дамайларды шешу болды.

Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі тарих бойы қалыптасқанын, оның әртүрлі ғасырлар үнімен әуендестігін баса айтпаса болмайды. Бір жағынан алғанда, оның консервативтік сипаты, екінші жағынан көшпелі өркениет ауанында әркес қозғалыста, дамуда болғандығы сезіледі. Осындай өзгерісті қозғалыс барысында би қазақтың

құқықтық дәстүрлерінің сақтаушы ретінде көрініс тапқан. Бұл оның кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады. Сонымен қатар, би – Ұлы Дала құқығын еркін талқылаушы, әрі оның нормаларын қоғам өзгеруіне сай қолданушы.

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғ. өмір сүрген, қазақтың көне «үйсін» руынан шыққан, Шыңғыс ханның (1155-1227) «Орда биі» атанған. Майқы биден алатындығы шүбә келтірмейтін шындық. Сондықтан Қазақ құқығында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген даналы сөз қалған. Қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі – 1511-1532 жж.), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі – 1598-1623 жж.) және Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі.

XV – XVI ғғ. – Қазақстан тарихы мейлінше аз зерттелініп, белгілісінен белгісізі көп болып табылатын кезең. Мұның өзі аталған дәуірге байланысты қандай да бір жазбаша дерек көздерінің тапшылығынан туындап отырғаны анық. Шын мәнінде, басым бөлігі XVI ғ. жататын мұсылман авторларының шығармалары мен Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551 жж.) «Тарихи-и Рашиди», Қадырғали Жалаиридін (1530-1605 жж.) «Жами-ат-Тауарих» еңбектерінен басқа, XV – XVI ғғ. Қазақ тарихынан тікелей хабар беретін жазбаша түп-деректер жоқтың қасы.

Қазақ халқының өз алдына жұртқа айналып, өз ұлттық мемлекеттілігін орнықтыруда XV ғ. 50-60 жж. аса маңызды кезең болғаны белгілі. Бір қызығы, мұндай айтулы оқиғалардың себеп-салдарлы астарының өзі би институтымен тығыз астасып жатыр. Биыл біз қазақ хандығының құрылғанының 550 жылдығын атап өтудеміз. Бүгінгі ғылыми-практикалық конференция жұмысы осы мәселеге арналған.

Қазақ еліндегі билер институты, яғни, ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігінің саяси өмірінде билердің алатын орны мен ерекше маңызын өткен ғасырда ұлы ғалым, шығыстанушы Ш. Ш. Уәлиханов жан-жақты зерттеген болтын. Осы мәселені одан әрі толықтырып, түбегейлі зерттеген Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі С. З. Зиманов. Әрине, қазақ қоғамындағы ерекше құбылыс – билер институтын патшалық Россия ғалымдары өз мақсаттары үшін зерттеп, қазақ елін түгелдей отарлау үшін ең алдымен билер институтын түгелдей қирату керек деп қорытқан.

Соңғы кездері республиканың ғалымдары, атап айтсақ, Зиманов С. З., Кенжалиев З. Ж., Өсеров Н., Қуандықов Б. Ж.,

Андабеков Ш., Өзекұлы С., Әлімжан К., Ахан Б., Мағзұмов М., Оразбаева А., Өмірзақов Ө., Өтениязов С. Және тағы басқалары қазақ қоғамының дәстүрлі-құқықтық жүйесін зерттеуде үлкен үлес қосуда [1].

«Би» сөзінің этимологиясы жайлы қазіргі күні бірауызды келісіліп-пішілген тұжырымды пікір жоқ. Бұл мәселеге алғаш көңіл аударған Г.Вамбери, В.Радлов тәрізді оқымыстылар «би» сөзінің төркініне көне түркі тілінің биіктікті, жоғарылықты білдіретін мағынасынан іздестірсе, мұны Құрбанғали Халид «Би-бектен, бек-бүюктен» қысқарған атаулар. «Бүюк»- «үлкен зор» мағынасында айтылған», – деп толықтыра түседі.

Кейінгі зерттеушілер арасында мұндай тұжырымды О. Сүлейменов қайталайды. А. Леонтьев «би» сөзін «билеу» етістігінен туындата келіп, оның «басқарушы» мағынасында қолданылғандығын айтады. Ал Шоқан Уәлиханов болса, В. Радлов, Қ. Халид сияқты зерттеушілерге дейін-ақ «би» сөзінің түбірін көне түркінің «бек» және «бей» сөздеріне тіреп, оның негізгі мағынасы «сот» ұғымын білдіретінін атап көрсеткен-ді [2, б.77]. Зерттеуші ғалымдардың, әсіресе, В. В. Бартольдтың пікірінше: «би» сөзі шамамен XIV- XV ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық – тілдік ренкінен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. XVII ғасырда өмір сүрген Махмұд ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» атты еңбегінде «жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендәуи тірліктен азат адамдардың» барлығы би аталғанын жазады. Ал қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада: 1) ел билеушісі, иелік етуші; 2) сот, төреші; 3) батагөй, шешен; 4) бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған. Билердің қоғамдағы рөлін жан-жақты түсіну үшін қазақ халқының тарихи-әлеуметтік даму кезеңдерінің ерекшелігін жете ескеру шарт. Өйткені, ежелгі дәуірлерден XIX ғасырдың басына дейін қазақ қоғамы саяси потестарлы билік жүйесінің негізінде дамығаны белгілі. Ең төменгі (бұқаралық) билікті ауыл-аймаққа, ру-тайпа ішіне сыйлы, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар атқарса, орта буындағы, яки, потестарлы билік тізгінін ру-тайпа басылары – Билер уысына ұстады. Ал мемлекет және мемлекетаралық деңгейдегі мәселелерді қамтитын жоғары билікті төре тұқымы – хандар мен сұлтандар иеленген. Міне, күлді

қазақ қоғамының елдік тұтастығы осы соңғы екі билік жүйесінің өзара тепе-теңдігі мен бір-біріне қарама-қарсылығы принциптеріне негізделді. Әлеуметтік құрылымға арқау болған рулық-тайпалық жүйенің өзі айқын қандас туыстардың ұйымы емес, саяси-әскери және шаруашылық қауымдастық қызметін ғана атқарды. Сондықтан қоғам болмысындағы рулық негіз мемлекеттік институттардың нығайып, жекедара үстемдік құрауына қай кезде де мүдделі болған емес [3, б.449-450].

Билердің сот ісін қарауын мынандай құрамдас бөліктерге бөліп қарауға болады:

а) дайындық-бітістіру бөлімі («мәжіліс»).

Бұл бөлімде қаралатын істің мазмұны таныстырылады, сот ісінің мүмкіндігі мен қажеттілігі анықталады. Осы мақсатта маңызды процессуалдық әрекеттер жасалады. Дәстүр бойынша екі жаққа «бітім», «береке» шарттары, кешірім жасау – «салауат» мүмкіндіктері ұсынылады. Сондай-ақ процеске қатысушыларға мәлімденген қарсылықты қарау, кінәліні сотқа жағымды жағымен белгілі адамның кепілдігіне беруді шешуге міндетті болды. Соттың («мәжілістің») бұл бөлімі келесі бөлімге жалғасатын;

б) істің жағдайын және дәлелдерін зерттеу.

Бұл бөлімде істің жағдайы мен дәлелдері және жарыссөз қаралды. Соттың істі қарауы дау айтушы жақты тыңдаудан басталады. Істің барлық жайы түсінуге оңай тілде, ауызша не айыптаушы, болмаса өкілі жеткізетін. Әдетте бұл арада шешендік қажет еді. Содан кейін айыпталушы тыңдалатын. Екі жақты да мұқият тыңдап алғаннан кейін өзінің дәрежесіне қарай куәлер тыңдалады. Содан кейін билер заттай және мүмкін болатын жазбалай дәлелдерді зерттеуге көшетін. Айта кететін жағдай арнайы сотта жазба XIX ғ. 70 жылдарынан бастап енгізілді (1867-1868 жж. сот реформаларымен байланысты). Ірі руаралық таластарда процесс билердің тартысынан басталады. Егерде істі қарауды дау айтушы жақтан екі немесе бірнеше би қатысса сот «кеңес» немесе «съезі» түрінде болады. Мұндай мәжіліс түрінде сот қатысушылардың барлығын шығарып, кеңес бастайды. Егерде істің жағдайы алдынала белгілі болса, би тараптардың түсініктерін тындамай жарыссөз бастауына болады. Сот процесі мен билердің жарыссөздерін «ара-би» (кейін арнайы сот ісінде «төле-би» (төраға) басқарып отырды. Жарыссөзде кезек сақтау міндетті болып саналды. Оны сақтамай, бұзған жақ айып төлейтін. «Ата-би», болмаса оның тапсыруымен тәжірибесі мол «құрметті» ақсақал дәстүрлі құқық пен әдеттегі ата салтына сай

дауласушыларды әділеттілікке, істің кінәні ауырлататын, болмаса жұмсартатын жағдайларына көңіл аударатын. Билердің жарыссөзінде бейтарап рулардың, өкімет ұйымдары болмаса ақсақалдар да сөйлей алатын. Бұлардың сөзі, әдетте, әділдікке, сәттілікке шақыратын. Әдетте, «тоқтау айту», «бітімге шақыру» деп аталды. Барлық жағдай егжей-тегжейлі қаралып, дәлелдер анықталғаннан кейін «үкім» шағаруға кіріседі. Сот ісінің бұл құрамдас бөлігі; в) істің жағдайын, дәлелдерін бағалау және үкім шығару деп аталды. Бұл билердің сот мәжілісінің соңғының алдындағы бөлігі болып табылады. Істің жағдайы мен дәлелдеулердің тиянақты түрлерін бағалау жеке, тек ара-бидің басшылығымен, болмаса соттың алқалық құрамында өткізіледі. Шешім бірден шығарылады. Шешім шығару ерекше, күрделі, әбден шиелініскен істерде ғана кешеуілдетілуі мүмкін; г) сот ісінің аяқталуы және іс бойынша даудың біткендігі жөніндегі әдет-ғұрып – «ала-жіптің» жасалуы.

Би сотының өткізілетін орны мен уақыты жөнінде де айта кету қажет. Бұл мәселеде екі жақтың келісіміне сәйкес жағдайға байланысты анықталатын талас мәселелер төбеде «жүгініске» қатысты [4, б.72-79].

Билер кеңесі – дәстүрлі қазақ қоғамында өкілетті негізде қызмет атқарған ең жоғарғы кеңесші орган. Билер кеңесі жылдың бір мезгілінде, әдетте, ел жайлауға көшіп болған соң өткізілген. Көбінесе, Сайрам маңындағы Мәртөбеге, Сырдариядағы Күлтөбеге не Түркістан жанындағы Битөбеге шақырылған. Оған хан, сұлтандар, үш жүздің елге сыйлы, «қара қылды қақ жаратын» әділдігімен даңқы шыққан билері, батырлары қатысқан.

Билер – Ата би, Төбе би, Қатар би, Жеке би, Төтен би, Бала би болып бөлінген.

Билер идеологиясының негізінде әуел бастан бір туған, енші алыспаған қазақтың туысқандық қағидасы жатты. Абайдың «бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» дейтін тұғырлық идеясы билер идеологиясымен тікелей ұштасып жатты. Қазақ халқы басын құрағанда әр жерден көшіп келгенімен, тілі бір, діні бір, дүниетанымы, құндылықтарға деген көзқарасы, мақсат-мұраттары бірыңғай рухани кеңістікке қалыптасқан ру-тайпалардан құралған. Сондай туыстық пен аумақтық бірлестіктің аясында қалыптасқан этностың алауыз болмай «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына» да қазақ билерінің септігі аз тиген жоқ деп білеміз.

...Билер дауының мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы, қыз дауы, мүлік дауы, мұра дауы деп бөлінетіні

белгілі. Солардың ішіндегі салмақтысы, жүгі ауыры – жер дауы. Онан арғы кезекте жесір дауы, құн дауы тұрады. Осы орайда Абайдың жер дауы, қыз дауына байланысты жасаған екі билігін қарастырып, оның мәселені, яғни себептерін қалай қаузап, істі қалай «қағып» ақиқатты қалай айшықтап, мөлдіретіп жұрт алдына жайып салып, әділетті кесім шығарғанын айтып өтуге болады.

Қазақ билерінің саяси-құқықтық көзқарастарында мемлекетті әділетті басқарудың негізгі тетіктерінің нышандарының айқындала түскенін аңғарамыз және олардың бүгінгі күнде де тәуелсіз мемлекетімізде өзінің құндылығын жоймағанын байқаймыз. Төле би билік жүргізу мен ел басқару, халық атынан шешім қабылдауда асқан даналық танытуға шақырады, ұлт мүддесіне сай саясат жүргізуде әділ болып, қызметті, лауазымды қара басының, тек қана айналасының қамы үшін пайдаланбауды талап етеді. Мемлекетті басқару ісіне тартылған адамдар тобы халық қызметшісі, сондықтан ел сенімін ақтау – олардың басты борышы болуы шарт.

Бидің нормативтік-құқықтық білімі мен оның ойлау үрдісінің ерекшелігі қашан да бірінші саптағы критерий болған. Егер соттық процестің және сотқа дейінгі процестің сайысушылығы, ашық, жария сипатын ескерсек, онда олардың зор мәнінің болғанын еске түсіреді. Әрине, таным біртіндеп келеді және өмірлік тәжірибе барысында жылдар бойы жиналады. Бірақ би болам деген адамда өзіндік өнерінің жас кезінен бастап-ақ байқалуы қажет. Қоғамның қазіргі және болашақтағы билерге қоятын талабы осындай болды. Билердің ешқайсысы, тіпті есейген шағында да мұндай кездейсоқ сынақтан тыс қаламын деп ойламаған [5, б.20].

Билердің батыр, бай т.б. әлеуметтік жіктерден ерекше құрметтелуінің бірнеше тарихи себептері бар. Біріншіден, Билер мемлекет басқару жүйесінде кейбір айрықша құқылар иеленді: «Жеті Жарғы» қағидаларына сай ол –өзіне бағынышты ру-тайпа шегінде сот және әкімшілік билік (ханмен қатар) жүргізді. Сот төрелігін жүзеге асыратын болғандықтан, Билер халықтың әдет-ғұрпын, салт-рәсімін, жол-жосығын жатқа білуге, дауласқанға әділдікпен жөн сілтеп, адасқанға даналықпен жол көрсетуге, әсіресе «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген құқықтық-гуманистік принциптен айнымауға тиіс еді.

Сонымен қатар Билер ру-тайпаның басшысы ретінде әкімшілік қызметті де қоса атқарып, өз қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болды. Осылайша олар билеуші хандардың халық арасындағы сенімді тіректеріне айналып, саяси

бедел иеленді, сұлтандармен тең құқылы дәрежеде мемлекеттік мәселелерді талқылауға қатысты. Ел ішіне біліктілігімен, қара қылды қақ жаратын әділдігімен, тура жолдан таймайтын адалдығымен даңқы тараған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. саңлақтар хан жанындағы билер кеңесінің құрамына енді. Олар нақты тарихи-әлеуметтік ахуалға қатысты жол-жоба белгілеп, заңи жосындар қабылдады. Мәні ескіріп, маңызы кеміген қағидаларды елдік мүдде тұрғысынан қайта қарап, жаңасын қолданысқа енгізіп отырды. Тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер еңгізе алған. Үшіншіден, ел тағдыры сынға түскен жаугершілік замандарда билер батыр-баһадүрлермен қатар атқа қонып, қарамағындағы тайпаластарынан жасақ құрып, мемлекет тұтастығын ұрпақтар азаттығын қорғауға ұйытқы болған, қолбасшылық қызмет атқарған. Төртіншіден, билер – дипломат, елші. Ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұқсан келтірер ағайын араздығын басып, руаралық дау-жажалдарды бітістірумен шектелмей қазақ ұлысының көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жасап, әр түрлі байланыс орнату ісінде де ханға көмекші әрі кеңесші қызмет атқарғаны белгілі. Бесіншіден, билер атағы мұрагерлік заңымен берілетін лауазым емес. Көшпелілер мәдениетінің ерекше қыры – шешендік өнерді меңгермейінше, тек әдет жосындарын жетік білім, әділет принципін ұстану арқылы ғана би атану, ел сенімін мүмкін болмаған. Халық арасында бір ауыз сөзбен күн кешіп, жалғыз уәжбен дау шешкен ділмарлардың аты ардақталып, төрелік істері үлгі-өнеге тұтылған. Әйтсе де, қазақ тарихында атадан балаға билік тізгінін жалғап, бірнеше ұрпағы ел ішінде би атанған әулеттер өткен. Мұндай айрықша қасиет дарып, абырой қонған әулет билігін халық шынжырқатар деп атаған. Билердің әлеуметтік-саяси статусы қазақ ұлысының тарихындағы әр қилы өтпелі кезеңдерге алмағайып уақығаларға байланысты өзгеріп отырған [3, б.450-451].

Сонымен, қорыта келгенде:

- қазақтың дәстүрлі-құқықтық жүйесіндегі билер соты қызметі әдет-ғұрып нормаларымен реттелініп отырған;
- істі шешкенде дала заңының демократиялық қағидаларын басшылыққа алып отырған;
- қазақтың дәстүрлі-құқықтық жүйесіндегі дау-дамайлар азаматтық, қылмыстық істер деп бөлінбеген;
- қазақ қоғамында бас бостандығынан айыру, түрмеге қамау, дене мүшелерін жарақаттау тәрізді ауыр жазалар қолданылмаған.

Мұның бәрі ежелгі қазақ әдет-ғұрыпқұқығының демократиялық көрінісі болатын. Аумалы-төкпелі замандарды бастан кешкен қазақ халқының мемлекеттік басқару жүйесінде билер сотының алар орны ерекше. Билер басты нысана етіп қоғамдағы талас-тартыстарды, дау-дамайларды, басқаша айтқанда, адамдар арасындағы қатынастардың бұзылуын, әлеуметтік байланыстары, қоғамдық қатынастарды жүйелі түрде реттеуді мақсат етіп, қылмыстың алдын алуға, оларды болдырмауға ұмтылды.

Істі сөз бұйдаға салмай, әділ де тез шешуге күш салды. Қоғам ішінде ой-пікір, сөз бастандығын, тіпті халықтық дәстүр-салт, жораларды да барынша қорғады. Олар әдет-ғұрып заңдарының бұлжымай сақталуына әрі жан-жақты дамып, жетілуіне ерекше мән берді.

Билер қоғамдық қатынастарда күн дауы, жесір дауы, жер-су дауы, көші-қон дауы, мүлік дауы, неке мен отбасы дауы және т.б. дауларды шешуге қатынасып, алдына келген дауларды сабырлықпен, көптің қатысуымен, елдегі игі жақсылармен тізе қоса өздерінің әділ шешімдерін шығарып отырған. Құқықтық қатынастарда билер қандай даулы мәселені қарастырса да, олар бұрыннан келе жатқан «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегенді басты қағиды ретінде ұстанды.

Билер сотының дауды қарағандағы басты мақсаты – бітімге қол жеткізу еді. «Дау мұраты – бітім» демекші екі жақты бітімдестіру қазақ қоғамындағы сот процесінің басты қағидасы болып табылды.

Қара халықтың ортасынан өсіп шыққан билер тобының ықпалы, қоғамдағы рөлі зор болған. Олар жеке қасиеттерімен ерекше көзге түскен.

Халықтың дәстүр-салт, әдет-ғұрыпты терең білуі, сот ісін жүргізгенде дәл сөйлеп, тапқырлық танытуы, жәбірленуші қауым мүддесін қорғай білуі билердің халық алдындағы беделін асқақтата түскен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 **Зиманов, С.** Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы; Зиманов С., Өсеров Н. «Жеті жарғы» - қазақ хандарының жиыны; Зиманов С., Өсеров Н. «Есім ханның ескі жолы» заңдары хақында; Зиманов С. Қазақ аты заңдары туралы кейбір ойлар; Алимжан К. Суд биев как институт обычного права; Андабеков Ш. Қазақстандағы реформалар және билер соты; Ахан Б. Өткен билер салты; Кенжалиев З. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сот билігі; Қуандықов Б.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы Билер Кеңесі: қалыптасуы мен дамуы; Мағзұмов М. Билер институты; Оразбаева А. Қазақ қоғамындағы билер институтының генезисі мен тарихи эволюциясы; Өзбекұлы С. Қазақ билерінің көзқарастарындағы әділетті басқару және әділеті мәселелері; Өмірзақов Ө. Ежелгі билер соты туралы; Өтениязов С. Қазақ еліндегі билер институтының тағдыры. – Древний мир права казахов./Материалы, документы и исследования. В 10-и томах. – А., 2001. – Т.2.

2 **Валиханов, Ч. Ч.** Собр.соч. в 5-ти томах. Т. – 4. – А., 1985.

3 Древний мир права казахов./Материалы, документы и исследования. В 10-томах. – А., 2001. – Т.2.

4 **Сатанова, Л. М.** История государства и права Республики Казахстан./Уч.пособие. – А., 2012.

5 Древний мир права казахов./Материалы, документы и исследования. В 10-томах. – А., 2001. – Т.1.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ НЕГІЗІ

ТАЛҒАТБЕК М.

магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Қазақ хандығы бүгінгі Қазақстан Республикасы мен көрші аймақтардың территориясында 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрген мемлекет. Тамырын терең жайған қазақ халықтары елдіктің негізін қалап, іргесін бекіткен кезі XV ғасырдың екінші жартысынан бастау алатыны белгілі. Осыған орай, Елбасымыздың 2015 жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие», [1] деп атап көрсетті. Бұл – тарихымыздағы ең маңызды даталардың бірі.

Бүгінгі азаттықтың алтын бастауы болған хандықтың құрылу кезеңіне ой тоқтатар болсақ, қазақ халқы ерте заманнан қоныстанған және билік жүргізген өңірлерден сақтардан, ғұндардан, түріктерден, тағы басқа рулық, ұлыстық елдерден қалған құнды мұралар мен

ескерткіштердің табылғаны белгілі. Атап айтсақ, Қазақстаннан, Солтүстік және Батыс Шыңжаң өңірінен, Моңғолияның Орхон, Тамыр, Тұла өзендері аңғарларынан табылып жатқан тарихи жәдігерлер бүгінгі күні алыс-жақын шетелдік мамандардың да қызығушылығын тудырып отырғаны белгілі. Осы ұлан-ғайыр кен даланы халқымыздың шежіресі бойынша қазақтың үш жүзінің құрамын толықтырған, тіпті қазірге дейін байырғы атын өз қалпында сақтаған тайпалар мен ұлыстар мекен еткен. Үйсін, қаңлы, түрік, түркеш, оғыз, қарлұқ, керей, найман, жалайыр, қоңырат, меркіт, уақ сияқты өз заманындағы рулық, ұлыстық атаулар қазірге дейін қазақ рулары арасында сақталып отыр. Олар қоныстанған және өмір сүрген өңірлерді XIII ғасырдың басында араб, парсы тарихшылары «Дешті Қыпшақ» деп атаған. Ал, XV ғасырдан кейінгі тарихшылар мен этнографтардың «Қазақ даласы» деп атағаны да тарихтан белгілі. XV ғасырда осынау ұлан байтақ даламызда Керей мен Әз-Жәнібек Туын Тігіп Негізін Қалаған Қазақ Хандығы Құрылды.

Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Ұлытауда Берген Сұхбатында Еуразия Кеңістігіндегі Мемлекеттік Дәстүрдің Үзілмей Жалғасып Келгендігін, Ғұндардан Бастау Алған Осы үдерістің көк түріктер, Алтын орда арқылы сабақтасып, Қазақ хандығына жеткендігін айтты. Тарихшы ғалымдардың пікірінше, Қазақ хандығы құрылғанға дейін Ертістен Еділге дейін созылған ұланғайыр далада үлкенді-кішілі саяси құрылымдар мен мемлекеттер өмір сүрген. Мұның барлығы – Қазақ хандығына дейінгі ізашар, «Қазақ елі» деген алып бәйтеректің өзегіне нәр берген түптамырлар, қайнар бастаулар. Сол себептен де Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқыны» атты кітабында «Қазақ хандығы Орталық Азия аумағындағы алғашқы ұлттық сипаттағы мемлекет болды», – дейді. [2] Расында, ұлы далада Алтын Орда ыдырағаннан кейін көптеген хандықтар, мемлекеттер пайда болды. Бірақ олар өздерінің атауын көбінде билеуші әулеттердің есімімен байланыстырса, Қазақ хандығы отанымыздың негізін қалап отырған ұлағатты ұлтымыздың атымен аталды. Бұл дерек – Қазақ халқының ежелгі заманнан елдік санасы ерте оянып, бірегей дара кескін-келбеті сомдалып, тарих толқынында ұранды ұлысқа, ордалы жұртқа айналғанын, толысып қалыптасқандығын көрсетеді. Қазіргі өркениетті елдер өз мемлекеттілігінің ежелгі тарихын жан-жақты көрсетіп, насихаттау ісін дәстүрге айналдырған. Бұл сол ұлттың мемлекеттілігінің тұрақтылығы мен легитимділігін айғақтайды. Сол себепті, бізге де қазақ мемлекеттілігінің терең тамырлы және бай

дәстүрлі екендігін көрсетуіміз керек. Біз - Орта Азиядағы ежелден келе жатқан мемлекеттердің біріміз. Ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетімізбен тарихымыздың көрсеткіші бүгінгі Қазақстан Республикасы деп аталатын мемлекетіміз – XV ғасырда өмірге келген Қазақ хандығының тарихи жалғасы. Кешегі Алаш зиялыларының өз өмірін арнаған асыл армандарының орындалғандығының көрінісі. Өткен тарихымыздың қалпына келтірілуі бүгінгі таңда әлемдік халықаралық қауымдастықтағы Қазақ елінің беделін одан сайын артуына ықпал етіп, мемлекеттілігінің бастауы тереңнен бірнеше ғасырларға созылған тарих екендігін, оны мекендеген қазақтар байырғы халықтар қатарына жататындығын айғақтайды.

Қазақстан аумағындағы сақ, үйсін, ғұн және басқа да этникалық қоғамдастықтар мен мемлекеттік құрылымдардың бәрі де қазақ мемлекеттілігі тарихының бастауы екені даусыз. Сақтардың біздің жерімізде мемлекет құрғаны, мемлекет құра отырып күшті жауға төтеп бергені де айдай ақиқат. Бізде бұл жағы әлі толық зерттелмей келе жатыр. Бір ғана сақтардың Парсы патшалары Кир мен Дарийдің, македониялық Ескендірдің жорықтарына пәрменді тойтарыс беруі оларда ертеден келе жатқан елдік дәстүрдің отаншылдық сезімнің болғандығын күшті дәйектейді. Елі, Отаны жоқ халық ондай болар ма еді?! Даламыздағы осынау елдік, ерлік дәстүрді кейін Алып Ер Тона жалғастырып, Түркі заманына жеткізді. Осы аралықта ежелгі Үйсін, Ғұн мемлекеттері салтанат құрды. Көшпенді өркениет пен отырықшы өркениеттің, Батыс пен Шығыс өркениеттерінің тоғысқан тұсында жаңаша тұрмыс салты қалыптасты. Тарих көшімен өзіміздің талайлаған көшпенді, жартылай көшпенді мемлекеттеріміз өтіп кетті. Ендеше, Қазақ хандығының құрылуы кеңбайтақ жерімізде сан ғасырлар бойы әртүрлі атпен аталып әрі мемлекет құрып келген этникалық құрамдардың «қазақ» деген ортақ атаумен тарих сахнасына шығуы еді. Сол үшін бұл кезең біздің тарихымыз үшін өте маңызды. Тарихи тұрғыдан бұл қазақ мемлекеттілігінің жаңаша сапалық деңгейге көтерілуі болды.

Мемлекеттілік мәселесін зерттегенде тәуелсіз сана мен еркін ой, сол халықтың өзі жазған тарихи деректері маңызды. Қазақ даласында құрылған көшпенділер мемлекеттілігінің 2,5 мың жылдық тарихы бар. Қазақстан халықтарының тәуелсіздігі өзінен-өзі келген жоқ, оның бастауы мен сабақтастығы ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Еуразия даласының ұлы көшпелі мемлекеттері өз кезегінде тіршілігін тоқтатқанымен, артына өшпестей мұра қалдырып отырған. Бұл дала мемлекеттерінің

заны еді. Сақтар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар, кейінгі қазақ хандығы осы жүйемен өмір сүрген. Осыған байланысты, қазақ даласында өмір сүрген мемлекеттердің тарихын зерделеу біз үшін маңызды. Ресейлік шығыстанушылар Н. Аристов пен В. Радлов көшпенділер мемлекетінің құрылуын көбінесе тайпа көсемдерінің рөлімен тікелей байланыстырады [3]. Ал, В. Бартольд, В. Владимирцов және Л. Н. Гумилев бастаған әйгілі ғалымдар көшпенділер мемлекетінің қалыптасуының шынайы көзін далалықтар өмірінің ішкі себептерінен іздестіре бастайды. Нәтижесінде, олар: «Көшпенділер мемлекеттілікті ешкімнен тартып алған жоқ. Көшпенділер үшін мемлекеттілік қоғам дамуының ішкі сұраныстарынан туды. Көшпенділердің отырықшы көршілерімен терезесі тең қатынаста болып, өзін сақтап қалу жолындағы күресі мен қоғамның ішкі қатынастарын реттеу қажеттілігі олардың мемлекетін тудырды», - деген қорытындыға келді [4]. А. Хазанов өзінің «Кочевники и внешний мир» атты еңбегінде көшпелілер мемлекетінің пайда болуы біріншіден көрші отырықшы халықтарды жаулап, бағындыру арқылы болатынын жазады. Ол көшпелілер мемлекетін бірнеше сатыға бөліп көрсетеді [5]. Тарихта дала заны бойынша алғашқы көшпелілер мемлекетін құрған ғұндар. Ғұндар негізін қалаған көшпелі мемлекеттердің құрылымы мен қоғамдық жүйесі, әскери-соғыс өнері кейінгі дала мемлекеттеріне өнеге болып қалғандығы тарихтан белгілі. Ғұндар мемлекеті жөнінде осы уақытқа дейін зерттелген еңбектер аз емес. Олар құрған мемлекеттің территориясына үлкенді кішілі әртүрлі рутайпалар кірді. Ғұн мемлекеті туралы алғаш жазылған еңбектің бірі Рене Груссенің «Империя Степей» кітабында ғұндар құрған мемлекет жөнінде қысқаша тарихи шолулар жасағандығы белгілі [6]. Кеңестік кезеңде ғұндар жөнінде терең ғылыми зерттеулер берген белгілі ғалым-түрктанушы Л. Н. Гумилев болды. Ғалымның «Хұндар», «Хұндар Қытайда» атты ғылыми еңбектері ғұн тақырыбы бойынша терең зерттелген, алғашқы көлемді еңбектердің бірі болып табылады. Мұнда хұндардың тарих сахнасына шығуы, көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары, қоғамдық құрылысы, қытай империяларымен байланысы жан-жақты қарастырылған. Сол кездің өзінде Л. Н. Гумилев алғашқылардың бірі болып көшпелілердің тарихына терең бойлап, теңдессіз еңбек еткен ғалымдардың бірегейі деп айтуға орын бар. Ғалымның айтуынша: «б.з.дейінгі І-ші мыңжылдықта хұндардың көшпелі шаруашылығы, олардың отырықшы көршілерінің шаруашылығына қарағанда, әлдеқайда

жоғары дәрежеде ұйымдастырылған... » деп жазады. Ғалымның пассионарлық теориясы бойынша ол ғұндарда Мөде шаньюйдің кезінде үлкен серпіліс болғандығын да баса айтады [7]. Н. Крадин «Империя Хунну» атты еңбегінде көшпелі империяны былай сипаттайды, әскери-сатылы принцип бойынша ұйымдастырылған көшпелі қоғам ретінде үлкен кеңістікте орналасқан және сыртқы әлемді иелену арқылы қажетті малшаруашылығы емес шикізатты алып отырған. Бұл еңбекте ғұн мемлекетінің құрылуы, экономикалық жағдайы, қоғамдық құрылысы, сыртқы қарым-қатынастары жазылған [8]. Ғалым-тарихшы Қ. Салғараұлы ағамыздың: «Ұлы Қағанат» деген көлемді еңбегінде ғұндардың тарих сахнасына шыққанға дейінгі мемлекеті болған ба? деген сұрақтарға жауап іздей отыра Мөде мен оның әкесі Түменге дейін бірде әлсіреп-бірде күшейген мемлекеті болған деген өзекті мәселелерін көтерген [9].

Қазақ елінің ел мен жер қорғау, сақтау дәстүрлері хандықтың негізін қалаған сұлтандардың арғы бабасының тарихымен біте қайнасып жатыр. Тарихшы А. И. Левшин: «Қазақ – Азияда дербес, азат халық ретінде танымал, ол ежелден басқа түркі халықтарымен тең болды» десе, қазақтың ағартушы ғалымы Ш. Ш. Уәлиханов: «Қазақтың бірінші ханы Алаша хан XIV ғасырдың ортасында өмір сүрді... XV ғасырдың аяғында қазақ жұрты саяси қауымдасты» деп жазды [10]. Қазақ хандығы өз заманындағы озық ел билеу тәртібіне негізделген, заң шығару, құқық жүйесін ұйымдастыру дәстүріне сүйенген мемлекеттік бірлік бола білді. Мемлекет атауы да қазақ атымен аталды. Қазақ мемлекеті ата-бабаларымыздың ескі жұртында, қазақ халқының ежелгі жеріндегі түрлі этникалық-саяси бірлестіктер негізінде құрылды.

Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту – сол дәстүр жалғастығының құндылықтары, ұрпағына даму мен азаттық сыйлаған бабаларға деген құрмет. Қазақ хандығының құрылуын – Дешті Қыпшақтың кең байтақ аумағында өткен әлеуметтік-экономикалық және этностық-саяси тарихының заңды нәтижесі деп қабылдаған жөн.

Қазіргі Қазақстанның саяси дербестігі – мемлекет ретінде дамуымен, тарихи-этникалық біртұтас жер аумағымен, заңдастырылған мемлекеттік шекарасымен, халықаралық қауымдастықтың мойындауымен, әлемнің беделді мемлекеттерімен тікелей дипломатиялық байланыстарының орнатылуы, сауда-экономикалық, қаржылық, инвестициялық, өндірістік қарым-қатынастарының жасалуымен баянды. Ел тарихы мен бүгінгі

тәуелсіз заманымызды салыстыра қарағанда да жоғарыда айтылған игі дәстүр Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастауымен жалпыұлттық идея – «Мәңгі Ел» мұратымен тұтасты.

Бүгінгі Қазақстанның идеологиялық басты мақсаты да – тәуелсіздікті нығайту, ішкі және сыртқы түрлі қауіптердің алдын алу, ұлт мүддесін қорғау. Заң жүзінде әрбір адамның азаматтығы болуы – тәуелсіз мемлекеттің маңызды белгісі. Адамның азаматтық белгісі жойылса, мемлекеттің айырмасы (ресми тілде, шекара қызметі) жоққа шығады. Қазақстан азаматының міндеті – еліміздің Конституциясын, басқа да қабылданған заңдарын сақтау, мемлекет пен халық дәстүрін құрметтеу.

Міне, бүгінгі осы елдік-мемлекеттік иммунитет хандық заманында, Елбасымыз айтқандай, «өз кезеңіне сай шаралар негізінде атқарылды». Халқымыздың санасындағы «Хан екі айтпайды», «Ханда қырық кісінің ақылы бар», «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деген нақыл сөздер сол уақыттың тәртібі мен жүйесіне қатысты айтылғанын аңғарамыз.

Кешенді тарихи деректер де ел билері, батырлары, ел ақсақалдары ата дәстүрімен ханды ақ киізге көтеріп, оған ел мен жер амандығын, ұлт бірлігін, қорғаныс пен сақтықты аманаттағандығын айтады. Мұны Қазақ хандығының іргесін қалаған Керей хан мен Жәнібек ханның, одан кейінгі Қасым хан мен Хақназар ханның мемлекет жеріне иелік ету, шекараны берік ұстау, қорғау ісінен, бергі замандағы даңқты Абылай ханның жер шолатын қырық батырының айбынды жорығынан, ел амандығына тірек «қарауыл салтынан» анық байқауға болады. Мұхаммед Хайдар Дулати (1500-1551) әйгілі «Тарихи Рашиди» еңбегінде Қазақ хандығының құрылуын хижра бойынша 870 жыл, яғни 1465-1466 жылдар деп көрсетті. Осы ретте Елбасы: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады... Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз – бабалардың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн» деп атап көрсеткені мәлім.

Бүгінде тарихтан тағылым алған Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттілігінің негізі мен билік жүйесінің құрылымы да уақыт талабына сай жүргізілуде. Биліктің әр бұтағы ел сайлаған Президенттің көреген басшылығымен, қос палаталы парламенттің сындарлы байыптауымен үйлесімді жұмыс жасалуда. Тарихи

Қозыбасы мен Хантаудағы сенім, Түркістандағы иман, Ұлытаудағы ұлт ұйысуы Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жолын ашты, Елбасымыздың ел бірлігі мен жер тұтастығына қатысты батыл қадамдарына дем берді деп сеніммен айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж. – 11 қараша.
- 2 **Назарбаев, Н. Ә.** Тарих толқынында. Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 2010 ж. – 232 б.
- 3 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. – Т. 2. А., 1997. – С. 295;
- 4 Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). моног. зерттеу. – Алматы : «Алдамжар», 2007. – 432 б.
- 5 Хазанов А. Кочевники и внешний мир. – Алматы, 2002. – 604 с.
- 6 **Рене Груссе.** Империя степей. Астана, 2006. – 216 с.
- 7 **Гумилев, Л. Н.** История народа хунну. – М. : АСТ: Астрель, 2010. – 700 с.
- 8 **Крадин, Н. Н.** Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб. и до. – М. : Логос, 2002. – 312 с.
- 9 **Салғараұлы, Қ.** Ұлы Қағанат. Астана : «Фолиант» – 2008. 552 б.
- 10 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В четырех томах. – Т. 1. – А., 1996. – С. 256-257

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІ РУХАНИЯТЫ: МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

ТҰРЫШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

*Биікте көк тәңірі,
Төменде қара кер (йер) жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен [1, б. 10].*

Ел туралы егес. Л. Гумилев: Ежелгі түріктердің жеке мәселесін анықтау керектігін айтады. Ол жеке мәселе – түріктер өз мемлекетін атаған сөздің яғни «ел-иль» терминінің аудармасы екендігін атап өту керек – дейді. Бұл терминді С. Е. Маловтың ел сөзін «Тайпалар одағы» деп аударғанын, бірақ оған тағы да: «мемлекет, халық» мәнін беретінін. Радлов, Мелиоранский, Бартольд, Томсен мен Хирт те осы түсінікті ұсынғанын. Терминнің басқа түсінігін Бренштам ұсынған екен. Ол елді – «өртүрлі тайпалар ақсүйектерінің ұйымдық жағынан берік топтасқан, сонау» рулық қауымның қалған дәстүрлері бар, ақсүйектік құрылыс». «Al» – мемлекеттік ұйымды білдіреді. Түріктік «äl» – бізге тарихтан өздерін «türk» деп есептейді. Бірақ, Л. Гумилев бұл екі көзқарастың тұрлаусыз екендігін жазады. Бірінші – Түріктің бірінші ханы Бумын «Елхан» лауазымын алған екен. Ол бұл атақты жужандарды бағындырғаннан кейін алған. Елхан лауазымының дәлме-дәл мәні «халықтарды билеуші» дейді Бичурин. Бұл түсінік Рашид-ад-Диннің парсы тілінде жаңа егістік: иль қардан – жаулап алу, бағындыру сөзінің пайда болуымен дәлелденеді. Бұл кірме сөз болғанымен, ол терминнің мағынасын дәл береді. Басқа түсінікке – тайпалар келісіміне «күр-гүр» деген басқа термин бар, ол түрік, моңғол тілдерінде бір мағына береді. Бұған лайық «түрхан» термині яғни тайпалар бірлестігінің ханы деген сөз бар. Бұл лауазым қидандардың ханында болған. Өйткені олардың мемлекеті тең құқылы сегіз тайпаның одағынан тұрған. Бұған керісінше ел – басқа тайпаларды күшпен бағындыруды білдіреді. Сондықтан да «il» терминінің дәлме-дәл аудармасы латынның «империум» немесе орыстың «держава» деген сөзі. Өзін-өзі басқаратын тайпа «ел-иль» бола алмады десе, екінші – көзқарас соның өзі табын тірейтін мәтінмен жоққа шығарылады, мәселен: «türk budunälin tögüsin» яғни түрік халқы мен эль (елі) заңдастырады... бұл арада эль өзіне будун сөзін де қосып алады, яғни билеуші тайпамен (Бернштам) шектеліп қалмайды. Тектегі: Kämka älig kas Ƴan urmān – мен елі-эли кім үшін аламын. Бірақ «мемлекеттік ұйымдар көрінсін» немесе «билеуші таптарды» тартып алуға болмайды сол себепті де Бернштам ұсынған аударма мәтінді мағынасыз етіп жібереді дейді.

С. П. Толстов: «эль» терминінің басқа мағынасын: ежелгі мағынасындағы территориялық мәніндегі емес, саяси мәніндегі мемлекет деген сөз дегенін, бірақ осылай түсінген күннің өзінде, эль – елде бағындырылған тайпалардың болатынын ескеру керектігін. Осыған тоқтасақ, біз бастауаттардың мәліметтері мен

ешбір қайшылыққа келмейміз. Сонымен ел – орда мен тайпалардың қатар өмір сүруінің бір түрі болып табылады деген тұжырымға келеді Гумилев [2, б. 99–100] . Л. Гумилев: С. Е. Малов, Көне түрік жазуларының..., 1951, сөздігі, А.Н. Бернштам, Б. з. VI–VIII ғғ. Түріктерде..., Н. Я. Бишури, Ерте заманда..., I т. 277-б, А. Н. Бернштам, VIII ғ. ту-ғүдің..., 565–566–66. С. В. Киселев, Оңтүстік Сібірдің..., 503–б, С. П. Толстов. Абрұйдың жауыздығы, 52-б еңбектеріне сілтеме жасаған.

М. Қашқари: EL. ЕЛ тағы бір сипаттағы атауы. Ат түріктердің қанаты болғандықтан, атты «el – ел» деп те атайды. Ат бағарларды (ат бапкерлерін) «el башы – ел басы» дейтіні сондықтан. Бұл «уәләт басы» деген сөз болса да, одан «ат бағар» деген ұғым аңғарылады – дейді [3, б. 77].

Л. З. Будагов: *اط باشجي* ад башжы, *قوشجي* құшжы кучерь, извозчикъ, ямщикъ, *نوتوجي اط* ад тұтмқ или *اط باشي توتمق* ад башы тұтмқ править лошадыми; *اط باغوجي* ад бақғұшы, караұшы конюхъ, кучеръ [4, б. 56]; Немесе, кучеръ (күш+ер) күш (ат) ер (адам) түрік сөзі ат басшы, күшжы (көшір) атты көне түріктер күш/күс деген сияқты. Кошъ, косъ, кушь монг. Хушь – пара, пара лошадей, косат – один человекъ при спѣшной ѣздѣ берет двух коней, косшы земленной заяць, тушканшик, кос ағашы дерево сросшееся въ одно отъ двухъ корней т.б. деп түсіндіреді (таранслитерация-А.К.) [5, б. 82–83]. Объявляет айдаушы* Начинать байгу откуда; Началось борьба. Вот вышел* Рослый парень на поляну. Айдаушы* – распорядители во время скачек. Караван* – басши – предводитель каравана – деп, Тверитин түсінік берген [6, б.104].

Мағрипа Ескеева: el 1. «племенной союз»; 2. «народ» (ДТС, 168); Е. 3, 8, 11, 16 т.б. (ДТД, 36). Орхон-Енсей әліпбиінде і, е дыбыстарының таңбалары ортақ, сондықтан ескерткіштер мәтініндегі el сөзі il түрінде де оқылып жүр. *Qaγanin anta ölürtimiz, ilin anta altimüz* «Қағанын сонда өлтірді, елін сонда алдық» КТү. 38 деп жазады (Айд. I, 179) [7, б. 87].

«Орхон» ескерткішінің мәтініне көңіл бөлсек «Мәңгі ел» сөз тіркесін ұшыратар едік. Мысалы: Ол йерерү барсар, Түрік будун, өлтөчисен. Өтүкен йер олурып, Арқыш-тікш ысар, Нең бунуғ йок, Өтүкен йыш олурсар, Бенгү ел тута олуртачы сен, Түрк будун, ток. Арық оқ сен, Ачсық, тосық өмез сен, Бір тодсар, ачсық өмез – сен.// Ол жерге барсаң, Түркі халқы, өлімшісің. Өтүкен

жерінде отырып. (Қазынаға) керуен жіберсең, Еш мұның жоқ. Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі елдігінді сақтайсың сен, Онда түркі халқы ток. Ашсың ғой сен, Аштықта тоқтықты түсінбейсің, Бір тойсаң аштықты түсінбейсің [1, б. 8]. Білге қаған: – Бүкіл жеткіншегім, ұланым, әулетім, халқым оңымды, солымды, ілгеріде күн шығыстағыны, кейін күн батыстағыны маған қараттым кексіз түрік Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді, бірақ ел тұтатын жер осы жер еді мінекей табағаш хылқымен табысып, басқа жерге бар ма тәтті сөз, асыл дүниесіне: алтынына, күмісіне, дақылына, жібегіне алданба, алдандың екен түркі халқы жойыласың, ақылды, білімді болындар сонда ғана мәңгі елді сақтайсың деп өсиет айтады.

Ел – жол ұғымының синонимі. Ел басшы – ақ жол көрсетуші, нұсқаушы, дұрыс бағыт беруші ұлы адам. Ат ер түркінің қанаты. Жол көрсетушісі. Сондықтан да түріктер ат – ел деген. Жоғарыда Будагов ат-күш (күс) дейді. Демек, ат-ел желмен жарысқан. «Үкілі почта» тек қана атпен ғана жүзеге асқан. Қандай түтеп тұрған боранда (қыста, жазда түк көрінбейтін құм соққан) ат өзі жол тауып келген. Түркі атпен үлкен кеңістіктерді игерген. Бәйтерек пен Шоктерек «мәңгі елдің» символы болған. Түркілер маусымдық (жайлау, күзеу) т.б. көшіп келе жатып тоқтаған жерге тал еккен, не ағаш (бәйтерек) орнатқан, оның басына құстар уя салған. Халықтың есінде қыран бүркіт сақталған.

М. Аджи ел (ель –М.А.) түркілер ежелден қасиетті ағаш ретінде бағалағанын. Елді кейде «Өлген ағашы» деп атаған. Ол жер бетіндегі адамның тіршілігін жер астындағы рухпен байланыстырған. Ел, жебе сөзі, Өлгенге жоғарыға қарай жол сілтеген. Осыдан ел сөзі келіп шыққан, түркілер «жол», «сапар» деп атағандығын айтады [8, с. 36–37], [9, с. 236–237]. Өлген ағашына қатысы қазақ тілінде «Ит өлген жер» фразеологизмі сақталған. Расын да Өлген деген мифологиялық жер атауы болған сияқты. Ит (түркілік мифология) Түріктер өмір сүрген жерлерді Өтүкен, Жиделібайсын, Жұмак, Өлген деп те түсінуге болатын сияқты.

О. Сүлейменов ел сөзіне қатысты мәліметтер келтірген: Тегінде, шайырлы, шырынды өсімдіктер ЕРЕН деп аталған. «Қылқанды ағаш» – «жапырақты ағаш» ұғымдарының әртүрлі тілдердің мысалдарымен дәлелденеді. Мысалы: латынша ЕБУЛИС – шырша (ель).

ЕБУЛУМ – аю бадам (бузина). Орыс тіліндегі «ель», «елка» және диалект «елха», «ельха» – қандығаш (ольха), «еленец» – арша (можжевельник). Қазақ тіліндегі «ЕРЕН» жусанның бір түрі –

ЕРМЕН атауын берген. Ұйғыр тілінде басқа дауыссыз дыбыстың алдындағы баяу дыбыс түсіп қалады:

ЕМЕН – жусанның бір түрі. Қазақтар ықшамдалған атауды жаңа мағына беріп қабылдады: ЕМЕН – ағаштың бір түрі.

Түріктер самырсынның (кедр) атауын сол түбірдің өзінен, бірақ зат есімнің басқа жұрнағының көмегімен түзген: ЕРС, ЕРЗ – самырсын.

Жоғарыдағы айтылған ЕРЕН сияқты бұл формалар славян тілінде кең тараған – дейді [13, б. 228].

А. Н. Самойлович наным-сенім аймағына сол сияқты Вау үлген алтайлықтарда вау сөзі қазақта, алтайлықта, шорларда ағаш және гүлдер дегенді білдіреді. Бәйтерек сөзінің түбір тұлғасы бәй. Бәйбіше, бәйшешек, бәйтөбет т.б. лексемада сақталған. Зерттеушілер түркі тілінде қырғ. бай терек <бай `бай`+терек `терек`, тат. байтирэк `шежіре ағашы`, баш. байтирэк `көпжылғы биік бұтақты тал` (БРС, с. 71). Қазақтар өзінің бай ата-тегін таратқанда кәрі тамыры тереңге кеткен «шежіре бәйтерек» деп күні-бүгінге дейін айтады да жазады.

Н. Кудачина бәйтерек шежірелік композиті туралы: бәйтерек сөзі `отырғызылған ағаш немесе дінгек` маусымдық (жайлау, күзеу) кезінде көшпелі меншіктің ортасына орнатылады деген мағына берсе керек. Бұл ағаштың ұшар басына құстар ұя салған, әсіресе қыран бүркіт қасиетті саналған дейді. Бай сөзінің этимологиясын дәстүрлі табумен Алтайлықтарда семантикалық эволюциясын болжаммен алғанда: `ата-баба` – `қорғаушы` – `ататегі` – `қасиетті` – `ілікті` – `ақсақал` – көне форма ұма `ана` дегенге әкеледі. Салст. қаз. ұма `мошонка холощеного барана`, кирг. ума `мошонка холощеного барана, жеребца` (ЮСл, с. 804). Түркі тілінде алғашқы ұма екінші ұмай фонетикалық деформацияға ұшырап, мынандай формаға ие болған сияқты: ұма > ұмай > май > бай ~ пай (Қайдаров, Әжібекова) [10, с. 105–154]. Осы жазылғандарды жинақтай келе мәңгі ел > бай ел деген қорытынды жасауға болады.

Түркі атауы. Академик В.В. Бартольд б. д. VI ғ. бұрын түріктер (турки) деген сөздің өзі өмір сүрді дегенге негіз жоқ екендігін, түріктер (турецким) осы тілде сөйлейтін адамдар шын мәнінде анағұрлым ертеде өмір сүргендігін. Бұл сөздің шығуын тек қана болжаумен ғана айтуға болатынын жазды. Өзінің соңғы еңбегінде Томсен осылай деп жекелеген тайпалар мен дәлірек айтқанда жекелеген хандық династияны атаған деген пікір білдіреді. Томсеннің ойынша, түрк, немесе түрүк сөзінің өзі алғашында

мүмкін `күш`, `камал` деген мағынаны берсе керек дейді. Бірақ бұл болжамға жазбаның бір жері ғана дәліңкіремейді, онда түрк сөзі жорта халықтық мағынада қолданылмаған; хан түркеш халқының қағанын «өзіміздің түріктер, өзіміздің халық» (түркім, будунум) деген. Томсен бұл жерін «gehörte zu meinen Türken, meinen Volk» деп аударған. Егер де түрк сөзі бұл арада жалпы мағынаны берсе, онда бұдан да бұрынырақ `жасалған`, `істелген` деген мағынаны берген деп жорамалдауға болады; хан мынаны айтқысы келген: бұған қарсы тасталқан болып ашуланған түркеш ханы оған өзінің билігімен тәуелді екендігін еске салған. Мүмкін былай да жорамалдауға болар еді: түрк сөзімен жазбада жиі ұшырасатын түрү сөзі `зан`, `салт` байланысты, сол сияқты «заңмен ұымдасқан халық массасы» деуге де болады. Хан айтады: өзіне аямай адал еңбегін, күшін берсе (*ihu küч*) өзінің халқы (будун) және өзінің мемлекеті (түрү) дейді. Жалпы жазбада түріктер деп сол уақытта қай халықтың айтқаны жөнінде анық жауап жоқтың қасы. Сол сияқты, бұл атау басқа түрлі халыққа қалай таралғаны және де қандай мағыналық сипат алғаны да белгісіз. Хан өзінің халқын түріктер деп атайды, дәл сол мезетте оғыз немесе тоғыз-оғыз дейді, дегенмен, кейбір арада оғыздар мен тоғыз-оғыздар халықтың жауы ретінде аталады. Ескерткіштің кілтін ашқанға дейін Радлов VI – VIII ғғ. Түріктер оғыз халқына жатқан деген қорытындыға келеді және де жазба оны дәлелдеді де. Оғыздар немесе түріктер өз кезегінде бірнеше ұлыстарға бөлінген: айталық, шығыста телестер мен тардуштар, батыста түргештер; оғыздардан басқа бірнеше түрік, біздің ұғымдағы халықтар нәтижесінде, олардың кейбірі көбірек белгілі бола бастады мысалы: қарлұқтар, ұйғырлар және қырғыздар; бірақ та осы халықтар сол уақыттың өзінде түріктер деп аталғаны жөнінде мәліметтер аздау. Қазіргі уақытта ие болған түрк деген сөзге сол өзінің лингвистикалық мағынасын берген мүмкін мұсылмандардың ісі болса керек. Арабтар көптеген халықтың түркілер сияқты осы тілде сөйлейтінін байқаған, олар VII және VIII ғғ. істес болған, сондықтан да бұларды өздерінің түріктері деп атай бастаған. Ислам дінін қабылдау жағдайында түрік халқы өздерін өздері осылай атады. Дегенмен, күні-бүгінге дейін кейбір мұсылман түрік халқы өздерін түріктер, тіліміз түрік тілі демейді. Ислам ықпалында түрк сөзі аз тараған, будда ескерткіші әдебиетінің бірін өте сирек мысал ретінде келтіруге болады тілі түрік-ұйғыр деп аталады (түрк ујғур тілі). Орыстар да, батыс еуропалықтар да печенгілер мен половцыларды түріктер деген жоқ. Түрік сөзі Еуропада өте кеңінен қолданыс тапқан, себебі олар

селжүктерді осының негізінде Осман империясын, сол халықтан шыққан оғыздарды, орхон түріктерін атаған сияқты атаған. Орыс жылнамаларында торк атауы кездеседі, мүмкін түрік мағынасы сияқты мағынаға ие болуы да, бірақ та бұл сөз басқа халықты атау мақсатында қолданылады екен, мысалы византия деректеріндегі узами, дәлірек айтқанда оғыздар [11, с. 39–40].

